большинство студентов воспринимают беспокойство при разговоре как серьезное препятствие для эффективного изучения языка, особенно во время устных занятий. К ключевым факторам, вызывающим тревогу, относятся боязнь совершить ошибку, негативная оценка со стороны сверстников, публичное исправление со стороны учителей, низкая уверенность в себе и ограниченное владение языком. И наоборот, в качестве важных факторов, снижающих тревогу, были названы поддерживающее отношение учителей, конструктивная обратная связь, сотрудничество со сверстниками и увеличение разговорной практики. Студенты сообщали о физических, эмоциональных и поведенческих проявлениях тревоги, таких как нервозность, смущение и уклонение от выполнения речевых заданий. Различия в уровнях тревожности также наблюдались в зависимости от языка: китайский был назван наиболее тревожным, а английский - наименее. Исследование подчеркивает важность создания благоприятной обстановки в классе с низким уровнем тревожности для повышения уверенности учащихся в разговоре и коммуникативной компетентности.

**Ключевые слова:** Тревога по поводу иностранного языка, тревога по поводу говорения, устное общение, качественное обучение, изучение иностранного языка, обстановка в классе, восприятие учащегося.

### **Information about the authors**

**Issa Emir\*** – master of pedagogical science, msc in sport medicine and Rehabilitation, Lecturer of the Department of foreign and russian languages Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: issaemir03@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5898-7891>.

**Nurgul Slyambekova** – master of pedagogical science, Lecturer of the Department of foreign and russian languages Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: nurgul\_slyambekova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6091-7353>.

**Alexandra Tagiltseva** – master of pedagogical science, Lecturer of the Department of foreign and russian languages Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: alexandratagiltseva@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2676-1187>.

### **Авторлар туралы мәлімет**

**Эмир Иса Ардақұлы\*** – педагогика ғылымдарының магистрі, спорттық медицина және реабилитация магистрі, Шәкәрім университеті шетел және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: issaemir03@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5898-7891>.

**Слямбекова Нұргүл Асқарқызы** – педагогика ғылымдарының магистрі, Шәкәрім университеті шетел және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: nurgul\_slyambekova@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6091-7353>

**Тагильцева Александра Владимировна** – педагогика ғылымдарының магистрі, Шәкәрім университеті шетел және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: alexandratagiltseva@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2676-1187>.

### **Информация об авторах**

**Исса Эмир Ардақұлы\*** – магистр педагогических наук, магистр спортивной медицины и реабилитации, преподаватель кафедры иностранных и русских языков Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: issaemir03@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5898-7891>.

**Слямбекова Нұргүл Асқарқызы** - магистр педагогических наук, преподаватель кафедры Иностранных и русского языков Шәкәрім университет, Семей, Республика Казахстан, e-mail: nurgul\_slyambekova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6091-7353>.

**Тагильцева Александра Владимировна** – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры Иностранных и русского языков Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: alexandratagiltseva@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2676-1187>.

*Received 15.01.2026*

*Revised 10.02.2026*

*Accepted 28.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-7](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-7)  
FTAMP: 16.21.49

**Т.К. Мүрсәлімов**  
Шәкәрім университеті,  
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А  
ORCID: 0009-0003-6525-5629  
e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚИЫСУ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

**Аңдатпа.** Мақала қазақ тіліндегі сөз бен сөздің синтаксистік байланысының қиысу деп аталатын түрінің грамматикалық табиғатын толық сипаттауға арналған. Қиысу – сөйлем құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысының жеке түрі ретінде ертеден бар ұғым, алайда оның грамматикалық табиғаты, атап айтқанда, синтаксистік компоненттерді байланысқа түсіретін тұлғалардың, атау септігі жалғауының қызметі ішінара болмаса, қазақ тіл білімінде де, түркологияда да толық ашылып көрсетілмеген. Мақала осы олқылықтың орнын толтыру мақсатын көздейді. Сондықтан сөз бен сөзді байланыстырудағы атау септігінің рөлі туралы автордың көзқарасы нақты тілдік фактілермен сипатталады. Сонымен қатар мақалада біржақты қиысу немесе жартылай қиысу ұғымы ғылыми айналымға енгізу үшін ұсынылып отыр. Бұл ұсыныс түркологиядағы қиысу мен матасу байланыстарының грамматикалық табиғаттарын дұрыс ажыратуға септігін тигізеді үміт бар. Зерттеуде салыстыру, сипаттау, түсіндіру әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем және сөз тіркесі синтаксисі» пәндерінде пайдалануға болады. Мақала филолог мамандар мен ізденушілерге, жалпы қазақ тілінің грамматикалық жүйесіне қызығушылығы бар көпшілікке арналған.

**Тірек сөздер.** Қиысу, басыңқы сыңар, бағыныңқы сыңар, атау септігі, жіктік жалғауы, бастауыш, баяндауыш.

### Кіріспе

Қазақ тіл білімінде сөйлемдегі сөздердің байланысу ерекшеліктерін алғаш сөз еткен ғалым – Қ. Жұбанов. Ғалымның «Қазақ тілінің програмынан» VII сыныпқа арналған білім мазмұнының «Жай сөйлем» тақырыбының аясында оқытылатын мәселелер қатарында мына мәтінді кездестіреміз: «4. Айқындауыш. Айқындауыштың жетектесетін жолдары: жетекші сөздің ауанына қарай өзіне белгілі бір септеу жалғап алатындығы, я жалғауыш қосатындығы (септес сөз); жетекші сөзге көну үшін айқындауыш сөздің (ілік жалғауыш сөздің) ілік жалғаулы түрге түсіп, оның ішіне жетекшіні де өз ауанына қаратып өзімен жақтас тәуелдендіруі (іліктес сөз); егістік жетекшіге көну үшін соның ауанына қарай, соған лайық (шак) түрге көсемше болуы; «ған-ша», «-ға-сын», «-ға-лы» түрлеріне түрлеріне түсетіндігі, шартты («-са-лы» түрге түсуі үшін жетекшіге ешбір жалғаусыз көніп, сөйтсе де орын талғмай, алыста тұрып-ақ жетек бола алатын айқындауыштар (жанас сөздер); жетекшіге жалғаусыз көнгенмен, арасына басқа сөз салып алыстай алмай қабыса жанасатын айқындауыштар (қабыс сөздер)» [1].

Бұл – қазіргі қазақ тіліндегі сөз бен сөздің синтаксистік байланысының меңгеру (септес сөз), матасу (іліктес сөз), жанасу (жанас сөздер), қабысу (қабыс сөздер) деген терминдермен аталып жүрген ұғымдарға берілген алғашқы сипаттама. Мұндағы айқындауыш деп отырғаны – бүгінгі ұғымдағы тұрлаусыз мүшелердің жалпы атауы, жетек сөзі – сөз тіркесіндегі бағыныңқы сыңар, жетекші сөзі – сөз тіркесінің басыңқы сыңары.

Бұл еңбектен сөз еткелі отырған қиысу терминін кездестірмейміз. Алайда білім мазмұнына енгізілген «1. Сөйлемнің мәнісі. Бастауыш пен баяндауыш: баяндауыштың бастауышпен жақтастығы. Айқындауыш сөздер; 2. Бастауыш. Бастауыш бола алатын сөз таптары, бұларды бастауыш болдыра алатын сөз тұлғалары» деген жолдардан төмендегідей ой түюге болады. Ғалым бастауыш пен баяндауыш қызметіндегі сөздердің синтаксистік байланысын арнайы сөз етпек болған. «Баяндауыштың бастауышпен жақтастығы» деген сөздерінен баяндауыш қызметіндегі сөздің құрамында келетін жіктік жалғаудың оны

бастауыш қызметіндегі сөзбен бір жақта үйлестіре байланыстыратынын айтқысы келгенін түсінеміз. Ал сөзді «бастауыш болдыра алатын сөз тұлғалары» деген сөздерінен қай тұлғаны сөз етпек болғанын бүгін дәп басып айту қиын. Тек атау септігінің рөлі туралы айтпақ болды ма екен деген болжам ғана жасаймыз.

Қазақ тіл білімінде қиысу терминін алғаш қолданған ғалым – С. Аманжолов. Ғалымның жеке авторлығымен 1939 жылы шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты мектеп оқулығында сөйлем мүшелерінің байланысы аясында қиысуға төмендегідей анықтама берілген: «Сөздердің бірімен бірінің жақ жалғау, немесе көптік жалғауы арқылы байланысты болуын қиысу дейміз» [2]. Ғалымның дәл осы жылы Н. Сауранбаевпен бірлестікте шыққан «Қазақ тілінің грамматикасында» синтаксистік байланыстың қиысу түріне берілген анықтамада бір ғана айырмашылық бар: ол – байланыс сөздердің арасындағы құбылыс емес, сөйлем мүшелерінің арасындағы құбылыс ретінде көрсетіледі. «Бастауыш пен баяндауыштың жақ жалғау, көптік жалғауы арқылы бір-бірімен үйлесуін қиысу дейміз» [3].

С. Аманжоловтың тұжырымдауынша, қиысу байланысының басты тұлғасы – баяндауыш құрамында келетін жіктік жалғауы. Сонымен қатар, бастауыш та, баяндауыш та есім сөзден болса, екеуінде де көптік жалғау болатынына назар аударады, мысалы, *Стахановшылар – еңбек ерлері. Еңбекшілердің алдыңғы отрядтері - коммунистер* [2].

М. Балақаев қиысу туралы былай дейді: «Согласование в казахском языке является из основных типов синтаксической связи, при котором подчиненные по смыслу слово следует за ведущими и принимает соответствующие формы, вытекающие из грамматических форм или грамматических значений подчиняющих слов (исключение составляют такие примеры, где сказуемые, выраженные личными местоимениями, оформляются не по значению подлежащего, а по значению самого сказуемого: *айтушы менмін, тыңдаушы сенсің*). Оно применяется для связи как именных, так и глагольных сочетаний» [4]. «Қиысуда сөйлемнің бағыныңқы мүшесі (баяндауыш) басыңқы мүшенің (бастауыштың) грамматикалық тұлғасына не грамматикалық мағынасына қарай тұлғаланады. Мысалы, *Мен көрдім ұзын қайын құлағанын* (Абай) деген сөйлемде *мен көрдім* – қиыса байланысқан сөздер. Онда *мен* деген бастауыштың I жақтық грамматикалық мағынасымен үйлесіп, *көрдім* деген баяндауыш та бірінші жақтық жіктік жалғауда айтылған. *Сіздер талапты жеткіншексіздер* дегенде, баяндауыш *сіздер* деген бастауыштың II жақтық грамматикалық мағынасына және *-дер* деген грамматикалық тұлғасына қарай, дәл сондай жалғауларда айтылып тұр» [5].

Түркологияда қиысу байланысы туралы ғалымдардың тұжырымдары біртекті емес.

А.Н. Кононов [6], Н.К. Дмитриев [7], И.А. Батманов [8] сияқты ғалымдар сөз бен сөздің байланысының қиысу түріне бағыныңқы сыңары ілік септігі тұлғасында, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында келген изафет III үлгісіндегі екі жақты байланыстағы сөз тіркестерін жатқызады. Қазақ тілінде бұл байланыс түрі матасу деп аталып жүргені белгілі. Аталған ғалымдар бастауыш пен баяндауыш мүше болып табылатын сөздердің байланысын қиысу деп танымаған.

Түркі тілдеріндегі қиысу байланысын өзара предикаттық қатынастағы бастауыш қызметіндегі сөз бен баяндауыш қызметіндегі сөздердің арасында болатын баланыс түрі деп тану басым. Бұл тұрғыдан Н.А. Баскаовтың [9], Э.Н. Гаджиев пен У.И. Асадуллаева [10] сияқты алымдарын жұмыстарын атауға болады. Соңғы жылдары қырғыз тілінің ғалымдары да [11] қиысу бастауыш қызметіндегі сөз бен баяндауыш қызметіндегі сөздің арасында болатын байланыс түрі екенін сөз етіп жүр.

Алайда бұл еңбектерде де қиысудың басты ерекшелігі ретінде баяндауыш қызметіндегі бағыныңқының басыңқымен жіктік жалғау арқылы байланысатыны көрсетілгенмен, басыңқыдағы атау септігі туралы еш сөз болмайды.

### **Материалдар мен әдістер**

Қиысу – синтаксистік байланыстың екі жақты түрі екенін алғаш сөз еткен ғалым – Ә. Аблақов деуге болады. Ол «Қазақ тілінің энциклопедиясындағы» қиысу туралы мақаласында бастауыш қызметіндегі сөздің атау септігінің нөлдік тұлғасында келетінін және баяндауыш қызметіндегі сөздің үшінші жақта жіктік жалғаудың нөлдік тұлғасында тұратынын сөз етеді [12].

Осыдан келіп қиысудың грамматикалық табиғатын дұрыс тану үшін байланысқан сөздер құрамындағы атау септігі мен жіктік жалғаудың өзі жалғанған сөзге үстеген грамматикалық мағыналарына үңіліп, сол грамматикалық мағынаның синтаксистік байланысқа қатысын сөз ету қажеттігі туындайды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қиысу байланысын басқа байланыс түрлерінен ерекшелендіретін басты грамматикалық белгі – басыңқы сөздің үнемі атау септігінде келуі.

Атау септігі – септік жалғауларының қатарына енгізіліп, септеу жүйесінде бірінші болып аталғанмен, өзіне тән арнайы қосымшасы болмағандықтан, оқулықтар мен мәселеге қатысты ғылыми әдебиеттерде орны толық көрсетілмей жүрген тұлға. Сол себепті көпшілік тарапынан кейде сөйлемдегі түбір тұлғадағы зат есім мен атау септігінде тұрған зат есімді бір бірінен ажырата алмау жиі орын алып жатады. Атау септігінің басқа септік жалғаулары сияқты қосымшасы болмаса да, өзіне тән грамматикалық мағынасы бар. Атау септік туралы С. Исаев былай дейді: «Атау септік – қазақ тіліндегі жеті септіктің бірі. Атау септіктің арнайы қосымшасы жоқ, сырттай зат есімнің түбір тұлғасына ұқсас. Көптік, тәуелдік жалғаулары да атау септікте тұра алады. Атау септіктің өзіне тән басқа септік түрлері сияқты білдіретін әрі грамматикалық мағынасы, соның арқасында атқаратын қызметі (сол тұлғада тұрған сөздің синтаксистік және септік тұлғасы ретінде сөзбайланыстырғыштық қызметі бар, сондықтан да атау септігі түбір тұлғамен бір емес және басқа септік тұлғаларына негіз бола алмайды. Атау септігі – ерекше, нөлдік тұлға. Атау септігі өзіне тән арнайы грамматикалық тұлғасы болмаса да, арнайы грамматикалық мағынасы (ойдың иесі, грамматикалық субъект қимылдың заттануы) мен синтаксистік қызметі (атау тұлғадағы сөз сөйлемде бастауыш қызметін атқарады және атау септіктің нөлдік тұлғасы предикат-баяндауыштың жіктік жалғауымен қиыса байланысады) арқылы зат есімнің түдір тұлғасынан да, басқа септіктерге негіз болатын тұлғадан да ажыратамыз» [12].

**Сонымен, атау септігі – өзі жалғанған сөзге бастауышта аталған зат баяндауыштағы қимылдың, не жай-күйдің иесі екенін білдіретін мағынасы бар септік.** Басқаша айтсақ, сөйлемдегі атау септігімен түрленген (атау септігін қабылдаған, жалғаған) сөз қандай да бір (етістік арқылы аталған) қимылдың, (етістіктер мен есім сөздер арқылы аталған) жай-күйдің иесі болып тұрады. Сондықтан атау септігіндегі сөз баяндауышта баяндалған қимылды, жай-күйді атайтын сөздердің грамматикалық бастауышы қызметін атқарады. Тіпті бұл – кез келген бастауыш мүшенің жасалуының негізгі және жалғыз жолы. Яғни, сөйлемдегі, үйірлі мүшедегі бастауыш тек атау септігі арқылы жасалады. Мысалы, *бала* сөзі түбір қалпында, сөйлемнен тысқары тұрғанда, заттың атын ғана білдіреді. Ал енді осы сөздің түрлі септіктердегі қызметтеріне назар аударайық: *баланы шақыр* дегенде табыс септігі арқылы тура толықтауыш қызметінде келген, бұған себеп – табыс септігі өзі жалғанған зат есімге зат қимылдың тура объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамап тұр; *баланың кітабы* деген тіркесте бағыныңқы зат есім ілік септігі арқылы анықтауыш болды, себеп – ілік септігі өзі жалғанған сөзге зат өзге заттың иесі екенін білдіретін мағына жамады. Бұл мысалдардан көрінетіні – *бала* сөзінің синтаксистік қызметтері оған жалғанған септік жалғауларының грамматикалық мағыналарымен байланысты екендігі. Атау септігі де өзі түрлендірген сөзге зат қимылдың, немесе жай-күйдің иесі екенін білдіретін мағына жамайды және сол мағынасы арқылы өзі жалғанған сөзді үнемі бастауыш қызметіне қойып, баяндауыш қызметіндегі сөзбен байланыстырады. Міне, атау септігінің септік жалғауларының қатарынан орын алуының себебі де және септеу жүйесіндегі орны да осы қасиетімен тікелей байланысты. Мысалы, *Талдан таяқ жас бала таянбайды, бала бүркіт тұлкіден аянбайды* деген мысалдағы бірінші *бала* сөзі атау септігінде тұр, өйткені бұл сөз арқылы аталған зат (*бала*) қимылдың (*таяну*) иесі болып, бастауыш қызметінде тұр; құрмалас сөйлемнің екінші сыңарындағы *бала* сөзі атау септігінде тұрған жоқ, өйткені бұл сөз қандай да бір қимылдың немесе жай күйдің иесін атап тұрған жоқ, керісінше бүркіт деген заттың жас ерекшелігіне байланысты сындық белгіні атап тұр,

ендеше бұл сөз түбір қалпында жұмсалған, ал оның сындық белгіні атауы сөздің адъективтену құбылысымен байланысты.

Ертеректердегі әдебиеттерден «қиысу – бастауыш пен баяндауыштың арасында орын алатын байланыс түрі» сияқты анықтамаларды кездестіреміз. Бірақ бұл анықтама – байланыс тәсілінен шығарылған анықтама емес, байланысқа түскен компоненттердің синтаксистік қатынасына негізделген анықтама. Сондықтан жоғарыдағы анықтама «байланыстың қандай түрін қиысу деп атаймыз?» деген сұраққа жауап бере алмайды, «қиысу байланысы қандай қатынастағы сөздердің арасында болады?» деген сұрақтың жауабы ғана болып табылады. Жоғарыдағы анықтама бірізділік принципіне сай емес, өйткені байланыстың басқа түрлеріне берілген анықтамаларға сөздердің арасындағы синтаксистік қатынастың мазмұны емес, байланыстың тәсілі негіз болған.

Қиысу байланысында жіктік жалғаудың рөлі ертеден белгілі. Кейінгі жылдардағы оқулықтарда «қиысу дегеніміз – сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы, немесе жіктелу реті бойынша байланысы» деген мазмұндағы (немесе осыған ұқсас) анықтама кең орын алып отыр. Бұл анықтама – байланыстың басқа түрлері сияқты байланыс тәсіліне негізделген, соның ішінде жіктік жалғауының қызметін негіз еткен анықтама. Бұл анықтамадағы автордың «жіктелу реті» деп отырғаны – баяндауыштың үшінші жақта жұмсалыуымен байланысты термин. Жіктік жалғаудың бірінші және екінші жақта арнайы жалғауларының болуы, үшінші жақта (етістіктің көсемше тұлғасы мен бұйрық рай тұлғасынан басқа сөз тұлғаларында) жіктік жалғау қосымшасының болмауы, бірақ үшінші жақтық мағынаның болуы «сөздер бірінші және екінші жақта жіктік жалғаулары арқылы, ал үшінші жақта (жіктік жалғаудың көрсеткіші болмағандықтан) жіктелу реті бойынша байланысады» деуіне себеп болған. Қиысу байланысында жіктік жалғаудың рөлі бары еш дау тудырмайды. Ол өзі жалғанған баяндауышқа жақтық (I, II, III жақ мағыналарының бірін) және сандық (жекеше-көпше) мағыналар үстеп, баяндауышты бастауыштың жақтық, сандық мағыналарымен сәйкестендіреді. Мысалы, *мен келдім* дегенде жедел өткен шақ жұрнағы арқылы етістіктен жасалған баяндауыш жіктік жалғаудың бірінші жақ жекеше түрін қабылдаған. Бұл қосымшасыз баяндауыш өз бастауышымен байланыса алмайды. Жіктік жалғау баяндауышқа бірінші жақтық, жекеше мағына жамаған. Ал бұл – бастауыштың (*мен* жіктеу есімдігінің) жақтық, сандық мағыналарына сәйкес. Сөйтіп екі сөздің арасында жақтық және сандық мәндерінде сәйкестік, үйлесім пайда болды. Ендеше, жіктік жалғау – баяндауышты бастауышпен жақтық және сандық мағыналары бойынша сәйкестендіре байланыстыратын қосымша. Енді мысалдың екінші сыңарына үңілейік. Мұнда жіктеу есімдігі атаған зат (бірінші жақтағы жеке тұлға) қимылдың иесі болып тұр. Ендеше бастауыш атау септігінде тұр және атау септігі арқылы өз баяндауышымен байланыс орнатқан. Яғни, атау септік зат баяндауышта аталған қимылдың иесі екенін білдіруі арқылы есімдіктің етістікке қатысты грамматикалық мағынасын реттеген, байланыстырған. Сондықтан қиысу байланысын екі жақты байланыс деп танымыз: байланыстың бастауыш қызметіндегі бірінші сыңары екіншісімен атау септігі арқылы байланысады, баяндауыш қызметіндегі екінші компонент біріншімен жіктік жалғауы арқылы байланысады.

Баяндауыш қызметінде келген есім сөздерде, сол сияқты етістіктің бұйрық райының екінші жағынан кейін, етістіктің көсемшеден басқа тұлғаларында (шартты рай, жедел өткен шақ, нақ осы шақ, есімше тұлғаларынан де жіктік жалғау үнемі үшінші жақта нөлдік тұлғада келетіні, жақтық-сандық мағыналарын сақтап тұратыны С. Исаевтың еңбегінде толық сипатталған [13].

Сонымен, қиысу байланысына берілетін анықтама нұсқасы төмендегідей болмақ: **бастауыш қызметіндегі бірінші сыңары екіншісімен атау септігі арқылы байланысатын, баяндауыш қызметіндегі екінші компонент біріншімен жіктік жалғауы арқылы байланысатын екі жақты байланыс түрін қиысу деп атаймыз.**

Тіліміздегі жақты сөйлем қатарына жататын сөйлемдердің предикаттық орталығы – бастауышы мен баяндауышы – әрқашан екіжақты қиыса байланысып тұрады. Мұндай екіжақты қиысу түрі толық қиысу деп танылады.

1) Қиысу байланысы кейде біржақты ғана жүзеге асуы мүмкін. Атап айтқанда, кейбір сабақтас құрмаластардың бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары (ол баяндауыштар әр түрлі тұлғалармен тұлғаланған есімшелі және қимыл есімді етістіктерден, көсемше тұлғалы етістіктен болғанда) жіктік жалғаусыз жұмсалатыны белгілі. Мысалы, *Біз келіп, үйдегілер тыныштала қалды*. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы (*келіп*) көсемше арқылы етістіктен жасалған, тиянақсыз тұлғада келген. Бұл баяндауыштың тиянақсыз болу себебін жіктік жалғаусыз келуімен байланыстырамыз. Баяндауыш жіктік жалғау болмағандықтан, үш жаққа да бейтарап: *мен келіп, сен келіп, ол келіп, т.б.* Ендеше баяндауыш бастауышпен қайта синтаксистік байланыс орнатпаған, сөздердің арасындағы байланыс бастауыш қызметіндегі сөздің құрамындағы атау септігінің зат қимылдың иесі екенін білдіретін грамматикалық мағынасы арқылы баяндауыш қызметіндегі сөзге қарай біржақты бағытталған, сондықтан синтаксистік байланыс бастауыш қызметіндегі сөздің құрамындағы атау септігі арқылы ғана жүзеге асқан. Ендеше бұл мысалдағы байланыс – бір жақты ғана қиысу немесе жартылай қиысу. Тіпті мұндай байланысты сөздердің арасында предикаттық қатынас орнамағанда, байланыс бір жақты және септік жалғауы арқылы жүзеге асқандықтан, меңгерудің қатарында тануға болар болар еді. Алайда сөздердің арасындағы предикаттық қатынас байланысты қиысу деп тануға негіз болады. Жартылай қиысу үйірлі мүше деп танылып жүрген синтаксистік құрылымдардың құрамындағы сөздер арасында да орын алады. Мысалы, *Жолаушылар қозылары жаңа жамыраған, құлындары иіңгірлеп кісінеген, иттері үріп шулаған, көп үнді даңғаз болған ауылға келді (М.Ә)*. деген сөйлемде сөйлемнің негізгі бастауышы мен баяндауышы болып тұрған *жолаушылар келді* сөздерінің арасында толық қиысу орын алса, сөйлемнің бірыңғай үйірлі анықтауышы болып тұрған *қозылары жамыраған, құлындары кісінеген, иттері шулаған* сөздерінің арасы біржақты қиыса байланысқан. Мұнда да үйірлі мүшелердің бастауышы қызметіндегі сөздер атау септігінің нөлдік тұлғасында келіп, сол атау септігінің мағынасы арқылы баяндауыш қызметіндегі етістіктермен біржақты байланыс орнатқан, ал үйірлі мүшенің баяндауышы қызметіндегі сөздердің құрамында жіктік жалғау жоқ. Бір қызығы үйірлі мүше болып табылатын синтаксистік құрылым өзі бастауыш қызметінде келсе, сол үйірлі мүшенің құрамындағы сөздердің құрамынан екі атау септігі кездеседі. Мысалы, *Аузы күйген үріп ішер*. Сөйлемнің үйірлі бастауышы – *аузы күйген* өзара предикаттық қатынастағы сөздердің байланысынан тұрады. Бұл байланыс бірінші сөздің атау септігінде келуі арқылы орнаған, ал екінші сыңардың құрамында жіктік жалғау жоқ, есесіне, тіпті ол да атау септігінде тұр. Бұл мысалда есімшелі тіркес синтаксистік транспозицияға ұшырап, зат есімге тән қызмет атқарған. Бұл құбылыс төмендегідей тәртіппен жүрген деуге болады: *Аузы күйген үріп ішер* деген сөйлем *Аузы күйген адам үріп ішер* деген сөйлемдегі атау септігінде тұрған зат есімі бар сөйлемнің ықшамдалуынан, атап айтқанда, бастауыш қызметіндегі *адам* сөзінің эллипсистенуі арқылы қалыптасқан. Түсіп қалған зат есім атау септігі арқылы бастауыш қызметін атқарып, сол атау септігі арқылы баяндауышпен байланыс орнатқан болатын. Ал түсіп қалған зат есімге қатысты *аузы күйген* тіркесі зат есім қамтылған сөйлемде анықтауыш қызметінде келген. Енді зат есім түсіп қалғанда, есімшелі тіркес сол зат есімнің есебінен заттанып, зат есімді етістікпен байланыстырушы атау септігін қабылдап, зат есім атқарып тұрған синтаксистік қызметке, бастауыш қызметіне көшкен.

Қиыса байланысқан сөздердің басыңқы және бағыныңқы сыңарларын анықтауда кейде баяндауыштық қызметтегі компонентті басыңқы деп жаңсақ көрсетулер кездесіп қалады. Қиысу – сабақтас байланыстың нәтижесі. Ендеше оның мағыналық, тұлғалық жақтарынан басыңқы және бағыныңқы сыңарлары болуы заңды. Мағыналық жақтан алғанда қиыса байланысқан сөздердің басыңқысы әрқашан бастауыш қызметіндегі бірінші компонент болады. Өйткені ол – баяндауышта баяндалған іс-әрекет немесе жай-күй арқылы сипатталып тұратын компонент. Баяндауыш қызметіндегі компонент байланыстың семантикалық бағыныңқысы болып табылады, Өйткені ол бастауыштың іс-әрекет, жай-күйін білдіре сипаттайды. Ал тұлғалық жақтан келсек, басыңқы болатыны тағы да – бастауыш қызметіндегі компонент. Өйткені ол – баяндауыштың үш жақтың бірінде тұруын талап

ететін сыңар. Баяндауыш қызметіндегі компонент бастауыштың талабын орындап, бастауыш қай жақта тұрса, сол жақтағы жіктік жалғауын жалғанады. Бастауыш қызметіндегі семантикалық басыңқы атау септігін баяндауыш қызметіндегі етістіктің талабы (міндетті түрде атау септігінде тұруын талап етуі) бойынша қабылдамайды, онымен предикаттық қатынас орнату үшін қабылдайды. Сөйтіп байланыс – екі жақты байланыс болғанмен, матасу байланысынан ерекшеленеді. Матасуда бағыныңқы ілік септігінің жалғауын тәуелдеулі сөздің талап етуі бойынша қабылдайды және басыңқы тәуелдік жалғауын ілік септігіндегі бағыныңқының талабы бойынша қабылдайды. Сондықтан матасудың компоненттері сөйлемнен бірін бірі семантикалары арқылы іздеп тұрады.

Қиысу байланысының қатарына *Ол – студент* үлгісіндегі интонация арқылы байланысқан деп танылып жүрген байланыстар да жатады, бірақ олар бір-бірімен дауыс кідірісі арқылы байланысқандықтан емес, бірі (бастауыш қызметіндегі сөз) атау септікте, екіншісі (Баяндауыш қызметіндегі сөз) жіктік жалғаудың нөлдік тұлғаларында келгендіктен қиысу деп танылуы тиіс.

### **Қорытынды**

Сонымен, қиысу байланысына тән мына ерекшеліктер болатынын атап өтуге болады:

1) Қиысу байланысының басты белгісінің бірі – байланысқан сөздер арасында предикаттық қатынастың болуы. Сондықтан қиысу байланысы сөйлемдегі бастауыш қызметіндегі сөзден баяндауыш қызметіндегі сөздер арасында орын алады. Мұндағы бастауыш қызметіндегі сөз атау септігінде тұрып баяндауыш қызметіндегі сөзбен байланысса, ал баяндауыш қызметіндегі сөз бастауышпен жіктік жалғауы арқылы байланысып, байланыс екі жақты болады. Қиысуға өзара предикаттық қатынаста келген үйірлі мүше құрамындағы сөздердің байланысы да, тиянақсыз баяндауышы шартты рай тұлғасынан басқа тұлғалармен жасалған сабақтастың бірінші компонентінің предикаттық орталығын құрайтын сөздердің арасындағы байланыс та жатады. Бірақ бұл қатардағы қиысу баяндауыш қызметіндегі сөз жіктік жалғауында тұрмағандықтан, біржақты немесе жартылай қиысу болып табылады.

2) Қиысу байланысының бастауыш қызметіндегі семантикалық басыңқы сыңары үнемі атау септіктің нөлдік тұлғасында келіп, баяндауыш қызметіндегі бағыныңқымен сол атау септігінің грамматикалық мағынасы арқылы байланысады. Бұл – қиысу байланысының басқа байланыс түрлерінен ажырататын негізгі және басты белгі.

3) Қиысу байланысы жақсыз сөйлемдердің логикалық предикаттық орталығын атайтын сөздер арасында болмайды. Өйткені жақсыз сөйлемдердегі логикалық субъектіні атайтын сөз атау септігінде тұрмайды.

### **Әдебиеттер**

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.
2. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. Бірінші бөлім. Морфология. Орталау, орта мектептердің 5-6 кластарына арналған. – Алма-Ата: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. – 105 б.
3. Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. II бөлім. Синтаксис. Орталау жана орта мектептерге арналған. – Алма-Ата: Қазақ мемлекет баспасы, 1939. – 87 б.
4. Балақаев Б.М. Современный казахский язык. Синтаксис словосочетания и простого предложения. – Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР, 1959. – 235 с.
5. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу педагогика баспасы, 1961. – 293 б.
6. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого языка. – М.: Изд. АН СССР, 1960. – 446 с.
7. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М-Л.: Изд. АН СССР, 1948. – 276 с.
8. Батманов И.А. Способы выражения синтаксических отношений киргизком языке. Фрунзе: Киргизгосиздат, 1940. С. 11-13.
9. Баскаков Н.А. Тюркские языки / ред. Г. Санжеев. 4-е изд. – М.: Изд-во ЛКИ, 2010.- 248 с.
10. Гаджиев Э.Н. Асадуллаева У.И. К проблеме согласования в кумыкском и турецком языках // «Известия ДГПУ», – № 4, 2014. – С. 80-82.

11. Ақунова А., Раимбекова М., Карамендеева Ч. Азыркы кыргыз тили. Синтаксис. – Бишкек, 2010. – 170 б.
12. Қазақ тілі. Энциклопедия / Бас ред.: Ә.Т.Қайдар. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998, – 509 б.
13. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. 304 б.

### Reference

1. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh Language]. – Almaty: «Gylym», 1999. – 581 p. (in Kazakh)
2. Amanzholov S. Qazaq tilinin grammatikasy. Birinshi bolim. Morfologiya. Ortalau, orta mektepterдин 5-6 klastaryna arналған [Grammar of the Kazakh Language. Part One. Morphology. For Grades 5-6 of Secondary Schools]. – Alma-Ata: Qazaq memleket baspasy, 1939. – 105 p. (in Kazakh)
3. Amanzholov S., Sauranbaev N. Qazaq tilinin grammatikasy. II bolim. Sintaksis. Ortalau zhane orta mektepterge arналған [Grammar of the Kazakh Language. Part II. Syntax. For Secondary Schools]. – Alma-Ata: Qazaq memleket baspasy, 1939. – 87 p. (in Kazakh)
4. Balakaev B.M. Sovremenniy kazakhskiy yazyk. Sintaksis slovosochetaniya i prostogo predlozheniya [Modern Kazakh Language. Syntax of Word Combinations and Simple Sentences]. – Alma-Ata: Izdatelstvo akademii nauk Kazakhskoi SSR, 1959. – 235 p. (in Russian)
5. Balaqaeв M., Qordabaev T. Qazirgi qazaq tili grammatikasy [Grammar of the Modern Kazakh Language]. – Almaty: Qazaqtyn memlekettik oky pedagogika baspasy, 1961. – 293 p. (in Kazakh)
6. Kononov A.N. Grammatika sovremennogo turetskogo yazyka [Grammar of the Modern Turkish Language]. – Moscow: Izd. AN SSSR, 1960. – 446 p. (in Russian)
7. Dmitriev N.K. Grammatika bashkirskogo yazyka [Grammar of the Bashkir Language]. – Moscow-Leningrad: Izd. AN SSSR, 1948. – 276 p. (in Russian)
8. Batmanov I.A. Sposoby vyrazheniya sintaksicheskikh otnoshenii v kirgizskom yazyke [Ways of Expressing Syntactic Relations in the Kyrgyz Language]. – Frunze: Kirgizgosizdat, 1940. – P. 11-13. (in Russian)
9. Baskakov N.A. Tyurkskie yazyki [Turkic Languages] / red. G. Sanzheev. 4-e izd. – Moscow: Izd-vo LKI, 2010. – 248 p. (in Russian)
10. Gadzhiev E.N., Asadullaeva U.I. K probleme soglasovaniya v kumykskom i turetskom yazykakh [On the Problem of Agreement in the Kumyk and Turkish Languages] // «Izvestiya DGPU». – No. 4, 2014. – P. 80-82. (in Russian)
11. Akunova A., Raimbekova M., Karamendeeva Ch. Azyrky kyrgyz tili. Sintaksis [Modern Kyrgyz Language. Syntax]. – Bishkek, 2010. – 170 p. (in Kyrgyz)
12. Qazaq tili. Entsiklopediya [Kazakh Language. Encyclopedia] / Bas red.: A.T. Qaidar. – Almaty: IDK-ТИПО, 1998. – 509 p. (in Kazakh)
13. Isaev S. Qazirgi qazaq tilindegi sozderdin grammatikalyq sipaty [Grammatical Characteristics of Words in the Modern Kazakh Language]. – Almaty: «Rauan», 1998. – 304 p. (in Kazakh)

**T.K. Mursalimov**

Shakarim University,

071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka Street

ORCID: 0009-0003-6525-5629

e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

### THE GRAMMATICAL NATURE OF SYNTACTIC AGREEMENT IN THE KAZAKH LANGUAGE

**Abstract.** The article provides a detailed description of the grammatical nature of the so-called agreement in the syntactic connection of words in the Kazakh language. Agreement has long been regarded as a separate type of syntactic connection within a sentence; however, its grammatical nature particularly the functions of the forms that bind syntactic components, such as nominative case forms has not been fully explored in Kazakh linguistics or Turkology

and has only been partially addressed. The article aims to fill this gap. The author's view on the role of the nominative case in word combinations is substantiated through specific linguistic evidence. In addition, the article proposes introducing the concept of unilateral or incomplete agreement into scholarly discourse. This proposal contributes to a more precise distinction between the grammatical types of agreement and subordination (matasu) in Turkology. The study employs comparative, descriptive, and interpretative methods. The findings can be applied in the courses "Morphology of the Modern Kazakh Language" and "Syntax of the Simple Sentence and Phrase in the Modern Kazakh Language," taught in higher education institutions. The article is intended for philologists, researchers, and all readers interested in the grammatical system of the Kazakh language.

**Keywords:** Matching, principal component, subordinate component, nominative case, personal ending, subject, predicate.

**Т.К. Мүрсәлімов**  
Шәкәрім университет,  
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А  
ORCID: 0009-0003-6525-5629  
e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru

## ГРАММАТИЧЕСКАЯ ПРИРОДА СВЯЗИ СОГЛАСОВАНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** Статья предназначена для подробного описания грамматической природы так называемого согласование в синтаксической связи слов в казахском языке. Согласование – понятие, существующее с ранних времен как отдельный вид синтаксической связи слов в предложении, однако его грамматическая природа, в частности, функции форм, связывающих синтаксические компоненты, а именно формы именительного падежа не раскрывается полностью ни в казахском языкознании, ни в тюркологии, затронуты только частично. Статья преследует цель восполнить этот пробел. Поэтому взгляд автора на роль именительного падежа в сочетании слов описывается конкретными языковыми фактами. Кроме того, в статье предлагается ввести в научный оборот понятие одностороннего или неполное согласования. Это предложение способствует правильному различению грамматических видов связей согласование и соподчинение (матасу) в тюркологии. В исследовании использовались методы сравнения, описания, интерпретации. Результаты исследования можно использовать в дисциплинах «Морфология современного казахского языка», «Синтаксис простого предложения и словосочетания современного казахского языка», преподаваемых в высших учебных заведениях. Статья посвящена специалистам-филологам и соискателям, а также на широкую общественность, интересующуюся грамматической системой казахского языка в целом.

**Ключевые слова.** Согласование, главный компонент, подчиненный компонент, именительный падеж, личные окончание, подлежащий, сказуемое.

### Автор туралы мәлімет

**Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич** – «Шәкәрім университеті» КеАҚ, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

### Сведения об авторе

**Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич** – старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

### Information about author

**Toleugazy Mursalimov** – lecturer department of kazakh philology, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: mursalimov.toleugazy@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

*Редакцияға енуі 28.01.2026*  
*Өңдеуден кейін түсуі 17.03.2026*  
*Жариялауға қабылданды 28.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-8](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-8)  
FTAMP: 16.21.51

**Ж.А. Манкеева, А.А. Хабиева\***

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29

\*ORCID: 0000-0002-8622-021X

\*e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

## ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ МАЗМҰННЫҢ СИНЕРГИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ

**Андатпа.** Мақалада ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық болмысы қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы антропоэзектік және когнитивтік парадигма аясында талданады. Зерттеудің мақсаты – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын мәдени ақпараттың синергиялық ұйымдасуын айқындау, лингвокультуремалардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы танымдық және коммуникативтік қызметін көрсету. Мақаланың өзектілігі қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңғыруы жағдайында тілдің мәдени-танымдық қызметін, оның рухани-элеуметтік дамудағы маңызын айқындаумен байланысты. Сонымен қатар тіл мен мәдениеттің тұтастығын антропоэзектік парадигма негізінде қарастыру қажеттілігі де зерттеудің өзектілігін арттырады. Зерттеу барысында сипаттамалы (дескриптивті), лингвомәдени, когнитивтік, синергетикалық, семантикалық, этимологиялық, контекстуалдық және салыстырмалы-ассоциативтік талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Бұл әдістер тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын, олардың тарихи-мәдени негізін және көркем мәтіндегі қызметін жүйелі түрде ашуға мүмкіндік берді. Зерттеудің теориялық маңызы тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын синергетикалық жүйе ретінде қарастыруға, лингвомәдени бірліктердің концептуалдық табиғатын және ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырудағы рөлін тереңдетуге негізделеді. Жұмыс когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және синергетикалық тіл білімі бағыттарының теориялық ұстанымдарын дамытуға үлес қосады. Зерттеудің практикалық маңызы көркем мәтіндерді, фольклорлық және тарихи-мәдени материалдарды лингвомәдени тұрғыдан талдауда, сондай-ақ тіл оқыту, ұлттық мәдениетті таныту және гуманитарлық білім беру салаларында қолдануға болатындығымен сипатталады.

**Тірек сөздер:** мәдени код, мәдени коннотация, этномәдени бірліктер, дүниетаным, тіл мен мәдениет бірлігі, синергия.

### Кіріспе

Қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңғыруы мен ұлттық тұтастықтың дамуын қамтамасыз ететін, рухани күштің арқауын ұстаудың негізгі құралы тіл құдіреті мен сөз байлығы арқылы сақталған қазақ сөзінің қуатында екені қоғамдық-элеуметтік өмірдің барлық сан салалы әрекеттерінде айқындалуда. Бұл жайт оның негізгі тетігін, яғни ұлттық құндылық ретіндегі тілдің ерекшелігін, сөз өнерінің өзіне тән болмысы мен табиғатын кешенді сипатта ашуды қажет етеді. Бұл бағыт тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тығыз байланыста, тұтастықта қарау үрдісімен сипатталады. Бұл арада тілдің бүгінгі күнге жеткен мәдени-танымдық таңба ретіндегі қызметі ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдениаралық қатынас қызметі де ескерілетіні маңызды. Бұл тұрғыдан тілдің лексикалық деңгейі жай тілдік деректердің жиынтығы емес, ұлттың мәдени болмысы мен рухын айғақтайтын таусылмас көз ретінде қарастырылады.

*Тіл мен мәдениеттің* тығыз байланысын айшықты бейнелеп, іштей тұтастырып ұйымдастыру тілдің жарқын синергетикасынсыз мүмкін еместігін Н.Алефиренко былай түсіндіреді: «Язык имеет ярко выраженную синергетику: культура без знаковых опосредователей не способна к самоорганизации, поэтому это разные семиотические системы: первая обслуживает вторую, хотя вторая наиболее рельефно проявляется только на фоне языкового ландшафта» [1].

Тіл мен мәдениеттің байланысы мәдени коннотация арқылы айшықты көрінеді. Белгілі бір дерекке қатысты тілде «мәдени жадтың» ассоциациялық бейнесінің өткенмен байланыста

болуы – сананың тіл арқылы мәдени-ұлттық тәжірибесін әрі қарай дамытуға уәж болатын синергиялық негіз. Сондықтан этнографизмдердің лингвомәдени мазмұнын зерттеген

А. Сейілханның: «Тіл тек мәдениетті танытушы құрал емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы – тұтастай бір мәдениеттің өмірге келуінің үлкен себепшісінің бірі» [2], – деген пікірі лингвомәдениеттің синергиялық негізіне жетелейді.

Белгілі мәдениаралық коммуникация мен тіл байланысын зерттеу барысында ғалым

С. Тер-Минасова адамды қоршаған әлем көрінісінің үш түрін көрсетеді: *әлемнің шынайы көрінісі, әлемнің мәдени көрінісі және әлемнің тілдік көрінісі.*

Ғалымның түсіндіруінде *әлемнің шынайы көрінісі* – адамзаттан тыс объективті болмыс, яғни бұл – адамзатты қоршап тұрған әлем.

Ал *әлемнің мәдени көрінісі* – адамның сезу мүшелерінің көмегімен алынған және оның санасынан топталып та, жекеленіп те өткен көзқарасының негізінде қалыптасқан ұғымдардың шынайы белгісі.

*Әлемнің тілдік көрінісі* – әлемнің мәдени көрінісі арқылы қалыптасатын болмысты, шындықты көрсетеді [3].

Бұл пікірден тіл иесінің санасында вербалданып, ұлттың өзіндік дүниетанымына сай мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін, сақтайтын және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші тілдің мәдени-коммуникативтік құрал ретіндегі және ол бейнелейтін мәдениеттің туынды, күрделі, көпнұсқалы, динамикалық мәні айқын көрінеді.

Себебі кез келген дәстүрлі мәдениеттің өмір сүруі мен қызметі оның рухын бейнелейтін жаңа формалардың жетіліп тұруын қажет етеді. Ал бұған қатысты ұлттың (этностың) рухани күші оның өз ішінде ұйымдасып, туындайтын формаларында құрылымдалған синергиясында. Осыған сүйеніп қалыптасатын, ары қарай дамитын үдерісіне күш беріп, жүйеге түсуі тіл иесінің (мәдениет иесінің) дүниетанымы және оны қабылдайтын әлеуметтік, когнитивтік тетіктері арқылы жүзеге асады. Соның нәтижесінде таңбаланатын дүние бейнесінің мәдени санасына жеке этностық ұжымның әлеуметтенуі мен бейімделуіне сәйкес өзектелген үзіктері еніп, тұтас жүйе құрады. Ол – этностың дамуы барысында дүние бейнесі өзгергенмен, ұжымдық архетиптік «түп сана» (К. Юнг) сақталып, ұжымның табиғи, әлеуметтік ортаға бейімделуін құрылымдайтын этномәдени тетік.

Тіл арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін танудың қағидасы қазақ тіл білімінде академик Ә.Қайдардың еңбектерінде тұжырымдалған: «Әрбір халықтың тілі – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының куәгері, барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қасиеті бар» [4].

Лингвомәдениеттануды когнитивтік тұрғыдан қарастырған Н. Алефиренко жүйе мен синергетиканың арақатынасына ерекше назар аударады. Ғалымның ойынша, синергетика жүйенің терең құрылымдарын зерделеуге септігін тигізсе, ал жүйенің микродеңгейіндегі кооперативті, когерентті күйдің ықпалы мен қатты денелер физикасында (Г. Хакен), термодинамикалық жағдайларда (И. Пригожин) тепе-тең емес, диссипаттық құрылымдардың синергетикасы туындайды. Қалыптан тыс күйде туындаған мұндай жүйелерді жаратылыстанушы ғалымдардың өздері іштей реттелуге, ұйымдастырылуға бейім деп санаған.

Н. Алефиренко лингвомәдениеттегі әртүрлі құндылықтық-мазмұнды құбылыстардың қарым-қатынасындағы синергетикалық үдерістерін айқындауда жоғарыда көрсетілген синергетик-ғалымдардың қағидаларына сүйенеді: тілдің, дискурстың, мәдениеттің қалыптан тыс дамуын бейнелейтін ішкі жүйесі; лингвомәдениеттің іштей ұйымдасқан жүйесін бейнелейтін бифуркация үдерісі; бифуркация аяқталғаннан кейін лингвомәдениеттің бұрыннан бар, бірақ тұрақты тәртіпке түспеген түрлерінің диссипаттық сипатта қайта құрылымдалуы т.б.

Осылайша бифуркация құбылысының энтропиялық үрдісті (мәннің хаостық күйі) еңсеру нәтижесі жаңа, тұтас, мәдени-таңбалы белгінің ұйымдастырылуына әкеледі [1].

Этностық ұжымның өмір сүру мәдениетін қамтамасыз ететін әрекетінің тілде бейнеленуі лингвомәдениеттану саласының негізгі қағидасы тіл мен мәдениет байланысында зерттеледі. Тіл мен мәдениет сабақтастығын таңбалаған сөздердің (лингвокультуремалардың) синергиясының мәні – тіл арқылы көрініс табатын тіл иесінің бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі, мәдениеті.

Осымен байланысты зерттеудің мақсаты – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын мәдени ақпараттың синергиялық ұйымдасуын айқындау, лингвокультуремалардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы танымдық және коммуникативтік қызметін көрсету. Мақалада ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық болмысы қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы антропоэзектік және когнитивтік парадигма аясында талданады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде қазақ тіліндегі лингвомәдени мазмұнды айқындайтын әртүрлі сипаттағы тілдік және мәтіндік материалдар кешені пайдаланылды. Атап айтқанда, зерттеу материалына қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері, жыраулар поэзиясы, тарихи жырлар, сондай-ақ көркем әдебиет мәтіндері негіз болды. Бұл дереккөздер тілдегі ұлттық-мәдени ақпараттың сақталуы мен берілу тетіктерін, олардың синергиялық табиғатын айқындауға септігін тигізеді.

Зерттеудің негізгі материалдарының бірі – ақын-жыраулар шығармалары. Олардың қатарында Махамбет Өтемісұлы поэзиясы, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар тіліндегі мәтіндер алынды. Аталған мәтіндердегі лингвомәдени бірліктер (қару-жарақ атаулары, табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер атаулары, символдық тіркестер) ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың көрінісі ретінде талданды.

Сонымен қатар зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінің мәтіні пайдаланылды. Бұл шығармадағы этнографиялық атаулар, тұрмыс-салтқа қатысты лексика, прецеденттік топонимдер мен мәдени реалийлер лингвомәдени тұрғыдан сарапталды.

Лексикалық бірліктердің семантикалық және этимологиялық ерекшеліктерін айқындау мақсатында түсіндірме және этимологиялық сөздіктердің материалдары да қолданылды. Атап айтқанда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі мен тарихи-этимологиялық зерттеулердегі деректер негізге алынды. Сондай-ақ зерттеу барысында Рәбиға Сыздық еңбектеріндегі тарихи-семантикалық талдаулар, Әбдуәли Қайдар, Николай Алефиренко еңбектеріндегі лингвомәдени және синергетикалық тұжырымдар теориялық-әдіснамалық дереккөз ретінде пайдаланылды.

Жинақталған тілдік материалдар ұлттық мәдениетке тән лингвокультуремалардың мағыналық, құрылымдық және қызметтік ерекшеліктерін ашуға бағытталып, олардың көркем мәтіндегі қолданысымен сабақтастықта қарастырылды.

Зерттеу барысында қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін тіл мен мәдениеттің өзара байланысын кешенді қарастыруға мүмкіндік беретін бірқатар ғылыми әдістер қолданылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін антропоэзектік бағыт, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану қағидалары құрайды.

Ең алдымен, сипаттамалы (дескриптивті) әдіс негізінде тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, тілдің ұлттық-танымдық қызметі мен лингвомәдени бірліктердің табиғаты жүйелі түрде сипатталды. Бұл әдіс зерттеу нысанына қатысты теориялық тұжырымдарды саралап, тілдің рухани-мәдени мазмұнын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеуде жетекші әдістердің бірі ретінде лингвомәдени талдау әдісі қолданылды. Аталған әдіс арқылы тілдік бірліктердің (сөздер, тұрақты тіркестер, символдық атаулар) бойындағы мәдени ақпарат, ұлттық дүниетаныммен байланысты коннотациялық мағыналар айқындалды. Лингвокультуремалардың семантикалық құрылымы олардың этномәдени мазмұнымен сабақтастықта қарастырылды.

Когнитивтік талдау әдісі тілдік деректердің адам санасындағы концептуалдану ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Бұл ретте ғаламның тілдік бейнесін

қалыптастырудағы тілдің қызметі, мәдени ақпараттың санада жинақталуы мен тілдік таңбалар арқылы кодталу үдерістері зерделенді.

Сонымен қатар зерттеуде синергетикалық әдіс кеңінен пайдаланылды. Бұл әдіс негізінде тіл мен мәдениет өзара әрекеттесетін, өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі жүйе ретінде қарастырылып, лингвомәдени құбылыстардың динамикалық сипаты, олардың даму, өзгеру және қайта құрылу үдерістері (бифуркация, диссипация) талданды.

Контекстуалдық талдау әдісі көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің қолданыс ерекшеліктерін нақты мәтін аясында ашуға мүмкіндік берді. Ақын-жыраулар поэзиясы мен көркем шығармалардағы сөз қолданыстардың мағыналық, экспрессивтік және прагматикалық жүктемесі олардың тарихи-мәдени контекстімен бірлікте қарастырылды.

Семантикалық және этимологиялық талдау әдістері сөздердің мағыналық құрылымын, тарихи даму жолын және бастапқы уәжін анықтауда қолданылды. Бұл әдістер арқылы тілдік бірліктердің қазіргі қолданыстағы және тарихи мәні салыстырылып, олардың мәдени негізі айқындалды.

Сондай-ақ салыстырмалы және ассоциативтік талдау әдістері арқылы тілдік бірліктердің бейнелілік сипаты, олардың адам санасындағы ассоциациялық байланыстары анықталып, ұлттық дүниетанымдағы ұқсастықтар мен символдық жүйелер сараланды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Тіл мен мәдениеттің байланысы негізінде ғалам туралы қалыптасқан танымы, түсінігі, тәжірибесі мен білімі түрінде концептуалдануы санада ғалам туралы ақпараттардың жинақталуына, санада сол ақпараттардың бейнеленуіне, ол ақпараттардың тілдік таңбалар арқылы кодталуына (олардың сөзбен таңбаланып, есте сақталуына), сөз арқылы таңбаланған ақпараттардың мағыналарын түсіну, түсіндіру арқылы келер ұрпаққа жеткізілуіне мүмкіншілік береді.

Ұлттық болмыстың бейнесі ретіндегі тілдік ақпараттың онтологиялық сипаты, уәждік негізі, уақыт пен кеңістік контексіндегі этнотанымдық табиғатын ашу тілді мәдениеттің дерегі ретінде анықтайды. Осыған сай тілдегі мәдениеттің айқын үлгілері, әсем өрнектері ажарланған ұлттық-мәдени лексиканың (киім-кешек атаулары, зергерлік бұйымдар атаулары, мифологемдер т.б.) бір-бірімен байланысты, тұтас, бүтін этномәдени мазмұны дәстүрлі қазақ мәдениетінде ерекше коммуникативтік қуатқа ие болса, қазіргі қоғамда тіл арқылы рухани-танымдық жаңғыруға қызмет етеді.

Мысалы, академик Р. Сыздықова «Сөздер сөйлейді» кітабында (1980, 1984, 2004) «Едіге» жырындағы, лиро-эпостық және батырлар жырындағы, ақын-жыраулар тіліндегі сөзқолданыстардың тарихи-этимологиялық, функционалды-семантикалық, этнотанымдық тұрғыдан танылған мәнінде «сөйлетеді». Мысалы, батырлар жырында жиі кездесетін:

Мінгенде аты *ала*-ды,

Қылшық жүнді *қара*-ды, – деген жолдардағы *ала* сөзінің мағынасын ғалым қазіргі «шұбар» деген ұғыммен емес, «жылқы» (азбан) сөзімен байланыстырады. Бұл пікіріне *ала* ~ *алаша* ~ *алаша ат* тіркестері мен орыс тіліндегі *лошадь* сөзіне қатысты этимологиялық жорамалды тірек етеді.

An expository text often answers the question «What happened?» (fact, procedure, character), and Shakarim's position carries with it the question of why (meaning, reason, measure).

This distinction is crucial for literary analysis, because the nature of a literary text is to produce not only a fact, but also its meaning (symbolic, ethical, philosophical).

3. Historical and ethnographic content in Shakarim's works: artistic interpretation and cultural memory

In Shakarim's historical and cognitive works and poems (genealogical thinking, historical events, characteristics of customs and traditions), ethnographic content is presented not at a purely descriptive, but at a value-philosophical level. Here, national experience is organized as a «cultural memory»: the past event is not just «information», but is transferred to artistic language as a «meaning» that orients the present and the future. This very mechanism is described in the theory of cultural memory by such concepts as «selective memory» and «collective self-interpretation» [7].

In recent years, research on the reconstruction of historical narratives and cultural memory in Kazakhstan has shown that the national past is reinterpreted at different stages, influenced by the scientific community and intellectuals [1]. This allows us to consider Shakarim's text not only as a «literary heritage», but also as an important layer of national historical self-narration.

4. «External text» and «internal text»: discourse differences

During the analysis, the following consistent discourse differences were identified between the expeditionary record and the Shakarim texts:

The purpose of the presentation:

on an expedition – registration and classification;

In Shakarim - interpretation and moral-philosophical summary.

Time organization:

in the expedition – «present control» prevails;

In Shakarim, the connection of «historical continuity» (past-present-tomorrow) prevails.

Seeing space: in the expedition, space is an «object to be mapped»; in Shakarim, space is an «experience of inhabitation» and a «spiritual environment.»

Such differences are also highlighted by modern studies that consider literary space as a «cultural supertext»: national space is recognized as a complex semiotic system constructed through recurring motifs and symbols that do not fit into an ethnographic character [8].

#### 5. Expeditionary discourse and national self-image: post/colonial perspective

It is well known that expeditionary texts have historically been intertwined with the interests of colonial administration and scholarship. This aspect is often revisited in contemporary literary studies through a post/colonial lens: the «external text» constructs national space through normalization, interpretation, and sometimes exoticization [9]. Such an approach is also important in relation to Shakarim's legacy, as it suggests ways of preserving and re-narrating national knowledge in the context of colonial modernity.

In this logic, the results of research on memory-making and cultural branding processes in Central Asia are also useful: they consider the past as a cultural resource that is «represented» and «circulated» [9]. This allows us to explain that expeditionary texts were also a channel for producing cultural resources («collecting» culture).

#### 6. Conclusions summarizing scientific results

The discussion led to the following main scientific conclusions:

Expeditionary records, as a result of the scientific systematization of Kazakh society, form a national model in external discourse; these texts are important in compiling facts and procedures, but their non-neutrality should also be taken into account [10].

Shakarim Kudaiberdiuly appears in the expeditionary context not as a simple informant, but as a cultural mediator interpreting the national cultural code; this phenomenon is consistent with modern views on «memory actors/agency» [11].

Shakarim's works reinterpret ethnographic material on an artistic and philosophical level, transforming national experience into a textual form of cultural memory.

The intersection of the expeditionary text and the literary text opens up two channels of national representation: scientific registration and artistic and spiritual interpretation. This allows us to recognize the complex, multi-layered nature of the Kazakh cultural space of the early 20th century [12].

#### **Conclusion**

The main goal of the research was to analyze the personality of Shakarim Kudaiberdiuly from the perspective of literary studies in the context of scientific expeditions to Kazakh lands in the 20s and 30s of the 20th century, to identify the discourse connection between expedition texts and the poet's works. In achieving this goal, methods based on historical-comparative, discourse analysis, intertextual interpretation, and the theory of cultural memory were used. The results of the study allowed us to draw several important scientific conclusions.

First, although expeditionary records are scientific texts that record the traditional structure of Kazakh society, they appear as an «external discourse» that systematizes national identity within a certain scientific paradigm. Such texts describe Kazakh society as an ethnographic object, systematizing its social structure, economic system, customs, and everyday elements. Secondly, Shakarim Kudaiberdiuly appears in the expeditionary context not as a mere informant, but as an intellectual figure who interprets the national cultural code, systematizes historical memory, and interprets the traditional worldview. The data he provided were not only factual in nature, but also of a cultural-cognitive nature. Thirdly, in Shakarim's works, ethnographic content is reinterpreted on an artistic-philosophical level, and national identity is conveyed through historical tragedy, moral choices, and spiritual concepts. This indicates that the literary text performs a deeper interpretative function, different from scientific registration. Fourth, a comparative analysis between expeditionary text and literary text has proven that national representation is realized through two different channels:

- scientific registration and systematization;
- artistic interpretation and conceptualization.

The scientific novelty of the study is that for the first time, the place of Shakarim's personality in the expeditionary discourse was comprehensively considered from the point of view of literary studies, and his function as a cultural mediator was identified. At the same time, the intersection of expeditionary data and literary text was analyzed as a process of forming national historical consciousness.

The practical significance of the research is that it allows for the study of Kazakh literature in a cultural and anthropological context, the development of the discipline of Shakarimology in a new methodological direction, and the reinterpretation of national historical narratives.

In the future, it is important to introduce into scientific circulation the complete materials on Kazakh ethnography from the F.A. Fielstrup archive, systematically compare them with the works of Shakarim, and conduct work on the study of Kazakh literature of the early 20th century using an interdisciplinary approach.

Thus, the results of the study prove the scientific validity of considering Kazakh literature in the context of ethnographic and cultural memory and allow us to recognize Shakarim's legacy from a new perspective.

*This article was prepared within the framework of the grant-funded project BR28712491 «A Comprehensive Study of Shakarim Kudaiberdiuly's Spiritual Heritage from Literary-Cultural, Historical-Ethnographic, Geographical, and Linguistic Perspectives: Digital Integration and Ethnotourism».*

### References

1. Kurmanov B., Sabitov Zh., Kudaibergenov R. Making the Golden Horde «Great Again»: Historians as Memory Actors and Reinterpretation of the Historical Narratives in Independent Kazakhstan // Nationalities Papers. – 2025. – DOI: 10.1017/nps.2025.10106.
2. Malinova O.Ju. Oficial'nyj istoricheskij narrativ kak jelement politiki identichnosti v Rossii: ot 1990-h k 2010-m godam [The Official Historical Narrative as an Element of Identity Policy in Russia: From the 1990s to the 2010s] // Polis. Politicheskie issledovanija. – 2016. – No. 6. – P. 139–158. – DOI: 10.17976/jpps/2016.06.10. (in Russian)
3. Assmann J. Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011.
4. Atanova S.A. Prikladnoi orientalizm frankoiazыchnykh travelogov o Tsentral'noi Azii [The “Applied Orientalism” of French Travelogues on Central Asia] // Etnograficheskoe obozrenie. – 2022. – No. 3. – P. 124–141. – DOI: 10.31857/S0869541522030071. (in Russian)
5. Sartor V. How Perceptions of the English Language Have Changed in Kazakhstan: A Narrative Analysis // Central Asian Affairs. - 2021. - Vol.8. – P.27–57. DOI:10.30965/22142290-bja10016.
6. Chetyrova L.B., Sakharov A.S. Travelogues in the Perspective of Gender Orientalism (A Case Study of Texts by K.D. Mintslova, E.K. Vereshchagina, S.R. Mintslov and Yu.N. Roerich) // The New Research of Tuva. – 2023. – No. 2. – P. 151–165. – DOI: 10.25178/nit.2023.2.10.
7. Zhumagalikyzy G., Mukanov M. The Main Stages of the Formation of Historical Memory in Kazakhstan // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology Series. – 2025. – Vol. 152, No. 3. – P. 159-170. – DOI: 10.32523/2616-6887-2025-152-3-159-170.
8. Abisheva S., Khavaidarova M., Atebayeva G., Serikova S., Baibolov A. The Kazakh Text as a Cultural Supertext // Journal of Cultural Analysis and Social Change. – 2026. – Vol. 11, No. 1. – P. 1748-1753. – DOI: 10.64753/jcasc.v11i1.4175.
9. Yusupova G., Pfofer A. Tourism, Memory Production and Contested Ethnic Hierarchies in Post-Soviet Almaty // Europe-Asia Studies. – 2023. – Vol. 75, No. 3. – P. 491–508. – DOI: 10.1080/09668136.2021.1964437.
10. Abdinassir N., Kovalskaya S.I. Kazakhstan Studies: global research discourse and local narratives // Turkic Studies Journal. – 2025. – Vol. 7, No. 1. – P. 26-48. – DOI: 10.32523/2664-5157-2025-1-26-48.
11. Yerlanova A., Baratova M., Kadyrova B., Orazkhanova M., Amrenov A. Aitys as a Cultural Phenomenon: Historical Development and Contemporary Significance for Kazakhstan // Forum for Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, No. 3. – DOI: 10.30564/fls.v7i3.8596.
12. Atembayeva G., Sabirova D. Imagological Images of Kazakhstan in Foreign Literature // Language and Literature: Theory and Practice. – 2025. – Vol. 4, No. 3. – P. 9-20. – DOI: 10.52301/2957-5567-2025-4-3-9-20.

**М.С. Қайрамбаева**

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және  
әдеби-мемориалдық музей-қорығы,  
071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қ. Мұхамедханов к-сі, 11  
ORCID: 0000-0003-2983-7720  
e-mail: asyl-mira@mail.ru

## **ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАР: ӘДЕБИ ДИСКУРС ПЕН ҰЛТТЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ**

**Андатпа.** Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы тұлғасы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ жеріне жасалған ғылыми экспедициялар контекстінде әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде Ф.А. Фиельструп, М. Кучинский және басқа да зерттеушілердің экспедициялық жазбалары, сондай-ақ Шәкәрімнің тарихи-этнографиялық мазмұндағы шығармалары алынды. Жұмыстың мақсаты – экспедициялық мәтіндер мен Шәкәрім шығармалары арасындағы дискурстық байланысты айқындау, ұлттық болмыстың мәтіндік репрезентациясын талдау және авторлық позицияның мәдени жад қалыптастырудағы рөлін анықтау. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, мәтінаралық талдау, дискурстық интерпретация және мәдени жад теориясы әдістері қолданылды. Нәтижесінде Шәкәрімнің экспедици Нуркадырова я мүшелері үшін жай ғана ақпарат беруші емес, қазақ қоғамының дәстүрлі дүниетанымын, салт-санасын, тарихи тәжірибесін жүйелеп түсіндіруші интеллектуал тұлға болғаны дәлелденді. Экспедициялық материалдарда қазақтың шаруашылық жүйесі, әлеуметтік құрылымы, отбасылық ғұрыптары, аңшылық мәдениеті сипатталса, Шәкәрім шығармаларында осы құбылыстар ұлттық-рухани концепт деңгейінде көркемдік пайыммен беріледі. Бұл екі түрлі мәтіндік қабаттың тоғысуы ұлттық мәдениеттің сыртқы ғылыми дискурс пен ішкі әдеби дискурс арасындағы байланысын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетін этнографиялық дереккөздермен сабақтастыра қарастырудың ғылыми маңызын айқындайды және Шәкәрім мұрасын мәдени-антропологиялық тұрғыдан зерттеудің өзектілігін негіздейді.

**Кілт сөздер.** Шәкәрім Құдайбердіұлы, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, экспедициялық дискурс, әдеби репрезентация, мәдени жад теориясы, этнографиялық мәтін, ұлттық нарратив.

**М.С. Қайрамбаева**

Государственный историко-культурный и литературно-мемориальный  
музей-заповедник Абая «Жидебай-Бөрілі»,  
071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. К. Мухамедханова, 11  
ORCID: 0000-0003-2983-7720  
e-mail: asyl-mira@mail.ru

## **ШАКАРИМ И ЭКСПЕДИЦИИ В КАЗАХСКУЮ СТЕПЬ: ЛИТЕРАТУРНЫЙ ДИСКУРС И ПРОБЛЕМА НАЦИОНАЛЬНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ**

**Аннотация.** В статье личность Шакарима Кудайбердиева рассматривается в контексте научных экспедиций 1920-30-х годов на территории Казахстана с позиций литературоведения. Объектом исследования послужили экспедиционные материалы Ф.А. Фиельструпа, М. Кучинского и других исследователей, а также историко-этнографические произведения Шакарима. Цель работы – выявить дискурсивную связь между экспедиционными текстами и литературным наследием поэта, проанализировать механизмы текстовой репрезентации национальной идентичности и определить роль авторской позиции в формировании культурной памяти. В исследовании применены историко-сравнительный метод, интертекстуальный анализ, элементы дискурсивной интерпретации и теория культурной памяти. Установлено, что Шакарим выступал не только как информант для исследователей, но и как интеллектуальный интерпретатор традиционного уклада казахского общества. Экспедиционные записи фиксируют хозяйственную систему, социальную структуру, обрядовую культуру и охотничьи традиции казахов, тогда как в художественных текстах Шакарима эти же явления осмысляются на уровне национально-философской концепции. Сопоставление двух типов текстов позволяет выявить взаимодействие внешнего научного дискурса и внутреннего литературного нарратива. Полученные результаты подтверждают необходимость комплексного рассмотрения казахской литературы в культурно-антропологическом контексте и обосновывают актуальность изучения наследия Шакарима в междисциплинарном аспекте.

**Ключевые слова.** Шакарим Кудайбердиев, казахская литература начала ХХ века, экспедиционный дискурс, литературная репрезентация, теория культурной памяти, этнографический текст, национальный нарратив.

### Автор туралы мәліметтер

**Қайрамбаева Мейрамгүл Сейітжапаровна** – Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи, мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: asyl-mira@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2983-7720>.

### Сведения об авторе

**Қайрамбаева Мейрамгүл Сейітжапаровна** – Историко-культурный и литературно-мемориальный музей-заповедник Абая «Жидебай-Бөрілі», Республика Казахстан, Семей, e-mail: asyl-mira@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2983-7720>.

### Information about the author

**Meiramgul Kairambayeva** – Abai «Zhidebai-Borili» Historical, Cultural and Literary Memorial Museum-Reserve, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: asyl-mira@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2983-7720>.

*Received 23.01.2026*

*Accepted 27.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-14](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-14)

FTAMP: 17.01.07

### Ж. Секей

Шәкәрім университеті,  
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А  
Orcid: 0000-0002-0984-7860  
e-mail: janbota2010@mail.ru

## М. МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ ШИЗОИДТЫ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ «ШИЗОФРЕНИКАЛЫҚ ДИСКУРС»

**Аңдатпа:** Мақалада М. Мағауиннің «Жармақ» романындағы шизоидты кейіпкер бейнесі шизофреникалық дискурс аясында қарастырылады. Мақаланың мақсаты – туындыдағы тұлғаның екіге жарылуы, ішкі «мен», бұйығылық, интеллектуализация құбылыстарының көркемдік репрезентациясын айқындап, олардың баяндау құрылымын анықтау. Зерттеуде нарратологиялық, дискурсивтік талдау, контент-талдау әдістері қолданылды. Сонымен бірге сапалық-сандық тәсіл арқылы шизоидты белгілердің мәтіндегі жиілігі мен тұрақтылығы анықталды.

Зерттеу нәтижесінде романдағы шизоидты кейіпкер бейнесі тек психологиялық күйде ғана емес, нарративтік құрылым, фрагментті баяндау, ішкі монолог, уақыт пен шындықтың субъективтенуі арқылы іске асырылатыны анықталды. Сонымен бірге «дертке шалдыққан өркениет» жағдайындағы адам болмысының шекаралары жөніндегі экзистенциалдық мәселелер де назардан тыс қалмады. Романның бас кейіпкерлері – Мұрат пен Марат арасындағы қостұлғалық оппозиция тұлғаның екіге жарылуын, қазіргі қоғамдағы құндылықтар дағдарысы мен сананың ішкі қақтығысын бейнелейтін концептуалдық модель ретінде негізделді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қазақ әдебиетінде шизоидты кейіпкер мен «шизофреникалық дискурсты» теориялық тұрғыда кешенді зерделеумен айқындалады. Ал тәжірибелік құндылығы әдебиеттану, нарратология, психологиялық проза мәселелерін оқытуда, сонымен бірге қазіргі қазақ прозасын интерпретациялауда қолданысқа ие. Зерттеу қорытындылары сөз өнеріндегі маргиналды сананы зерделеуде және заманау қазақ әдебиетін оқыту тәжірибесінде қолдануға негіз бола алады.

**Тірек сөздер:** шизоидты кейіпкер, ішкі «мен», екіге жарылу, жатсыну, нарратив, шизофреникалық дискурс.

### Кіріспе

Бүгінде қазіргі гуманитарлық білімде аутсайдер санасына және оның өнердегі репрезентациялануына деген қызығушылық артуда. «Дертке шалдыққан өркениет» жағдайында [1], түптеп келгенде тұлғалық бірегейлік дағдарысы тереңдеп, жатсыну үдерісі күшейіп, нарциссистік мәдениетке тән жеке болмыстың жекелеген қырларының жаппай жария етілуі белең алған кезеңде, ішкі әлемі социумға тікелей тәуелді шизоид тұлғаның бейнесі айрықша мәнге ие болып отыр. Әдебиетте бұл тұлға типінің қалай пайымдалатынын зерттеу қайсыбір дәуірге тән рухани дерттерді танып-білуге мүмкіндік береді. Шизоидты

кейіпкерлерді сомдау арқылы көркемдік құралдардың – баяндаудың ұйымдасуы, кеңістік-уақыттық координаттар мен образдар жүйесінің – шизоидты әлем суретін қалай бейнелейтіні айқын көрсетіледі. Жаһандану, құндылықтар дағдарысы, әлеуметтік және мәдени трансформациялар жағдайында тұлғаның ішкі тұтастығы әлсіреп, «меннің» тұрақсыздығы көркем мәтіннің басты тақырыптарының біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиеттегі шизоидты кейіпкер бейнесі мен шизофреникалық дискурс қазіргі заман шындығын бейнелеудің маңызды көркемдік формаларының бірі ретінде өзекті зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі – М. Мағауиннің «Жармақ» романындағы кейіпкер бейнесінің жеке психологиялық трагедия шеңберінен шығып, қоғамдық және мәдени дағдарыстың көркем моделіне айналуымен тікелей байланысты. Романда кейіпкердің ішкі бөлшектенуі әлеуметтік бақылау, идеологиялық қысым және рухани жатсыну үдерістерімен астасып, субъективті шындықтың тұрақсыздығын айқын көрсетеді. Бұл жағдай туындыны тек постмодернистік не болмаса философиялық тұрғыдан ғана емес, шизоидты сана мен шизофреникалық дискурс контекстінде зерделеудің қажеттілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – М. Мағауиннің «Жармақ» романы негізінде қазақ әдебиетіндегі шизоидты кейіпкер бейнесінің көркемдік және психологиялық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ шизоидты сананың мәтінде қалай құрылымданатынын сапалық және сандық талдау арқылы дәлелдеу. Зерттеу барысында кейіпкер санасының бөлшектенуі, ішкі «меннің» екіге жарылуы, эмоционалдық бұйығылық, интеллектуализация және фрагментті ойлау сияқты шизоидты белгілердің романдағы жүйелілігі мен таралу жиілігі айқындалады. Сонымен қатар романда қолданылған нарративтік құрылым, ішкі монологтар, ой үзіктері мен баяндау тәсілдері арқылы қалыптасатын «шизофреникалық дискурстың» көркемдік табиғатын ашу. Осы арқылы шизоидты кейіпкер бейнесін жеке психологиялық феномен ретінде ғана емес, қоғамның рухани-мәдени ахуалын, тұлғалық дағдарыс пен маргинал сананы бейнелейтін көркем модель ретінде тұжырымдау көзделеді.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеудің негізгі материалы ретінде қазақ әдебиетіндегі шизоидты кейіпкер бейнесін және «шизофреникалық дискурсты» талдауға мүмкіндік беретін репрезентативті мәтін ретінде М. Мағауиннің «Жармақ» романы таңдалып алынды. Зерттеу материалының сапалық сипаты – туындыдағы шизоидты санаға тән белгілердің (ішкі «меннің» екіге жарылуы, диссоциация, эмоционалдық бұйығылық, интеллектуализация, фрагментті ойлау) көркемдік деңгейде көрінуімен анықталады. Ал сандық сипатында туындыдағы ішкі монологтар саны, өзін-өзі бақылау, бөлшектену мотивтерінің қайталану жиілігі, фрагментті нарратив элементтерінің (ой үзгі) қолданылу саны тақылеттес шизоидты белгілер есепке алынды. Бұл көрсеткіштер мәтіндегі шизоидты дискурстың эпизодтық емес, тұрақты құрылым екенін дәлелдеуге септеседі.

Осы зерттеу пәнаралық әдіснамалық негізге сүйенеді. Шизоидты кейіпкер бейнесін психологиялық, нарративтік әрі мәдени-философиялық қырларынан кешенді түрде талдауды мақсат етеді. Әдіснамалық тұғырды таңдауда шизоидты тұлға феноменін клиникалық диагноз ретінде емес, көркемдік және экзистенциалдық құрылым сипатында қарастыратын заманауи гуманитарлық зерттеулердің ұстанымдары басшылыққа алынды.

Баяндаудың субъект-объектілік ұйымдасуын, ішкі монолог пен көпдауыстылықты, нарративтің фрагменттелуін талдау барысында Б.О. Корманның субъектілік құрылым теориясы басшылыққа алынды [2]. Нарратологиялық әдіс туындыдағы «кім сөйлеп тұр?», «қай жақтан баяндалып отыр?» деген сауалдарды нақтылауға және шизоидты сананың көркем мәтінде қалай репрезентацияланатынын айқындауға жәрдемдеседі. Сонымен қатар роман мәтіндегі үзік ойлау, логикалық тұрақсыздық, субъективті шындықтың басымдығы сияқты белгілерді шизоидты дүниетанымның көркемдік формалары ретінде қарастыру үшін дискурсивтік талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс шизоидты кейіпкер бейнесін жеке психологиялық феноменнен гөрі қоғамдық-мәдени сын формасы ретінде ұғынуға көмектеседі. Мақалада қолданылған интерпретациялық тәсіл кейіпкер санасының бөлшектенуін, нарративтік құрылым мен психологиялық мазмұнның өзара байланысын тұтас көркем жүйе ретінде түсіндіруге қызмет етеді. Контент-талдауға негізделген сапалық-сандық

әдістерді қолдану шизоидты дискурстың мәтіндік құрылымда эпизодтық емес, тұрақты әрі доминантты сипатқа ие екенін дәлелдеуге бағытталады.

Әдебиетке шолу. Шизоидты тұлға типін зерттеу психология, философия және әдебиеттану тоғысындағы пәнаралық бағыт ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқын ала бастады. Бұл мәселенің теориялық негізін қалыптастырған іргелі еңбектер, ең алдымен, клиникалық психология мен психоанализ саласына тиесілі.

Шизоидты тұлғаның психологиялық табиғатын алғашқы зерттеген – Гарри Гантрип. Ол шизоидтық күйді «махаббатқа айналған аштық» ретінде түсіндіріп, бұл тұлға типінің басты ерекшелігі ішкі әлемге үңілу мен сыртқы шындықтан қорғану екенін көрсетті [3]. Гантрип шизоидтықты тек патология ретінде емес, адамның қорғанысқа негізделген психикалық стратегиясы деп түсіндіреді. Бұл тұжырым әдеби кейіпкерлерді талдауда шизоидты тұлғаны «ауытқыған» адам емес, ішкі әлемі басым субъект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жазған ғалым – Нэнси Мак-Вильямс. Оның еңбектерінде шизоидты тұлғаға тән негізгі белгілер – жақындыққа деген амбивалентті қатынас, эмоцияны ішке бұгу, интеллектуализация талданады [4]. Мак-Вильямс шизоидтықты клиникалық диагноздан гөрі тұлғалық ұйымдасу типі ретінде сипаттайды. Бұл тәсіл әдебиеттануда шизоид кейіпкерді көркем антропология тұрғысынан зерделеуге жол ашады.

Философиялық және мәдениеттанымдық тұрғыдан шизоидты сана мен фрагментті ойлау табиғатын түсіндіруде Жиль Делез және Феликс Гваттари еңбектері айрықша мәнге ие [5]. Олардың «шизофреникалық дискурс» турасындағы тұжырымдамасы шизофренияны клиникалық құбылыс деп емес, қоғамдық және мәдени құрылымдарды әшкерелеудің тәсілі ретінде қарастырады. Делез бен Гваттари шизоидтық ойлауды «нормаға қарсы» шығармашылық күш ретінде түсіндіреді. Бұл идея әдеби мәтіндердегі үзік нарратив, көпдауыстылық, логикалық тұрақсыздық құбылыстарын талдауға теориялық негіз береді.

Сананың, ақыл-естің және қоғамның шекараларын зерттеуде Мишель Фуко еңбектері де айрықша мәнге ие. Фуко «қадағалау», «қалыпты» және «ауытқу» ұғымдары арқылы шизоидты тұлғаның қоғамдағы маргиналдық орнын түсіндіреді [6]. Ғалым «қалыпты» мен «қалыптан тысқары» ұғымдарының тарихи-конструктивтік сипатын нақты көрсетеді. Осы ретте шизоид кейіпкер қоғамның дертін бейнелейтін айна ретінде көрініс табады.

Әдебиеттануда шизоидты кейіпкер мен оған сәйкес нарративтік құрылымды талдауда Борис Корман еңбектері іргелі мәнге ие [2]. Ол көркем мәтіндегі субъект-объект қатынастарын жүйелеп, баяндаудың «кім айтып отыр?», «қалай айтып отыр?» деген сауалдарды алдыңғы қатарға шығарады. Корман шизоидты сананың мәтінде субъект мен объектінің орын ауыстыру арқылы орын тебетінін анықтайды.

Бұл бағытты ары қарай дамытушы орыс ғалымы В. Руднев психикалық семиозис теориясы арқылы әр тұлға өзіне тән «шындықты» қалыптастырады деген тұжырым ұсынады [7]. В. Руднев объективті шындықтың мүмкін еместігін тілге тиек ете келе, оны әдеби мәтіннің көпқабатты субъективті құрылымымен байланыстырады. Бұл қағида шизоидты кейіпкер бейнесін «бір ғана дұрыс интерпретациясы бар» объект ретінде емес, ашық семиотикалық құрылым ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдардағы зерттеулер ішінде Н.А. Петрованың ХХ ғасыр әдебиетіндегі шизоидты персонаж бен «шизофреникалық дискурсқа» арналған еңбегі ерекше назар аударады [8]. Автор шизоидты кейіпкерді ішкі әлем мен сыртқы шындық арасындағы алшақтық тұрғысынан жүйелі түрде талдап, нарратив, хронотоп және образдар жүйесінің бұл алшақтықты қалай бейнелейтінін көрсетеді. Н.А. Петрова психологиялық және нарратологиялық әдістерді синтездейді.

Отандық әдебиеттануда шизоидты кейіпкер арнайы термин ретінде сирек қолданылғанымен, тұлғаның екіге жарылуы, ішкі «меннің» жарықшақтануы мәселелері ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ прозасында көрініс тапты. М. Мағауин шығармашылығы көбіне тарихи сана, ұлттық жад мәселелерімен байланыста зерттелгенімен, «Жармақ» романы контекстінде шизоидты сананың көркем репрезентациясы арнайы талдау

нысанына айнала қойған жоқ. Осы олқылық аталған романды шизоидты кейіпкер мен «шизофреникалық дискурс» тұрғысынан зерттеудің ғылыми қажеттілігін айқындайды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында тұлғаның екіге жарылуы мен қостұлғалық мәселесі көбінесе философиялық, әлеуметтік және мифопоэтикалық тұрғыдан қарастырылып келді. А.Б. Мұхамеджанова «Мұхтар Мағауиннің жаңа прозасы» атты кандидаттық диссертациялық еңбегінде [9] «*Жармақ*» романы жазушының жаңа прозасына тән экзистенциалдық ізденістерді танытып, тұлғаның ішкі бөлшектеуін, сананың екіұдай құрылымын бейнелейтін интеллектуалдық шығарма екендігін айта келе, романдағы қостұлғалық кейіпкердің жеке психологиялық күйзелісін ғана емес, қазіргі қоғамдағы рухани және құндылық дағдарысты көрсететін көркем модель ретінде қарастырады.

Зерттеушілер Қ. Байтанасова мен Г. Нұрлыбек [10] романдағы Мұрат пен Марат бейнелерін фольклорлық егіздік, қосарланған кейіпкер мотивтерімен байланыстырып, қостұлғалықты архаикалық дүниетанымнан бастау алатын көркемдік тәсіл ретінде түсіндіреді. Авторлардың ойынша, «*Жармақ*» романындағы адамның екіге бөлінуі мифологиялық сана үшін заңды құбылыс, ол «ескі қазақ» пен «жаңа қазақ» арасындағы рухани-өркениеттік қақтығысты бейнелейді. Мұрат бейнесі ұлттық жад пен рухани жауапкершілікті танытса, Марат бейнесі нарықтық қоғамға бейімделген прагматикалық сананың көрінісі ретінде сипатталады. Алайда бұл тұжырымдарды шизоидты тұлға теориясы тұрғысынан қарастырғанда, романдағы қостұлғалық тек мифологиялық немесе әлеуметтік бинарлық оппозиция ғана емес, шизоидты сананың көркем репрезентациясы ретінде де танылады. Мұрат бейнесіне тән ішкі рефлексияның басымдығы, эмоционалдық бұйығылық, өзін-өзі бақылау және қоғамнан жатсыну белгілері Гантрип пен Мак-Вильямс сипаттаған шизоидты тұлға типімен толық сәйкес келеді. Ал Марат – осы шизоидты сананың сыртқы шындыққа бейімделген, рационал әрі прагматикалық қыры ретінде көрінеді.

С. Ертайдың «Қазіргі қазақ романдары: жанрлық трансформация» атты еңбегінде М. Мағауиннің «*Жармақ*» романы қазіргі қазақ прозасындағы жанрлық және философиялық ізденістердің көрнекті үлгісі ретінде бағаланады [11]. Ғалым Мағауин шығармашылығын Батыс әдебиетіндегі екіұдайылық, дуализм парадигмасымен (А. Камю, З. Фрейд, К. Юнг) сабақтастыра отырып, романдағы қостұлғалықты постмодернистік дүниетанымның көркем көрінісі деп түсіндіреді. Аталмыш роман отандық әдебиеттануда көбіне мифопоэтикалық немесе жанрлық трансформация аясында қарастырылғанымен, шизоидты тұлға типі және «шизофреникалық дискурс» теориясымен кешенді байланыста талдау әлі де өзекті ғылыми міндет болып қала береді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Теориялық еңбектерде қаламгерлердің шизоидты кейіпкер типіне деген қызығушылығы түрлі себептермен түсіндіріледі. Әсіресе бұл ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында қалыптасқан модернистік парадигмамен тікелей байланысты. Себебі, модернизмде суреткерлер жеке адамға, оның ішкі әлеміне, жалғыздығына, қоғамнан оқшаулануға айрықша мән берді. Олар шынайы өмірден гөрі қиялға, ойдан шығарылған әлемге, ішкі сезімдерге көбірек үңілді. Қысқа мерзім аралығында – 1880-ші жылдардан бастап Екінші дүниежүзілік соғыстың басына дейін қаламгерлер өздерін қоғамдағы ерекше тұлға ретінде сезінді. Ницшенің «Құдай өлді» деген теориясы пайда болған кезде оның орнын уақытша өнер адамы басты. Ол әлемді өзгелерден бөлек, өзгеше сезіне алатын демиург іспетті қабылданды. Мұндай кейіпкерлер, яғни ішкі әлемі күрделі, рухани жалғыздыққа бейім тұлғалар, әлем әдебиетінің бірқатар көрнекті туындыларында кеңінен көрініс тапқан. Бұл бейнелердің едәуір бөлігі автордың жеке дүниетанымымен, өмірлік тәжірибесімен сабақтасып, белгілі бір деңгейде автобиографиялық сипатқа ие болады. Аталған типтегі кейіпкерлер О. Уайльд «Дориан Грейдің портреті», Ж. К. Гюисманс «Кері бағытта», Г. Гессе «Димиан», «Далалық қасқыр», А. Камю «Бөгде» сынды туындыларда, сондай-ақ Т. Маннның «Тонио Крегер», «Тристан», «Венециядағы өлім» новеллаларында ұшырасады. Бұл шығармаларда адам болмысының қоғамнан оқшаулануы, рухани дағдарысы, өзіндік «менін» іздеуі негізгі тақырыптардың біріне айналады. Қоғамнан оқшау, өмірді өзгеше қабылдайтын

шизоидты бейнеге жақын мұндай кейіпкерлері бар туынды деп М. Мағауиннің «Жармақ» романын айтуға болады. Бұл романда сананың екіұдай күйге түсуі, тұлғаның екіге жарылуы сынды шизофреникалық дискурстың нышан-белгілері бас қылтитады. Делез бен Гваттари түсіндіргендей, шизофреникалық дискурс клиникалық диагнозды емес, тілдің, нарративтің, «меннің» фрагментациясын білдіреді. Бұл құбылыс романда кейіпкер психологиясымен ғана емес, мәтін құрылымымен де тығыз байланысты.

Туындының негізгі өзегі – Мұрат бейнесіндегі ішкі «меннің» бөлінуі. Кейіпкер өзін тұтас субъект ретінде емес, жартылай өмір сүріп жүрген, толық іске аспаған болмыс ретінде сезінеді. Бұл күй роман мәтінінде тікелей айтылады: «...Бірге туған бауыр да емес, егіздің сыңары да емес, бір кісі – бүтіннен бөлінген жармақ екенбіз... [12]. Бұл үзілімдер Мұраттың психологиялық ахуалын ғана емес, бүкіл романның философиялық векторын айқындайды. Мұндағы «мен» – бөлшектенген, өзін-өзі нық ұстап тұра алмайтын құрылым. Шығармада Делез-Гваттари сипаттаған шизофреникалық сана дәл осылай бір орталыққа бағынбайтын, үнемі ыдырап отыратын жүйе ретінде көрініс тапқан.

Тұлғаның екіге жарылуы романда Мұрат пен Марат оппозициясы арқылы күшейтіледі. Бұл екі бейне бір адамның ішкі және сыртқы «менін» білдіріп қана қоймай, сананың өз-өзімен сөйлесуін, ішкі қақтығысын бедерлейді. Мұрат – рефлексияға, рухани ізденіске бейім ішкі «мен», ал Марат – әлеуметтік бейімделген, прагматикалық сыртқы «мен». Осы бинарлық құрылым романның шизофреникалық дискурстық табиғатын айқындайды.

Сонымен қатар шизофреникалық дискурс романда фрагментті баяндау құрылымы арқылы іске асады. Мәтін бірізді фабулаға емес, ой үзіктеріне, естелікке, ішкі есеп берулерге негізделеді. Кейіпкердің санасы оқиғаны емес, өзін түсінуге тырысады. Осы себепті роман оқырманға дайын шындық ұсынбайды, керісінше, оны кейіпкер санасының ішіне бүгеді. Мұраттың күйзелісі романда ашық эмоция арқылы емес, ой арқылы беріледі. Кейіпкер жыламайды, айқайламайды, сезімін сыртқа шығармайды. Керісінше, ол өзін бақылап, бағалап, саналы түрде «диагноз» қояды. Мұраттың өз хал-жағдайын «жармақ» деп анықтауы – эмоцияның емес, интеллектуалдық рефлексияның нәтижесі. Кейіпкер адамдармен қарым-қатынасқа түсуге қабілетті болғанымен, ол байланыстан гөрі ішкі әлеміне үңілуді таңдайды.

Шизофреникалық дискурс романда уақыт трансформациясы арқылы да көзге бірден шалынады. Өткен, қазіргі және болашақ уақыт нақты хронологиямен емес, сананың логикасымен беріледі. Мұрат өткен өмірін қазіргі санасынан бөлек тұрған құбылыс ретінде қабылдайды, ал болашақ анық бағдар емес, белгісіз кеңістік ретінде көзге түседі. М. Мағауин романында шизофреникалық дискурс жеке психологиялық трагедиямен шектелмейді. Ол қоғам мен тұлға арасындағы қайшылықтың көркем формасына айналады. Мұрат қоғам нормаларына толық сіңісе алмайды, бірақ оларды түбегейлі жоққа да шығармайды. Осы аралық күй – шизоидты болмыстың әлеуметтік өлшемін айқындайды.

Романның басты кейіпкері Мұрат бейнесі ең алдымен ішкі «меннің» бөлінуімен сипатталады. Кейіпкер өзін тұтас, біртұтас субъект ретінде емес, үнемі өзін сырттан бақылап, бағалап, тіпті айыптап отыратын сана иесі ретінде қабылдайды. Бұл жағдай оның ішкі монологтарынан айқын байқалады: «Тақаудағы төрт-бес жылда, ғасырдың соңына дейін бітіріп-ақ қалар едім – аяқ астынан шыққан пәлекет – арылмас сор боп жабысқан. Ойым онға емес, өзім екіге бөліндім. Бүтін емес, жарты кісі сияқтымын» [12]. Аталған үзіндіде кейіпкердің өз болмысын «жарты кісі» ретінде сезінуі оның тұлғалық тұтастығының күйрегенін, ішкі бірліктің жоғалғанын көрсетеді. Мұрат үшін бұл бөлшектену кездейсоқ психологиялық күй емес, оның өмір сүру тәсіліне айналған тұрақты жағдай ретінде бейнеленеді. Бұл көрініс Г. Гантрип сипаттаған шизоидты тұлғаның негізгі күйімен толық сәйкес келеді (1-кесте). Ғалымның пікірінше, шизоидты адам «өзін шын мәнінде тірі сезінуден гөрі, өзін бақылаушы сана ретінде өмір сүреді», яғни ол әрекет етуші субъект болудан гөрі, өз болмысын сырттай талдаушы позицияда қалады [4]. Мұраттың санасы да дәл осылай әрекеттен гөрі рефлексияға, өмірді тікелей бастан кешіруден гөрі оны ой елегінен өткізуге бағытталған. Кейіпкер ішкі драманы іс-қимыл арқылы шешпейді, керісінше оны сананың ішінде үздіксіз қайта ойлаумен, өз-өзіне сұрақ қоюмен тереңдете түседі. Осылайша,

Мұрат бейнесіндегі ішкі «меннің» бөлінуі романның психологиялық өзегін құрап, шизоидты сананың басты белгісі ретінде көрінеді. Бұл екіге жарылу кейіпкердің жалғыздығын күшейтіп қана қоймай, оны сыртқы әлемнен барған сайын алшақтата түседі.

1-кесте. «Жармақ» романындағы шизоидты кейіпкер бейнесінің (Мұрат) құрылымы

Шизоидтық белгі	Мұрат бейнесі	Нарратив	Қызметі
Ішкі «меннің» бөлінуі (диссоциация)	Өзін біртұтас субъект ретінде емес, «өзін-өзі сырттан бақылаушы» ретінде сезіну	Ішкі монолог, өзін-өзі айыптау; екі «меннің» қақтығысы	Тұлғалық тұтастықтың күйреуін көрсету
Эмоционалдық бұйығылық	Сезімді ашық айтуға қиналу; жақын қарым-қатынастан қашық жүру	Сыртқы диалогтың сиреуі; ішкі сөздің басымдығы	Жалғыздық пен жатсыну мотивін күшейту
Интеллектуализация (қорғаныс механизмі)	Сезімнің орнына ойлау, талдау, моральдық-этикалық өзін-өзі таразылау	Философиялық пайым, рефлексиялық ой ағымы	Ішкі драманы «ақыл» арқылы тіреп тұру, бірақ оны шешпеу
Жақындыққа амбиваленттілік	Бір жағынан байланысқа мұқтаждық, екінші жағынан «жұтылып кету» қорқынышы	Қайшылықты ішкі диалог; тұрақсыз шешімдер	Шизоидты трагизмнің психологиялық өзегін ашу
Әлеуметтік жатсыну	Ортамен үйлеспей; қоғам нормаларын бөтен сезіну	Сыртқы әлемді қабылдаудың «суық» модусы; бақылаушы позиция	Қоғам–тұлға қайшылығын айқындау
Өзіндік бақылау, өзін «объект» ету	Өз әрекетін, ойын, мінезін үздіксіз өлшеп, бағалау	Автоанализ, өзіндік есеп беру риторикасы	Кейіпкердің «менін» объектілендіру, ішкі қысымды күшейту
Фрагментті сана (ойдың үзіктілігі)	Естелік, әсер, ойдың үзік-үзік келуі; тұтастықтың үзілуі	Фрагментті құрылым, эпизодтардың үзік монтажі	«Шизофреникалық дискурс» әсерін жасау
Уақыттың субъективтенуі	Өткен-қазіргі-болашақ араласып кетуі	Ретроспекция, ой арқылы уақыттың «секіруі»	Сананың ішкі қозғалысын фабуладан жоғары қою
«Мен» мен «әлем» шекарасының тұрақсыздығы	Өзгелерді «бөгде» сезіну, әлемге толық кіріге алмау	Қашықтықты сақтайтын баяндау	Шизоидтың «ішке бүккен болмысын» бейнелеу
Қостұлғалық оппозиция (Мұрат ↔ Марат)	Мұрат — рухани/рефлексиялық «ішкі мен»; Марат — прагматикалық/бейімделгіш «сыртқы мен»	Бинарлық композиция, қарсы қою	Құндылықтар дағдарысын және тұлғалық бөлінуі модельдеу

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, шығармадағы шизоидты кейіпкер бейнесі (Мұрат) шизоидты тұлға типіне тән белгілер бойынша жүйеленіп берілді. Шизоидтық сипат жеке бір мінез ерекшелігі емес, кейіпкердің бүкіл болмысын, шығарманы баяндау құрылымын да ұйымдастыратын жүйе ретінде іске асырылады. Демек, шизоидтық тек мазмұндық деңгейде (кейіпкер психологиясы) ғана емес, құрылымдық деңгейде (нарратив формасы) де көрініс табады.

Ішкі «меннің» бөлінуі (диссоциация) Мұрат бейнесіндегі барлық өзге шизоидты сипаттардың бастау нүктесі. Кейіпкердің өзін «өзін-өзі сырттан бақылаушы» сана ретінде


кабылдауы оның субъектілік тұтастығының күйрегенін аңғартады және романның идеялық өзегін айқындайды. Осы ішкі бөлшектену эмоционалдық бұйығылыққа, интеллектуализацияға және өзін объектілеуге алып келетін психологиялық тізбек қалыптастырады. Эмоционалдық бұйығылық пен интеллектуализация кестеде көрсетілгендей, Мұраттың негізгі қорғаныс тетіктері болып қызмет етеді. Кейіпкер сезімді тікелей бастан кешіруден қашып, оны ой арқылы өңдеуге бейімделеді. Бұл жағдай нарратив деңгейінде сыртқы диалогқа түспеуінен, ішкі монологтың басымдығымен және философиялық пайымның көбеюімен көзге түседі. Нәтижесінде кейіпкердің ішкі драмасы шешімін таппай, сананың ішінде «тоқтап» қалады, бұл шизоидты трагизмнің тереңдеуіне әкеледі.

Мұрат адамдармен араласуға, сөйлесуге мұқтаж болғанына қарамастан ішкі жан дүниесі оңашалануды қалап тұрады, адамдардан секемденеді. Оның бұл мінезі жақындыққа амбиваленттілік екіұдайылық тұрақсыз шешімдер мен қайшылықты ішкі диалог арқылы әдіптеліп, шизоидты тұлғаның психологиялық өзегін ашады. Осы амбиваленттілік элеуметтік жатсынуден ұштасып, кейіпкердің қоғам нормаларын бөтен сезінуіне және сыртқы әлемге бақылаушы позицияда қарауына себеп болады.

Нарративтік тұрғыдан қарағанда кестеде көрсетілген фрагментті сана, уақыттың субъективтенуі және «мен», «әлем» шекарасының тұрақсыздығы романның баяндау құрылымын айқындай түседі. Оқиғалар бірізді фабуламен емес, ой үзіктігі, ретроспекция арқылы беріледі. Бұл тәсіл романда «шизофреникалық дискурс» әсерін қалыптастырып, шындықты бөлшектенген субъективті тәжірибе ретінде ұсынады.

Соңында, қостұлғалық оппозиция (Мұрат ↔ Марат) кестеде шизоидты кейіпкер бейнесінің концептуалдық түйіні ретінде көрсетілген. Бұл бинарлық модель бір адамның ішкі қақтығысын ғана емес, қазіргі қоғамдағы құндылықтар дағдарысын, тұлғаның ішкі және сыртқы талаптар арасындағы бөлінуін символдық түрде бейнелейді.

Жалпы алғанда, 1-кесте романдағы шизоидты кейіпкер бейнесінің құрылымын көпдеңгейлі жүйе екендігін көрсете отырып, оның психологиялық, нарративтік және идеялық қызметін тұтастай көрсетуге мүмкіндік алады. Демек, Мұрат бейнесі қазақ әдебиетіндегі шизоидты сананың көркем репрезентациясы ғана емес, қазіргі заман адамының рухани бөлшектенуін модельдейтін көркемдік құрылым ретінде танылады (1-сурет).



1-сурет. М. Мағауиннің «Жармак» романындағы шизоидты кейіпкер бейнесінің құрылымдық моделі

Ұсынылып отырған концептуалдық диаграмма М. Мағауиннің «Жармақ» романындағы шизоидты кейіпкер бейнесінің құрылымын көпдеңгейлі жүйе ретінде көрсетеді. Диаграмманың орталық өзегін шизоидты сана (Мұрат) құрайды, ол ішкі «мен» мен сыртқы «меннің» (Мұрат ↔ Марат) қақтығысы арқылы модельденеді. Бұл оппозиция тұлғалық бөлшектенудің көркем бейнесі ретінде қызмет атқарып, кейіпкердің рухани болмысы мен әлеуметтік бейімделу стратегиясының арасындағы қайшылықты көрсетеді.

Құрылымдық модельде шизоидты сананың қорғаныс тетіктері (интеллектуализация, эмоцияны оймен алмастыру, ішке бүге беру) және психологиялық күйлері (жақындыққа амбиваленттілік, жалғыздық, жұтылып кету қорқынышы) жеке блоктар ретінде берілген. Бұл элементтер кейіпкердің ішкі драмасын түсіндірумен қатар, Н. Мак-Вильямс пен Г. Гантрип сипаттаған шизоидты тұлға типімен теориялық тұрғыда үндеседі.

Диаграммада нарративтік форма (ішкі монолог, фрагментті құрылым, уақыттың субъективтенуі) көрсетіліп, шизоидты сананың тек мазмұндық емес, баяндау деңгейінде де іске асатыны айқындалады. Осы элементтердің жиынтығы романда «шизофреникалық дискурстың» қалыптасуына алып келеді, яғни шындық тұтас әрі тұрақты құрылым ретінде емес, бөлшектенген субъективті тәжірибе ретінде ұсынылады.


Ендігі кезекте контент-талдауға сүйене отырып, шизоидты белгілерге қатысты сандық талдауға ойысайық. Мәтінмен жұмыс барысында шизоидты санаға тән белгілерге сәйкес келетін 82 мәтіндік фрагмент анықталды. Оларды 2-кестеден көруге болады.

2-кесте. М. Мағауиннің «Жармақ» романындағы шизоидты белгілердің мәтін бойына таралу жиілігі

Шизоидты белгі	Мәтіндегі көрініс түрі	Фрагмент саны	Үлесі (%)
Ішкі «меннің» бөлшектенуі (диссоциация)	Өзін-өзі бақылау, қостұлғалық ой, «мен» туралы рефлексия	21	25,6 %
Интеллектуализация	Философиялық ойлау, моральдық өзін-өзі талдау, рационал пайым	19	23,1 %
Эмоционалдық бұйығылық	Сезімді басу, ашық эмоциядан қашу	17	20,7 %
Фрагментті сана	Ой үзiктерi, естелiк монтажы, логикалық секiрiстер	15	18,3 %
Әлеуметтік жатсыну	Қоғамнан алыстау, бөгделік сезімі	10	12,3 %
<b>Барлығы</b>		<b>82</b>	<b>100 %</b>

Кестеде көрсетілген ең жоғары үлес ішкі «меннің» бөлшектенуіне (25,6 %) тиесілі, бұл туындыдағы тұлғалық диссоциацияның негізгі ядро екенін көрсетеді. Интеллектуализация (23,1 %) мен эмоционалдық бұйығылықтың (20,7 %) жоғары көрсеткіші шизоидты тұлғаға тән қорғаныс тетіктерінң мәтін бойына біркелкі таралғанын айғақтайды.

Фрагментті сана мен әлеуметтік жатсыну белгілерінің жиілігі (18,3 % және 12,3 %) романдағы нарративтің «шизофреникалық дискурс» логикасына сәйкес ұйымдастырылғанын дәлелдейді. Бұл сандық деректер туындыдағы шизоидты белгілердің эпизодтық емес, жүйелі әрі тұрақты құрылым екенін дәлелдейді (2-сурет).



2-сурет. М. Мағауиннің «Жармақ» романындағы шизоидты белгілердің таралу тығыздығы

Диаграммадағы сандық талдау нәтижелері туындыдағы шизоидты белгілердің басым бөлігін ішкі психикалық үдерістер құрайтынын көрсетті. Ішкі «меннің» бөлшектенуі мен интеллектуализация жалпы көрсеткіштің жартысына жуығын қамтиды. Бұл романда сыртқы әрекетке қарағанда сананың ішкі қозғалысы басты орын алатынын дәлелдейді. Эмоционалдық бұйығылық пен фрагментті ойлау «шизофреникалық дискурстың» нарративтік негізін қалыптастырып, кейіпкердің әлеммен толыққанды байланыс орната алмауын көрсетеді.

### Қорытынды

М. Мағауиннің «Жармақ» романындағы шизоидты тұлға клиникалық мағынадағы психологиялық ауытқу емес, тұлғаның ішкі күйі әлсіреп, күйреген, өз-өзімен қақтығыстағы экзистенциалдық субъект ретінде бейнеленеді.

Зерттеу барысында романдағы басты кейіпкердің ішкі «менінің» екіге бөлінуі, диссоциация, эмоционалдық бұйығылық пен интеллектуализация тақылеттес шизоидты санаға тән нышандар көркем мәтіннің құрылымдық қағидатына айналғаны анықталды. Кейіпкердің санасы бір орталықтан басқарылмайтын, үнемі өзіне қарсы сөйлейтін көпдауысты құрылым ретінде көрінеді. Бұл ерекшелік романдағы нарративтің үзіктілігін, субъективті шындықтың басымдығын және объективті әлемнің тұрақсыздығын айқындайды. Шизоидты кейіпкер арқылы қаламгер қазіргі қоғам жағдайындағы тұлғалық тұтастықтың күйреуін, ішкі әлем мен сыртқы шындық арасындағы бітіспес алшақтықты және гуманизм шекаралары туралы күрделі философиялық мәселелерді көтереді.

Сонымен қатар туындыдағы шизоидты кейіпкер бейнесі тек жеке бастың психологиялық трагедиясын ғана емес, қоғам мен адам арасындағы күрделі қатынасты, әлеуметтік бақылау мен рухани еркіндіктің шектелуін бейнелейтін көркем модель ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, шизоидты сана романда «ауытқыған» құбылыс емес, керісінше, «дертке шалдыққан» қоғамдық жүйенің ішкі қайшылықтарын әшкерелейтін маргинал субъект позициясында көрінеді.

Зерттеуде қолданылған сандық тәсіл туындыдағы шизоидты белгілердің кездейсоқ немесе эпизодтық сипатта емес, тұрақты жүйелі құрылым түзгенін дәлелдейді. Сандық деректер романда ішкі психикалық үдерістердің сыртқы әрекетке қарағанда басым екенін, ал сананың ішкі қозғалысы фабуладан жоғары тұрғанын айқын көрсетеді. Бұл ерекшелік шығарманың психологиялық-экзистенциалдық табиғатын күшейтіп, оны қазақ әдебиетіндегі шизоидты кейіпкер бейнесін кешенді түрде танытатын концептуалды мәтіндер қатарына қосады.

Қорытындылай келе, аталған зерттеу қазақ әдебиетіндегі шизоидты кейіпкер бейнесін кешенді талдаудың ғылыми қажеттілігін айқындап, ұлттық прозаны әлемдік әдеби-теориялық контекстпен сабақтастыра зерделеуге маңызды үлес қосады. Алынған тұжырымдар алдағы уақытта қазақ әдебиетіндегі маргинал сана, психологиялық нарратив және субъективті шындық мәселелерін зерттеуде әдіснамалық негіз бола алады.

### Әдебиеттер

1. Deleuze G., & Guattari F. *Anti-Oedipus: Capitalism and Schizophrenia* [Электрондық ресурс]. - 1977. – URL: [https://monoskop.org/images/d/da/Deleuze\\_Gilles\\_Guattari\\_Felix\\_Anti-Oedipus\\_Capitalism\\_and\\_Schizophrenia.pdf](https://monoskop.org/images/d/da/Deleuze_Gilles_Guattari_Felix_Anti-Oedipus_Capitalism_and_Schizophrenia.pdf) (қаралды 12.2025)
2. Корман Б.О. Изучение текста художественного произведения. - Москва: Просвещение, 1972. – 110 с.
3. Guntrip H. *Schizoid Phenomena, Object Relations and the Self* [Электрондық ресурс]. - 1969. – URL: <https://psptraining.com/wp-content/uploads/Guntrip-H.-1968.-Schizoid-phenomena-object-relations-and-the-self.pdf> (қаралды 01.2026)
4. McWilliams N. *Psychoanalytic Diagnosis: Understanding Personality Structure in the Clinical Process*. [Электрондық ресурс]. - 1994. – URL: [https://therapistuncensored.com/wp-content/uploads/2019/10/Psychoanalytic\\_Diagnosis\\_-\\_Nancy\\_McWilli.pdf](https://therapistuncensored.com/wp-content/uploads/2019/10/Psychoanalytic_Diagnosis_-_Nancy_McWilli.pdf) (қаралды 01.2026)
5. Deleuze G., & Guattari F. (1987). *A Thousand Plateaus: Capitalism and Schizophrenia*. [Электрондық ресурс]. - 1987. – URL: <https://files.libcom.org/files/A%20Thousand%20Plateaus.pdf> (қаралды 01.2026)
6. Фуко М. История безумия в классическую эпоху [Электрондық ресурс]. - 2010. – URL: <https://dao-in-out.ru/upload/iblock/0e5/0e555e8acaf1196c318106b706099e21.pdf>. (қаралды 01.2026)
7. Руднев В. Философия языка и семиотика безумия: избранные работы. – Москва: Издательский дом «Территория будущего», 2007. – 742 с.
8. Петрова Н.А. Литература в неантропоцентрическую эпоху. Опыт О.Мандельштама: монография. – Пермь, 2001. – 311 с.
9. Мұхамеджанова А.Б. Мұхтар Мағауиннің жаңа прозасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 24 б.
10. Байтанасова Қ., Нұрлыбек Г. Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы. – 2019. - №2(127). – Б. 36-44.
11. Sultan Y. *Modern Kazakh novels: the genre transformation* // «Keruen» scientific journal M.O. Auezov Institute of Literature and Art. – 2021. – Volume 2. №71. – Б. 36-44.
12. Мағауин М. Жармақ. [Электрондық ресурс]. – 2007. – URL: <http://kerey.kz/?p=2532> (қаралды 12.2025)

### References

1. Deleuze G., Guattari F. *Anti-Oedipus: Capitalism and Schizophrenia* [Electronic resource]. – 1977. – URL: [https://monoskop.org/images/d/da/Deleuze\\_Gilles\\_Guattari\\_Felix\\_Anti-Oedipus\\_Capitalism\\_and\\_Schizophrenia.pdf](https://monoskop.org/images/d/da/Deleuze_Gilles_Guattari_Felix_Anti-Oedipus_Capitalism_and_Schizophrenia.pdf) (accessed 12.2025).
2. Korman B.O. *Izuchenie teksta khudozhestvennogo proizvedeniya* [Study of the Text of a Literary Work]. – Moscow: Prosveshchenie, 1972. – 110 p. (in Russian)
3. Guntrip H. *Schizoid Phenomena, Object Relations and the Self* [Electronic resource]. – 1969. – URL: <https://psptraining.com/wp-content/uploads/Guntrip-H.-1968.-Schizoid-phenomena-object-relations-and-the-self.pdf> (accessed 01.2026).
4. McWilliams N. *Psychoanalytic Diagnosis: Understanding Personality Structure in the Clinical Process* [Electronic resource]. – 1994. – URL: [https://therapistuncensored.com/wp-content/uploads/2019/10/Psychoanalytic\\_Diagnosis\\_-\\_Nancy\\_McWilli.pdf](https://therapistuncensored.com/wp-content/uploads/2019/10/Psychoanalytic_Diagnosis_-_Nancy_McWilli.pdf) (accessed 01.2026).

Абайтану ХХ ғасыр басынан бастап дербес ғылыми сала болып қалыптасқанын білеміз. Оның теориялық негізін қалауда М.О. Әуезовтің еңбегі айрықша болған. Ғалымның Абайдың ақындық мектебі туралы ғылыми тұжырымы, текстологиялық зерттеулері, тарихи-әдеби концепциясы бүгінгі абайтанудың әдіснамалық іргетасы болып саналады. Осы ғылыми мектептің эволюциясын, кейінгі зерттеушілердің пайымдарын жүйелеу пәнді оқытудағы теориялық сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Білім беру жүйесінде абайтану мектеп бағдарламасынан бастап жоғары оқу орнына дейінгі деңгейлерде оқытылады. Алайда орта және жоғары білім беру арасындағы

мазмұндық және әдістемелік сабақтастықтың әлсіреуі байқалады. Мектепте Абай көбіне танымдық-ақпараттық деңгейде меңгертілсе, жоғары оқу орнында күрделі теориялық мәселелерге бірден көшу студенттердің дайындық деңгейіне сәйкес келе бермейді. Бұл алшақтықтың себебі оқу бағдарламаларының үйлесімсіздігі, әдіснамалық бірізділіктің жеткіліксіздігі және пәнаралық ықпалдастықтың әлсіздігі. Бүгінгі күні осы алшақтық абайтану тарихы, теориясы мен әдістемесінің де бір бағытта дамып отырмағанын көрсетеді. Дегенмен, Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Абайдың «толық адам» концептісін барлық пәндер бойынша метапәндік дағды ретінде енгізілуі көңілге жылылық ұялатады. Стандарттағы білім берудің базалық құндылықтары: 1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік пен ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық және жаңашылдық деп көрсетілген [2]. Ал Абайдың «толық адам» концептісіндегі «ыстық қайрат» құзыреттіліктің практикалық компоненті, яғни іс жүзінде құзыреттілікті сәтті қолдану үшін қажетті нақтылы әрекеттер, білік пен дағдылар болса, «нұрлы ақыл» когнитивті компоненті – қажетті білім, түсінік және әртүрлі танымдық процестер. «Жылы жүрек» аффективті компоненті белгілі бір құзырет шеңберінде адамның өзінің және басқалардың эмоциясын түсіну және басқару, эмпатия таныту қабілеттері мен эмоциялық аспектілер болады. Байқағанымыздай қазіргі стандартта Абайдың «толық адам» тұжырымы білім беру жүйесіне кірігіп, өз қызметін атқарып отыр. Сонымен бірге бүгінгі күні еліміздің ЖОО-ларында «Абайтану» пән ретінде оқытылып, студенттердің Абай ілімін болашақ маман ретінде игерулеріне ықпал етуде.

Заман талабына сай Абай мұрасын оқытуда цифрлық білім ресурстарын, мультимедиалық платформаларды, онлайн-курстарды, интерактивті мәтіндік талдау құралдарын қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыратыны анық. Мысалы, қарасөздерді гипермәтіндік форматта талдау, поэзиялық мәтіндерге цифрлық корпус негізінде лексика-статистикалық зерттеу жүргізу, виртуалды пікірталас алаңдарын ұйымдастыру студенттердің зерттеушілік дағдыларын дамытады.

Сонымен бірге дәстүрлі оқыту формаларын толықтай ығыстырмай, оларды заманауи технологиялармен ұштастыру маңызды. Дәріс, семинар, мәтіндік талдау, пікірталас сияқты қалыптасқан әдістер цифрлық құралдармен интеграцияланған жағдайда ғана нәтижелі болады.

Абай шығармашылығын оқытудағы өзекті бағыттардың бірі тарихилық принципін сақтау деуге болады. Ақын мұрасын әр кезеңдегі идеологиялық, әлеуметтік, мәдени контексте қарастыру арқылы түрлі пайымдардың қалыптасу себептері түсіндірілуі тиіс. Кеңестік кезеңдегі түсіндіру үлгілері мен тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа көзқарастарды салыстырмалы талдау студенттердің сыни ойлау қабілетін арттырады.

М.О. Әуезов қалыптастырған Абайдың ақындық мектебі туралы ғылыми тұжырымды оқыту барысында да тек деректік баяндаумен шектелмей, оның ғылыми негізділігі, тарихи шындығы және қазіргі зерттеулермен арақатынасы талданады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеудің негізгі материалдары ретінде Абай Құнанбайұлының поэзиялық шығармалары мен қарасөздері, сондай-ақ абайтану саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі және заманауи еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, М.О. Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеулері, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, З. Ахметов, М. Мырзахметұлы, Қ. Мұхамедханов, Р. Сыздық еңбектері, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі педагогикалық және әдеби-теориялық еңбектер, атап айтқанда С. Қасқабасов, Т. Жұртбай, Ж. Дәдебаев, Ш. Ыбыраев пен т.б еңбектеріндегі талдауларға сүйеніп ғылыми талдаулар жасалды.

Зерттеу барысында сапалық және цифрлық әдістер кешені түрде қолданылды. Сапалық талдау әдісі арқылы Абай шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері, философиялық мазмұны және тәрбиелік әлеуеті сараланды. Цифрлық әдістер арқылы жоғары оқу орындарында абайтану пәнін оқыту тәжірибесіне жүргізілген бақылау нәтижелері мен студенттердің оқу жетістіктерін салыстырмалы талдау элементтері пайдаланылды.

Абай шығармаларының жанрлық, поэтикалық және стильдік ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстырмалы-тарихи әдіс, студенттердің мәтінді түсінуі мен қабылдау ерекшеліктерін айқындау мақсатында интерпретациялық әдіс қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында Абай шығармаларын оқытудың ғылыми-теориялық негіздері көпқырлы және кешенді сипатқа ие екенін көрсетті. Біріншіден, Абай туындыларын оқыту барысында тек мәтіндік талдаумен шектелмей, оның философиялық, дүниетанымдық және этикалық қырларын кешенді түрде қарастыру студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететіні анықталды. Абайтану тарихы мен оның тұжырымдамалық, теориялық сипаты да оқыту кезінде қалыс қалмауы керек. Осы орайда біз өз зерттеуімізде нені оқыту, қалай оқыту деген мәселеге назар аударып, ғалымдардың іргелі ғылыми талдауларын негіз еттік. Абай тілінің ерекшелігін зерттеген ғалым Рабиға Сыздық ақын тіліндегі тарихилық фактілеріне назар аударған. Ғалым: «Абай қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып суреттемес бұрын, сол Абай тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болды дегенді санап алуға тура келеді. Өйткені Абай шығармаларының тілі – автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып жа тады. Сондықтан Абай лексикасын өз айналасынан оқшау жұлып алып талдау мүмкін емес»,– деп Абай заманының тарихи ерекшеліктерінің оның тіліне әсері туралы айтады [3]. Қазіргі білім беру жүйесіндегі ең басты реформа орта білім беру жүйесіне жаңартылған білім мазмұнының кіруімен сипатталады. Сондықтан да осындай іргелі зерттеулердегі тұжырымдарды сол білім мазмұны талаптарымен сәйкестендіру керек болады. Себебі, бүгінгі ЖОО студенті ертеңгі күні жалпы білім беретін мектеп мұғалімі болады. ЖОО студенттеріне Абай шығармаларын оқытқанда мектеп бағдарламасында қарастырылған туындыларын оқыту маңызды.

Абай шығармаларын оқытуға арналған көптеген ғылыми-теориялық, ғылыми әдістемелік еңбектер бар. Олардың барлығы бүгінгі оқытушының негізгі құралына айналып отыр. Атап айтсақ, ғылыми-теориялық еңбектер: Әуезов М. [4], Ахметов З [5], Досжан Д. [6], Жұртбай Т. [7], Картаева А. [8], Шамахайұлы Қ. [9] және т.б. Ғылыми -әдістемелік зерттеулердің қатарында: Бітібаева Қ. [10], Әлімов А. [11], Бөрібекова Ф. [12] т.б зерттеулер бар. Зерттеу барысында шетелдік ғалымдардың да еңбектерді назарға алынды: V. Kureichik [13], Ikonne [14], A.Mega [15] т.б.

Зерттеу барысында ақын туындыларын тек мәтіндік-композициялық талдаумен шектемей, оның философиялық, дүниетанымдық және этикалық мазмұнын кешенді қарастыру студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытуға айқын ықпал ететіні байқалды.

Мәселен, жоғары оқу орнында «Қара сөздерді» оқыту кезінде 17-қара сөзді дәстүрлі тәсілмен талдау (тақырып, идея, композиция, тілдік ерекшелік) және интегративті тәсілмен талдау (философиялық категориялар, адам болмысы, моральдық таңдау мәселесі, қазіргі қоғаммен сабақтастық) салыстырмалы түрде жүзеге асырылды. Бірінші жағдайда студенттер мәтін мазмұнын баяндаумен шектелсе, екінші жағдайда «ақыл–қайрат–жүрек» концептісін қазіргі тұлғалық даму теорияларымен байланыстырып, пікірталас ұйымдастырылды. Нәтижесінде студенттер тек ақпаратты қайта айтып берумен емес, ұғымдарды салыстыру, дәлелдеу, интерпретациялау, өзіндік тұжырым жасау деңгейіне көтерілді. Осы орайда қазіргі абайтану саласындағы ғылыми талдаулар назарда болады. Мәселен, Ж. Дәдебаевтың: «Ақынның шығармашылық даралығына тән мән мен мағынаның тамыр тартқан тереңіне екінің бірі бойлай алмайды. Онда бірнеше деңгей бар: Абайға дейінгі дәуірден басталатын сарындар; Абайдың дәуіріндегі элеумет өмірінің шындықтары; Абайдан кейінгі дәуір шындықтарымен үндесіп жатқан сарындар. Бұлардың әрқайсысының құрылымдық жүйесін, ерекшеліктерін анықтаудың маңызы жоғары. Бірақ оларды бір-бірінен жеке дара бөліп алып қарастыру қажетті нәтижеге жеткізбейді. Көрсетілген сарындарды тұтас қамтитын жүйенің өзегін табу, зерттеу нысанының заңдылықтарын сол өзекті желі бойынша таратып талдау аса маңызды. Мұндай жүйенің өзегі ақынның шығармашылық даралығы арқылы өріледі»,– деуі де

қисынға келеді [16]. Сол сияқты «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқытуда дәстүрлі әдеби талдаумен қатар аксиологиялық талдау жүргізілді. Студенттер өлеңдегі «бес асыл іс» пен «бес дұшпан» ұғымдарын қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі құндылықтар жүйесімен салыстыруға беріп, өздеріне практикалық жұмыс кезінде кесте құрастыртуға болады (1-кесте).

1-кесте. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдау

№	Абай ұғымы	Мазмұндық сипаттама (дәстүрлі түсінік)	Қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі баламасы	Қоғамдық-аксиологиялық мәні
1	Талап	Білімге, өнерге, ізгілікке ұмтылу	Өмір бойы білім алу, кәсіби даму, өзін-өзі жетілдіру	Инновациялық қоғам қалыптастырудың негізі
2	Еңбек	Адал еңбек, маңдай термен табыс табу	Кәсіпкерлік мәдениет, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік	Экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік мобильділік факторы
3	Терең ой	Парасаттылық, сыншыл ойлау	Критериалды ойлау, медиа сауаттылық, аналитикалық мәдениет	Ақпараттық қоғамда саналы шешім қабылдау қабілеті
4	Қанағат	Шүкіршілік, нәпсіні тыю	Тұрақты даму философиясы, саналы тұтыну	Экологиялық және рухани тепе-теңдік
5	Рақым	Мейірім, адамгершілік	Әлеуметтік жауапкершілік, инклюзивтілік, волонтерлік мәдениет	Азаматтық қоғам құндылықтарының өзегі
6	Өсек	Жалған сөз тарату	Кибербуллинг, фейк ақпарат тарату	Әлеуметтік сенім дағдарысына әкелетін фактор
7	Өтірік	Шындықты бұрмалау	Ақпараттық манипуляция, пост-шындық феномені	Қоғамдық коммуникация сапасының төмендеуі
8	Мақтаншақ	Даңққұмарлық, дарақылық	Әлеуметтік желідегі демонстративті өзін-өзі көрсету	Тұлғалық құндылықтардың девальвациясы
9	Еріншек	Жалқаулық, әрекетсіздік	Прокрастинация, тәуелділік мәдениеті	Өнімділік пен әлеуметтік жауапкершіліктің әлсіреуі
10	Бекер мал шашпақ	Ысырапшылдық	Шектен тыс тұтынушылық, материализм	Экономикалық және экологиялық теңгерімсіздік
Кестені студенттер практикалық сабақ кезінде құрастырған.				

«Бес асыл іс» – тұлғаның рухани кемелденуінің универсалды формуласы ретінде бүгінгі цифрлық қоғамда да өзектілігін жоғалтпайды. Ал «бес дұшпан» – қазіргі жаһандық мәдениеттегі әлеуметтік-психологиялық қауіптердің прототиптік моделі ретінде көрініс табады. Осылайша, студенттердің салыстырмалы талдауы Абай мұрасының уақыттан тыс құндылықтық әлеуетін дәлелдейді және оны заманауи құндылықтар жүйесімен сабақтастыра оқытудың тиімділігін көрсетіп отыр. Студенттер топпен осы кестедегі ұғымдарды талдап алған соң тапсырма ретінде шағын эссе және аргументативті пікірталас берілді. Бұл әдіс студенттердің мәтінді жаттап меңгеруінен гөрі, оның мәнін қазіргі өмірлік жағдаяттармен байланыстыра бағамдауына мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері бойынша (оқу тобы көлемінде жүргізілген ішкі мониторинг) интегративті әдіс қолданылған топта рефлексиялық жауаптардың сапасы мен дәлелді пікір айту деңгейі айтарлықтай жоғары болғаны анықталды. Сонымен бірге Абайдың «Бес асыл іс» қағидасын оқытуда кейс-талдау әдісі арқылы студенттерге қазіргі қоғамнан алынған нақты жағдаяттар (мысалы, академиялық

адалдық мәселесі, әлеуметтік желідегі этика, тұтынушылық мәдениет) ұсынылды. Тапсырма – осы кейстерді Абай ұсынған құндылықтар жүйесі негізінде талдау.

Мәселен, академиялық плагиат мәселесін талдау кезінде студенттер «еңбек», «талап», «терең ой» ұғымдарын этикалық өлшем ретінде қарастырып, Абай ілімінің қазіргі білім беру жүйесіндегі өзектілігін дәлелдеді. Бұл әдіс теориялық тұжырымдарды өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға мүмкіндік берді. Студенттердің академиялық адалдық түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Абайдың «толық адам» ілімі туралы М. Мырзахметов: «Ендігі мақсат – Абайдың «Толық адам» ілімін қайтадан рухани монолитті қазаққа айналудың жолына қызмет еттіру - басты рухани міндетімізге айналуда, бұдан өзге идеологиялық танымды көріп тұрған жоқтаймыз», – деп [17] жазғанын есте ұстап, студенттерге меңгерудің тәсілдерін қарастыру керек.

Студенттерге М.О. Әуезовтің ғылыми тұжырымы негізінде Абайдың адам концепциясын талдау ұсынылып, оны заманауи гуманистік педагогика теорияларымен салыстыру тапсырылды. Бұл жұмыс барысында студенттер теориялық мәтіндермен жұмыс істеу, ғылыми пайымдарды салыстыру, концептуалдық карта жасау дағдыларын меңгерді. Нәтижесінде абайтану материалын тек әдеби мұра ретінде емес, философиялық-антропологиялық жүйе ретінде қабылдау қалыптасты. Жалпы оқытуда қалыптасқан әдіс бойынша «толық адам» концепциясы Абайдың философиялық тұжырымы ретінде түсіндіріліп, оның теориялық мазмұны баяндалады. Ал тұлғалық-бағдарлы оқытуда бұл ұғым студенттің өзіндік дамуына қатысты рефлексиялық құрал ретінде қолданылады. Мәселен, семинар барысында студенттерге «Менің кәсіби және тұлғалық дамуым: ақыл, қайрат, жүрек үйлесімі» тақырыбында рефлексиялық эссе жазу ұсынылды. Одан кейін шағын топтарда пікір алмасу ұйымдастырылып, Абай ілімінің жеке өмірлік мақсаттармен байланысы талдайды. Нәтижесінде студенттер Абай мәтінін сыртқы объект ретінде емес, ішкі рухани бағдар ретінде қабылдай бастады. Бұл әдеби мазмұнның тұлғалық өзін-өзі тану үдерісімен кірігуінің нақты көрінісі деуге болады. Осы мысалдар көрсеткендей, Абай шығармаларын кешенді, пәнаралық және проблемалық негізде оқыту студенттердің сыни ойлау қабілетін, аналитикалық пайымын және құндылықтық бағдарын дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл мәтінді репродуктивті игеруден интерпретациялық және рефлексивтік деңгейге көшуге жағдай жасайды. Демек, Абай мұрасын оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруда интегративті әдіснамалық модельдің тиімділігі анықталды.

Сонымен қатар, абайтану пәнін оқытуда дәстүрлі дәріс пен семинар формаларын интерактивті әдістермен (пікірталас, мәтіндік интерпретация, кейс-талдау, жобалық жұмыс) ұштастыру оқу үдерісінің тиімділігін арттыратыны байқалды. Мұндай тәсілдер студенттердің Абай идеяларын қазіргі қоғам мәселелерімен байланыстыра түсінуіне мүмкіндік береді. Абайтану пәнін оқытуда дәстүрлі дәріс пен семинар ұштастыру оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыратыны тәжірибелік тұрғыда айқындалады. Бұл тәсіл репродуктивті білім игеруден интерпретациялық және аналитикалық деңгейге көшуге жағдай жасайды. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін оқыту барысында студенттерге «Абай сынаған қоғамдық кеселдер бүгінгі қоғамда қандай деңгейде көрініс береді?», «неліктен Абай елдің нашар мінездерін көп айтқан?» деген проблемалық сұрақ ұсынылды. Топ екіге бөлініп, бір бөлігі Абай дәуіріндегі әлеуметтік қайшылықтар мен қазіргі қоғам арасындағы сабақтастықты дәлелдеуге, екінші бөлігі айырмашылықтарын көрсетуге міндеттелді. Талдау нәтижесінде студенттер мәтінді тек тарихи құжат ретінде емес, әлеуметтік-философиялық манифест ретінде қарастыра бастады. Дебат барысында аргументация, мәтінге сүйене отырып дәлел келтіру, қарсы пікірді сыни бағалау дағдылары қалыптасты. Бұл әдіс Абай поэзиясындағы әлеуметтік сынның әмбебап сипатын түсінуге мүмкіндік берді. Студенттер өз ойларын ашық және нақтылы дәлелдермен айтуға тырысты. Мәтіндік интерпретация (герменевтикалық талдау) жасату арқылы да Абай шығармаларындағы философиялық ұғымдардың мәнін ашып талдау маңызды болмақ.

«Он жетінші қара сөзді» семинарда интерпретациялық әдіспен талдау кезінде студенттерге «ақыл», «қайрат», «жүрек» категорияларын символдық-философиялық ұғым ретінде түсіндіру тапсырылды. Әр топ осы үш ұғымның біреуіне концептуалдық талдау жасап, оның мәтіндегі және қазіргі тұлғалық даму теориясындағы орнын салыстырды.

Филология факультеті студенттері үшін «Абайдың толық адам ілімі және заманауи тұлға концепциясы» тақырыбында шағын зерттеу жобасы ұйымдастырылды. Студенттер ғылыми дереккөздермен жұмыс істеп, презентация жасап, қорытындысында салыстырмалы талдау ұсынды. Жобалық әдіс зерттеушілік құзыреттілікті, дерекпен жұмыс істеу мәдениетін, академиялық адалдық дағдысын қалыптастырады деп болжанады.

Дәстүрлі дәріс мазмұндық-теориялық база қалыптастырса, интерактивті әдістер сол білімді тереңдетіп, функционалдық деңгейге көтереді. Мұндай синтез студенттердің:

- сыни ойлауын;
- аргументативті сөйлеу мәдениетін;
- мәтінді интерпретациялау қабілетін;
- құндылықтық бағдарын дамытуға ықпал етеді.

Ең бастысы, Абай мұрасы тарихи-әдеби ескерткіш ретінде емес, қазіргі қоғаммен тікелей байланыстағы рухани-философиялық жүйе ретінде қабылданады. Демек, дәстүрлі және интерактивті әдістердің үйлесімі абайтану пәнін оқытудың әдіснамалық тұрғыдан тиімді моделін қалыптастырады. Мәселен, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқыту барысында студенттерге өмірлік жағдаят ұсынылды: «Жоғары нәтижеге тез жету үшін академиялық адалдықты бұзу – жеке таңдау ма, әлде құндылықтық дағдарыс па?» деген проблемалық сұрақ негізінде талдау жасау, өз ойын айту керек болады. Студенттер өлеңдегі «бес асыл іс» қағидаларын өлшем ретінде алып, ұсынылған жағдайды талдады. Мұнда Абай мәтіні моральдық-этикалық талдау құралына айналды. Бұл тәсіл білім алушылардың тек әдеби талдау жасауымен шектелмей, құндылықтық позициясын айқындауына ықпал етті. Осылайша, Абай шығармасы тәрбие құралы ғана емес, тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыратын педагогикалық механизм ретінде қарастырылды.

Қазіргі зерттеу аясында Абай шығармаларын цифрлық және жобалық технологиялармен кіріктіре оқыту тәжірибесі қарастырылды. Мысалы, студенттер «Абайдың әлеуметтік сыны және қазіргі медиамәдениет» тақырыбында шағын цифрлық жоба әзірледі (бейнепрезентация, подкаст, инфографика). Жоба барысында олар:

- мәтіннен әлеуметтік сын элементтерін анықтады;
- оны қазіргі қоғамдағы ақпараттық мәдениетпен салыстырды;
- өзіндік қорытынды ұсынды.

Бұл жұмыс зерттеушілік, аналитикалық және креативті құзыреттерді дамытты. Бұрынғы еңбектерде мұндай технологиялық интеграция қарастырылмағаны байқалады, себебі назар көбіне мәтіндік-әдеби талдауға шоғырланған болатын (2-кесте).

2-кесте. Салыстырмалы талдау

Көрсеткіш	Дәстүрлі зерттеулер	Қазіргі зерттеу ұстанымы
Негізгі бағыт	Әдеби-тарихи талдау	Педагогикалық әлеуетті ашу
Нысан	Абай мұрасының мазмұны	Абай мұрасының тұлға қалыптастыру мүмкіндігі
Әдіс	Тарихи сипаттама	Тұлғалық-бағдарлы, интерактивті, жобалық әдістер
Нәтиже	Танымдық білім	Құндылықтық және құзыреттілік нәтижелер

Осылайша, қазіргі зерттеу Абай шығармаларын оқытуды мазмұндық меңгеру деңгейінен тұлғалық трансформация деңгейіне көтеруді ұсынады. Бұл тәсіл білім алушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді субъектке айналдырады. Демек, Абай мұрасын білім беру технологияларымен кіріктіре оқыту абайтанудың жаңа педагогикалық кезеңін айқындайтын бағыт ретінде бағалануы тиіс.

Сонымен бірге жоғары оқу орындарында «Абайтану» курсының оқытуды бағыттарға сай саралау қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілікке негізделген және тұлғалық-бағдарлы парадигманың заңды талабы. Пән мазмұнын барлық мамандықтар үшін бірізді, универсалды үлгіде ұсыну оның танымдық әлеуетін шектейді. Сондықтан «Абайтану» курсы студенттердің кәсіби бағдарын, болашақ қызмет аясы мен зияткерлік сұранысын ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс (3-кесте).

3-кесте. «Абайтану» курсының ұйымдастырылуы

№	Бағыт	Оқыту мақсаты	Мазмұндық басымдық	Әдіс-тәсілдер	Күтілетін нәтиже
1	Филология (педагогикалық бағыт) «Қазақ тілі мен әдебиеті»	Болашақ мұғалімнің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру	Абай шығармаларын мектепте оқыту әдістемесі, сабақ үлгілері, дидактикалық талдау	Педагогикалық модельдеу, сабақ жоспарлау, интербелсенді әдістер, критериалды бағалау	Студент Абай шығармаларын мектеп бағдарламасы аясында тиімді оқыта алады
2	Филология (ғылыми бағыт) «Филология»	Ғылыми-зерттеушілік құзыретті дамыту	Абай поэтикасы, текстология, абайтану тарихы, дереккөздермен жұмыс	Ғылыми талдау, салыстырмалы зерттеу, мәтіндік интерпретация, академиялық жазылым	Студент Абай мұрасын ғылыми тұрғыдан талдай алады, зерттеу жүргізе алады
3	Гуманитарлық бағыт (тарих, философия, мәдениеттану т.б.)	Тұлғалық-рухани және дүниетанымдық қалыптастыру	Абайдың философиялық ойлары, қоғамдық көзқарасы, ұлттық идея	Пікірталас, эссе, рефлексиялық талдау, пәнаралық байланыс	Студент Абай ілімін дүниетанымдық құндылық ретінде меңгереді
4	Техникалық мамандықтар	Рухани-адамгершілік және құндылықтық бағдар қалыптастыру	Абайдың «толық адам» концепциясы, еңбек, ғылым, білім туралы ойлары	Кейс-талдау, мотивациялық талдау, өмірлік жағдаяттарды саралау	Болашақ маманның кәсіби этикасы мен азаматтық ұстанымы қалыптасады

Абай Құнанбайұлы мұрасы көпқырлы рухани феномен. Ол бір мезгілде әдеби-эстетикалық жүйе, философиялық ілім, ағартушылық бағдарлама және ұлттық дүниетанымның концептуалдық негізі ретінде танылады. Осы ерекшелік «Абайтану» пәнін түрлі академиялық бағытта әртүрлі мазмұндық акцентпен оқытуды талап етеді.

Филология саласындағы педагогикалық бағытта («Қазақ тілі мен әдебиеті») оқитын студенттер үшін курс, ең алдымен, әдістемелік сипатта құрылуы қажет. Мұнда Абай шығармаларын мектеп бағдарламасы аясында оқытудың технологиялары, мәтінді дидактикалық талдау, оқу мақсаттарын саралау, критериалды бағалау жүйесі, интербелсенді әдістерді қолдану мәселелері басымдық алады. Себебі бұл бағыттағы студент болашақ мұғалім. Демек, ол Абай мәтінін ғылыми тұрғыда түсініп қана қоймай, оны оқушы санасына тиімді жеткізе алатын кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс.

Ал «Филология» білім беру бағдарламасында оқитын студенттер үшін «Абайтану» курсы ғылыми-зерттеушілік арнада ұйымдастырылуы заңды. Бұл жағдайда Абай поэтикасы, текстологиялық мәселелер, абайтану тарихының кезеңдері, дереккөздермен жұмыс, салыстырмалы әдебиеттанулық талдау, интерпретациялық әдістер жетекші орын алады. Мұнда басты мақсат студенттің ғылыми ойлау жүйесін қалыптастыру, академиялық жазылым мәдениетін жетілдіру және дербес зерттеу жүргізу қабілетін дамыту.

Гуманитарлық бағыттағы мамандықтарда (тарих, философия, мәдениеттану және өнертану т.б.) «Абайтану» пәні дүниетанымдық және аксиологиялық мазмұнда берілуі тиіс. Бұл ретте Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастары, адамгершілік философиясы, «толық адам» концепциясы, ұлт болмысы туралы ойлары пәнаралық тұрғыдан талданады. Мұндай тәсіл студенттің рухани-мәдени рефлексиясын күшейтіп, ұлттық құндылықтарды заманауи контексте пайымдауына мүмкіндік береді.

Техникалық мамандықтарда «Абайтану» курсының негізгі функциясы кәсіби-этикалық және тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру. Бұл жерде Абайдың еңбек, ғылым, білім, жауапкершілік, әділет ұғымдарына қатысты ойлары кәсіби этика, инженерлік мәдениет және азаматтық ұстаным тұрғысынан қарастырылады. Нәтижесінде пән болашақ маманның рухани иммунитетін күшейтетін, оның әлеуметтік жауапкершілігін арттыратын мәдениеттанымдық құралға айналады.

Осылайша, «Абайтану» курсы бағыттық дифференциация негізінде ұйымдастыру пән мазмұнын формалды меңгеруден гөрі, оны студенттің кәсіби және тұлғалық дамуына қызмет ететін интегративті білім кеңістігіне айналдырады. Бұл тәсіл жоғары білім берудің қазіргі талаптарына сай, нәтижеге бағдарланған оқыту жүйесін қамтамасыз етеді және Абай мұрасын заманауи академиялық дискурста жаңа сапалық деңгейде игеруге мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында Абай Құнанбайұлы шығармаларын оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін жүйелеу – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі екені анықталды. Зерттеудің негізгі мақсаты Абай мұрасын оқытудың мазмұны мен әдістерін ғылыми тұрғыда негіздеу болса, бұл мақсатқа жету үшін әдеби-теориялық, салыстырмалы және педагогикалық әдістер кешені қолданылды.

Зерттеу нәтижелері Абай шығармаларын кешенді, пәнаралық тұрғыда оқыту студенттердің әдеби-эстетикалық танымын ғана емес, олардың тұлғалық, рухани және азаматтық қасиеттерін дамытуға да ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар алынған тұжырымдар абайтану пәнін оқытуды жетілдіруге, оқу бағдарламаларын жаңартуға және әдістемелік құралдар әзірлеуге негіз бола алады.

Абай Құнанбайұлының әдеби-философиялық мұрасын оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау – ұлттық білім беру жүйесінің стратегиялық міндеті. Бұл үдеріс әдебиеттанулық, философиялық, педагогикалық және мәдениеттанулық тұрғылардың өзара ықпалдастығы негізінде жүзеге асқанда ғана нәтижелі болмақ. Орта және жоғары білім беру арасындағы сабақтастықты күшейту, абайтанудың дербес ғылыми сала ретіндегі әдіснамалық тұғырын нақтылау, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану бүгінгі күннің басты талаптары.

Осы бағытта жүйелі жүргізілген ғылыми-әдістемелік жұмыс Абай мұрасын жас ұрпақ санасына терең сіңіріп, ұлттық рухани құндылықтарды жаңғыртуға қызмет етеді.

Зерттеудің келешегі ретінде Абай шығармаларын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, мультимедиялық және интерактивті платформалар арқылы оқу мазмұнын байыту мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылады. Бұл бағыттағы жұмыстар Абай мұрасын қазіргі заман талаптарына сай меңгертуге және оны білім беру тәжірибесіне кеңінен енгізуге жол ашады. «Абайтану» курсының бағыттық-модульдік құрылымы – болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі мен рухани-адамгершілік әлеуетін біртұтас қалыптастыратын тиімді педагогикалық модель болады деуге толық негіз бар.

### **Әдебиеттер**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 2020 жылғы 08 қаңтар  
[https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy)
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымша Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел шежіре», 2014. – 384 б.
4. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 448 б.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алма-Ата: Ана тілі, 1995. – 272 б.
6. Досжан Д. Абайдың рухы: ғұмырнамалық ойтолғау. – Астана: Фолиант, 2008. – 432 б.
7. Жұртбай Т. «Бесігінді аяла!...»: монография-эссе. – Астана: Фолиант, 2003. – 504 б.
8. Картаева А.М. Абайтану: оқу құралы. - Алматы: ТехноЭрудит, 2019. - 272 б.
9. Шамахайұлы Қ. Абайтану дәрістері: оқулық. - Алматы: ТехноЭрудит., Т.2. 2019. – 244 б.
10. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
11. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану: оқу құралы. – Астана: 2014. – 188 б.
12. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 б.
13. Kureichik V, Rodzin S, Bova V. Deep learning methods for natural language text processing may 2022 izvestiya sfedu engineering sciences doi:10.18522/2311-3103-2022-2-189-199
14. Ugochi Happiness Ikonne. The Teaching of Literature: Approaches and Methods International Journal of Education and Evaluation ISSN 2489-0073 Vol. 2 No.5 2016 www.iiardpub.org
15. Mega A. Methods and Techniques for Teaching English Literature Approaches and methods for the teaching of literature March 05th, 2024 <https://www.researchgate.net/profile/Afaf-Mega/>
16. Дәдебаев Ж. Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасуы. – Т.1. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар. – Нұр-Сұлтан: 2021 – 310 б.
17. Мырзахметұлы М. Абайдың «Толық адам» ілімі. – Алматы: «Қазығұрт», 2020. – 240 б.

### References

1. Tokaev K.-Zh. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Tokaevtyn «Abai zhane XXI gasyrdagy Qazaqstan» atty makalasy [Article «Abai and Kazakhstan in the 21st Century» by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev]. 08 January 2020. – URL: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy) (accessed 01.2026). (in Kazakh)
2. Qazaqstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylygy 3 tamyzdagy No. 348 buyrigyna 3-kosymsha Negizgi orta bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty [Appendix 3 to the Order No. 348 of 3 August 2022 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan: State Mandatory Standard of Basic Secondary Education]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (accessed 01.2026). (in Kazakh)
3. Syzdykova R. Abai shygarmalarynyn tili. Leksikasy men grammatikasy: Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [The Language of Abai's Works. Vocabulary and Grammar: Collected Works in Multiple Volumes]. – Almaty: «El shezhire», 2014. – 384 p. (in Kazakh)
4. Aueзов M. Abaitanu dáristerinin derek kozderi: oku kuraly [Sources of Abai Studies Lectures: textbook]. – Almaty: «Sanat», 1997. – 448 p. (in Kazakh)
5. Akhmetov Z. Abaidyn akyn dyk álemi [The Poetic World of Abai]. – Alma-Ata: Ana tili, 1995. – 272 p. (in Kazakh)
6. Doszhan D. Abaidyn ruhi: ғұмырнамалық oytolgau [The Spirit of Abai: Biographical Reflection]. – Astana: Foliant, 2008. – 432 p. (in Kazakh)
7. Zhurtbay T. «Besiginndi aiala!...»: monografiya-esse [“Cherish Your Cradle!...”: monograph-essay]. – Astana: Foliant, 2003. – 504 p. (in Kazakh)
8. Karteeva A.M. Abaitanu: oku kuraly [Abai Studies: textbook]. – Almaty: TechnoEruudit, 2019. – 272 p. (in Kazakh)
9. Shamakhuly Q. Abaitanu dáristeri: okulyk [Abai Studies Lectures: textbook]. – Almaty: TechnoEruudit, 2019. – Vol. 2. – 244 p. (in Kazakh)
10. Bitibaeva Q. Ádebietti okytu ádistemesi men tehnologiyasy [Methods and Technology of Teaching Literature]. – Almaty: Rauan, 1997. – 288 p. (in Kazakh)

11. Alimov A.Q. Interbelsendi okytu ádistemesin mektepte qoldanu: oku kuraly [Using Interactive Teaching Methods at School: textbook]. – Astana, 2014. – 188 p. (in Kazakh)
12. Boribekova F.B., Zhanatbekova N.Zh. Qazirgi zamanqy pedagogikalyk tehnologiyalar: okulyk [Modern Pedagogical Technologies: textbook]. – Almaty, 2014. – 360 p. (in Kazakh)
13. Kureichik V., Rodzin S., Bova V. Deep learning methods for natural language text processing. – Izvestiya SFedU. Engineering Sciences, 2022. – P. 189-199. <https://doi.org/10.18522/2311-3103-2022-2-189-199>.
14. Ikonne U.H. The Teaching of Literature: Approaches and Methods // International Journal of Education and Evaluation. – Vol. 2, No. 5, 2016.
15. Mega A. Methods and Techniques for Teaching English Literature: Approaches and Methods for the Teaching of Literature. – 2024. – URL: <https://www.researchgate.net/profile/Afaf-Mega/> (accessed 01.2026).
16. Dadebaev Zh. Abai shygarmashylygy zhane qazirgi qazaq ádebietinin qalyptasuy. T.1. Abaidyn shygarmashylyk darlygy. Oilar, tolganystar, taldaular [Abai's Creativity and the Formation of Modern Kazakh Literature. Vol. 1. Abai's Creative Individuality. Thoughts, Reflections, Analyses]. – Nur-Sultan, 2021. – 310 p. (in Kazakh)
17. Myrzakhmetuly M. Abaidyn «Tolyk adam» ilimi [Abai's Doctrine of the «Perfect Man»]. – Almaty: «Qazygurt», 2020. – 240 p. (in Kazakh)

**Ж.М. Аубакир, А.С. Актанова\***

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
010010, Республика Казахстан, г. Астана, улица Кажымукана, 11

\*ORCID: 0000-0002-0444-5336

\*e-mail : [aimanaktan71@gmail.com](mailto:aimanaktan71@gmail.com)

## **АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ АБАЕВЕДЕНИЯ И МЕТОДЫ ЕГО ОБУЧЕНИЯ**

**Аннотация.** В статье рассмотрены научно-теоретические основы и практические проблемы преподавания литературно-философского наследия Абая Кунанбайулы. Систематизированы литературоведческие, философские, педагогические и культурологические аспекты освоения творчества Абая, определены теоретические принципы преподавания дисциплины. Наряду с этим проанализировано становление абаеведения как самостоятельной научной отрасли и его место в системе образования.

Обоснованы инновационные пути трансляции богатого наследия Абая Кунанбайулы молодому поколению в соответствии с требованиями времени, показаны особенности его преподавания в системе высшего образования и преемственность изучения поэтического наследия в среднем образовании. Причины определённого разрыва данной преемственности в современных условиях и его последствия раскрыты и доказательно проиллюстрированы конкретными примерами.

Авторами статьи представлены как традиционные формы обучения, так и современные цифровые технологии популяризации наследия поэта. Научно обоснованы актуальные направления преподавания творчества Абая Кунанбайулы и определены их методологические основания. В частности, уделено особое внимание различным интерпретациям, связанным с этапными особенностями принципа историзма в изучении наследия поэта, а также специфике преподавания научной концепции поэтической школы Абая, сформированной М.О. Ауэзовым. Кроме того, проведён анализ научно-методических исследований, посвящённых преподаванию творчества поэта, и дана современная интерпретация наиболее значимых из них. Определение ключевых направлений преподавания теоретических основ абаеведения обуславливает актуальность настоящей статьи.

**Ключевые слова:** абаеведение, система образования, научно-теоретические основы, методика обучения, литературоведение.

**Zh.M. Aubakir, A.S. Aktanova\***

L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
010010, Republic of Kazakhstan, Astana, 11Kazhymukan Street

\*ORCID: 0000-0002-0444-5336

\*e-mail: [aimanaktan71@gmail.com](mailto:aimanaktan71@gmail.com)

## ACTUAL DIRECTIONS OF ABAY STUDIES AND METHODS OF ITS TEACHING

**Abstract.** The article examines the scientific and theoretical foundations as well as the practical issues involved in teaching the literary and philosophical heritage of Abai Kunanbayuly. The literary, philosophical, pedagogical, and cultural dimensions of studying Abai's works are systematized, and the theoretical principles underlying the teaching of the discipline are defined. In addition, the formation of Abai studies as an independent scholarly field and its place within the education system are analyzed.

The authors substantiate innovative approaches to transmitting Abai Kunanbayuly's rich heritage to the younger generation in accordance with contemporary demands, highlighting the specific features of its instruction in higher education and the continuity of teaching the poet's legacy in secondary education. The causes of the existing gap in this continuity and its current consequences are demonstrated and supported with concrete examples.

The article presents both established teaching methods and modern digital technologies for promoting the poet's heritage. The current key directions in teaching Abai Kunanbayuly's works are scientifically grounded, and their methodological foundations are clearly defined. In particular, special attention is given to various interpretations related to the stage-specific features of historicism in studying the poet's legacy, as well as to the pedagogical aspects of teaching the scientific concept of Abai's poetic school formulated by M. O. Auevov. Furthermore, the authors analyze scholarly and methodological studies devoted to teaching the poet's works and provide contemporary interpretations of the most significant of them. The identification of the principal directions in teaching the theoretical foundations of Abai studies determines the relevance of this article.

**Key words:** Abai studies, education system, scientific and theoretical foundations, teaching methodology, literary studies.

### Авторлар туралы мәліметтер

**Әубәкір Жандос Мағазбекұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ҒЗИ, Қазақстан Республикасы, Астана, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1509-5287>, e-mail: kokwe75@mail.ru.

**Ақтанова Айман Советқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Абай академиясы» ҒЗИ, Қазақстан Республикасы, Астана, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0444-5336>, e-mail: aimanaktan71@gmail.com.

### Сведения об авторах

**Аубакир Жандос Магазбекович** – кандидат филологических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева Научно-исследовательский институт «Академия Абая», Республика Казахстан, Астана, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1509-5287>, e-mail: kokwe75@mail.ru.

**Актанова Айман Советовна** – кандидат филологических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева Научно-исследовательский институт «Академия Абая», Республика Казахстан, Астана, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0444-5336>, e-mail: aimanaktan71@gmail.com.

### Author Information

**Zhandos Aubakir** – Candidate of Philological Sciences L.N. Gumilyov Eurasian National University «Abay Academy» Research Institute, Republic of Kazakhstan, Astana, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1509-5287>, e-mail: kokwe75@mail.ru.

**Aiman Aktanova** – Candidate of Philological Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University «Abay Academy» Research Institute, Republic of Kazakhstan, Astana, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0444-5336>, e-mail: aimanaktan71@gmail.com.

*Редакцияға енуі 16.01.2026  
Жариялауға қабылданды 30.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-17](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-17)  
IRSTI:14.35.07

**A.B. Rakhmetzhanova\***, **A.F. Akkaliyeva**  
Shakarim University,  
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20A Glinki str.  
ORCID: 0009-0004-6412-750X  
e-mail: rakhmetzhan13@mail.ru

## IMPROVING THE WRITING SKILLS OF MIDDLE SCHOOL TESOL STUDENTS USING BLOG BASED LEARNING

**Abstract.** This mixed-methods study evaluates the effect of blog-based learning on four specific writing genres – personal narrative, descriptive paragraph, opinion essay, and short fictional story – among middle-school TESOL learners (N = 24). Over a four-week intervention the experimental group (n = 12) completed weekly blog tasks (100–150 words), gave structured peer feedback, and revised posts; a control group (n = 12) followed standard classroom writing activities. Pre- and post-writing tests were scored with a 4-criterion rubric (grammar, vocabulary, coherence, creativity). Quantitative analysis (paired t-tests and mixed ANOVA) showed statistically significant gains in the experimental group across all criteria (see Results). Qualitative analysis of peer comments and revisions corroborated increased engagement and reflective writing practices. The study is based on a mixed-methods approach and was conducted with middle school learners during regular English lessons. Blog-based activities included short written posts, peer comments, and teacher feedback published in an online environment. The effectiveness of the method was evaluated through pre- and post-writing tests, as well as observation and analysis of students' written work. The findings suggest that blog-based learning has a positive impact on students' writing skills and motivation. Learners demonstrated improved confidence in expressing their ideas, greater interest in writing tasks, and increased interaction with peers. The use of blogs also encouraged a more learner-centered and interactive learning environment. The results of the study may be useful for English language teachers seeking practical digital tools to enhance writing instruction at the middle school level.

**Keywords:** blog-based learning, writing skills, TESOL, middle school students, digital technologies in education.

### Introduction

For the purposes of this study, writing tasks are pedagogically classified into four target genres, each with specific instructional goals:

1. Personal narrative – sequencing events, past-tense accuracy, use of temporal markers (first/then/after).
2. Descriptive paragraph – sensory detail and adjectival expansion, nominal groups and appropriate modifiers.
3. Opinion/argumentative text – clear position (thesis), supporting reasons and exemplification, linking devices.
4. Short fictional story – narrative structure (orientation, complication, resolution), characterisation and tense variation.

Each weekly task targeted one genre and included explicit micro-tasks (e.g., underline the topic sentence; use at least five descriptive adjectives; include a concluding sentence). Specifying genres and instructional targets clarifies the intervention's aims and enables reproducible assessment.

In recent years, digital technologies have transformed educational practices, offering new ways to enhance writing instruction. Among these, blog-based learning has gained attention as an interactive and learner-centered approach. Blogs provide a platform where students can publish their written work for a real audience, receive feedback from teachers and peers, and revise their texts based on reflection and constructive suggestions. This continuous cycle of writing, feedback, and revision promotes both linguistic accuracy and creative expression, while fostering autonomous learning habits.

This study explores the effectiveness of blogs in enhancing the writing skills of middle school TESOL students in Kazakhstan. By examining improvements in grammar, vocabulary, coherence, creativity, and engagement, the research aims to provide insights into how digital platforms can be

effectively integrated into language teaching, contributing to both pedagogical practice and students' overall language development.

**Literature Review.** The development of writing skills in TESOL contexts has been widely discussed in recent pedagogical research, as writing remains one of the most demanding language skills for middle school learners. Researchers consistently emphasize that difficulties in writing are often associated with limited exposure to authentic language use, low motivation, and insufficient opportunities for meaningful written communication. As a result, modern approaches increasingly focus on integrating digital tools that support interaction, reflection, and learner autonomy.

Recent international studies highlight the effectiveness of blog-based learning in addressing these challenges. Han, Shin, and Ko [1] demonstrate that blog-based writing instruction positively influences both writing performance and learner motivation, particularly by providing students with a real audience and opportunities for peer interaction. Similarly, Perumal [2] reports that regular blog writing encourages learners to produce longer and more coherent texts while developing greater confidence in written expression. Alsubaie [3] further argues that blogs enhance learner engagement by combining writing practice with collaborative and interactive elements, which are often absent in traditional classroom settings. In addition, Rahman and Yunus [4], in their systematic review, conclude that blogs contribute to the development of writing fluency, critical thinking, and reflective skills, provided that they are supported by clear instructional guidance.

Within the Kazakhstani educational context, a growing number of studies address the role of digital technologies in English language teaching. Suleimenova and Nurgaliyeva [5] examine the use of digital learning environments in teacher education and note that technology-supported instruction encourages more student-centered practices. Akhmeden [6] explores the use of websites for improving writing skills and reports measurable improvements in students' written accuracy and organization. Related research by Abdullina [7] on digital storytelling in EFL classrooms highlights the importance of publishing student work online to enhance motivation and creativity.

Issues of digital literacy are also emphasized in local research. Zhakupova [8] points out that students' ability to work with digital platforms significantly affects the success of technology-based language instruction. Kunanbayeva and Zhetpisbayeva [9] identify common challenges faced by Kazakhstani learners, including writing anxiety and limited exposure to authentic writing tasks, which further justify the need for innovative instructional approaches. Bektasova et al. [10], although focusing on voice blogging, provide evidence that blog-based environments support language development through interaction and feedback.

Overall, the reviewed literature suggests that blog-based learning holds considerable potential for improving the writing skills of middle school TESOL students. However, existing studies also indicate the need for further research focusing on practical classroom implementation and context-specific challenges. Building on these findings, the present study investigates the use of blog-based learning as a tool for enhancing writing skills among middle school TESOL learners, with particular attention to motivation, engagement, and writing quality.

Although many recent studies document the motivational and interactional benefits of blogs (e.g., Han et al., 2023; Perumal, 2023), fewer studies specify how blog-based tasks support genre-specific writing development. Approaches from writing pedagogy (Hyland; Graham & Perin) suggest that explicit instruction in genre features combined with scaffolded practice, modelling and corrective feedback produces measurable gains in accuracy and cohesion. Therefore, the present study integrates blog publishing with explicit genre instruction, structured peer feedback and teacher modelling to test whether this combined approach yields greater improvements than traditional writing practice.

### **Materials and Methods**

This study investigates the effectiveness of blog-based learning in improving the writing skills of middle school TESOL students. **Participants.** Twenty-four voluntary learners (13 female, 11 male; age range 12–14 years,  $M = 13.2$ ,  $SD = 0.7$ ) from Erudit Educational Center, Semey, Kazakhstan, participated. Prior to assignment, all students completed a 30-item placement test (teacher-designed grammar and vocabulary test) to ensure comparable proficiency. Participants were stratified by mean placement score and then assigned to experimental ( $n = 12$ ) and control ( $n =$

12) groups to balance baseline levels. Parents provided written informed consent; learners' identities were anonymised in reporting. The study protocol followed institutional ethical guidelines. The experimental group engaged in blog-based writing activities, while the control group continued with traditional classroom writing exercises. This approach allowed for a realistic educational setting, reflecting common classroom practices in Kazakhstan. The intervention used a class blog on Google Sites configured for the study. Settings: access restricted to class members (private site), students posted under pseudonyms, teacher moderated comments before publication when necessary. Weekly prompts (100–150 words) were posted by the teacher; each student was required to publish one post, comment on at least two peers (2 positives + 1 suggestion), and submit a revised version within 48 hours. Teachers maintained engagement logs. The full list of prompts and teacher instructions is provided in Appendix A. The materials used in the study consisted of a class blog developed on the Google Sites platform, teacher-prepared weekly writing assignments, written task guidelines, and a simple assessment rubric. The Google Sites platform was chosen because it is easy to access and convenient for educational use, allowing students to upload their written work, receive feedback from the teacher, and exchange comments with classmates. The writing assignments were designed to encourage both guided and independent writing practice. Assessment. Writings were scored on a 0–10 scale for four criteria: Grammar, Vocabulary, Coherence, Creativity. Descriptors (short):

\* Grammar (0–3 = frequent errors impeding comprehension; 4–7 = occasional errors; 8–10 = accurate grammar).

\* Vocabulary (0–3 = limited range; 4–7 = adequate); 8–10 = varied and precise).

\* Coherence (0–3 = disordered; 4–7 = some logical sequence; 8–10 = clear paragraphing and cohesive devices).

\* Creativity (0–3 = minimal; 4–7 = some originality; 8–10 = engaging and original).

The full rubric with detailed descriptors for score bands 0–3 / 4–7 / 8–10 is provided in Appendix B.

Scoring reliability. Two independent raters (the author and an experienced EFL teacher) scored all pre- and post-tests. Inter-rater agreement was calculated using Cohen's  $\kappa$  for categorical bands and intra-class correlation (ICC) for total scores. Cohen's  $\kappa$  for each criterion ranged between .72 and .81 (substantial agreement); overall ICC = .86. Discrepancies greater than 1 point were discussed and resolved.

The research procedure consisted of three stages. First, all participants completed a pre-test to assess their baseline writing skills. Second, the experimental group engaged in the blog intervention while the control group continued with standard writing tasks in the classroom. Students in the experimental group published their texts online, read and commented on at least two peers' posts each week, and revised their work according to feedback. Teachers kept records of student engagement, progress, and reflections throughout the intervention. Third, all participants completed a post-test consisting of writing tasks comparable to the pre-test in terms of topic and length.

Data analysis combined quantitative and qualitative methods. Pre- and post-test writings were evaluated using a four-criterion rubric assessing grammar, vocabulary, coherence, and creativity on a 10-point scale. Average scores were calculated for each criterion to determine the improvement in writing skills for both groups. Additionally, qualitative analysis focused on examples of student revisions, peer interactions, and reflective comments, providing insight into how blog-based learning influenced engagement, motivation, and self-confidence in writing.

Procedure. (1) Pre-test: participants completed a baseline writing test (genre: personal narrative, 100–120 words). (2) Intervention (4 weeks): experimental group completed four weekly blog tasks targeting different genres; each week included teacher modelling (10–15 minutes), individual writing (30–40 minutes), publication, peer comments (minimum two), and revision. Control group completed in-class writing tasks with teacher feedback but without peer publishing. (3) Post-test: writing tasks equivalent to pre-test were administered. All writings were anonymised and scored using the rubric.

## Results and Discussion

Descriptive statistics for each criterion (mean  $\pm$  SD) are reported in Table 1.

Table 1 – Pre-and Post-Test Results for Experimenta and Control Groups

Group	Criterion	Pre (M $\pm$ SD)	Post (M $\pm$ SD)	AM	t (df)	p	Cohen's d
<b>Experimental</b>							
Grammar		5.20 $\pm$ 0.84	7.80 $\pm$ 0.76	+2.60	t(11)=6.12	.000	1.77
Vocabulary		5.00 $\pm$ 0.79	7.50 $\pm$ 0.82	+2.50	t(11)=5.48	.000	1.58
Coherence		4.80 $\pm$ 0.88	7.20 $\pm$ 0.80	+2.40	t(11)=5.91	.000	1.70
Creativity		4.50 $\pm$ 0.91	7.00 $\pm$ 0.85	+2.50	t(11)=5.36	.000	1.55
<b>Control</b>							
Grammar		5.10 $\pm$ 0.87	5.80 $\pm$ 0.90	+0.70	t(11)=1.92	.081	0.55
Vocabulary		5.00 $\pm$ 0.83	5.70 $\pm$ 0.88	+0.70	t(11)=1.88	.086	0.54
Coherence		4.70 $\pm$ 0.90	5.50 $\pm$ 0.92	+0.80	t(11)=2.01	.069	0.58
Creativity		4.60 $\pm$ 0.95	5.40 $\pm$ 0.89	+0.80	t(11)=1.97	.073	0.57

For the experimental group, paired-samples t-tests showed significant improvements from pre- to post-test: Grammar (M<sub>pre</sub> = 5.20, SD<sub>pre</sub> = 0.84; M<sub>post</sub> = 7.80, SD<sub>post</sub> = 0.76), t(11) = 6.12, p = .000, Cohen's d = 1.77; Vocabulary (M<sub>pre</sub> = 5.00, SD = 0.79; M<sub>post</sub> = 7.50, SD = 0.82), t(11) = 5.48, p = .000, d = 1.58; Coherence (M<sub>pre</sub> = 4.80, SD = 0.88; M<sub>post</sub> = 7.20, SD = 0.80), t(11) = 5.91, p = .000, d = 1.70; Creativity (M<sub>pre</sub> = 4.50, SD = 0.91; M<sub>post</sub> = 7.00, SD = 0.85), t(11) = 5.36, p = .000, d = 1.55.

A 2 (group: experimental vs control)  $\times$  2 (time: pre vs post) mixed ANOVA revealed significant group  $\times$  time interactions for Grammar, F(1,22) = 14.72, p = .001,  $\eta^2$  = 0.40, and similar significant interactions for Vocabulary, F(1,22) = 12.95, p = .002,  $\eta^2$  = 0.37; Coherence, F(1,22) = 13.88, p = .001,  $\eta^2$  = 0.39; and Creativity, F(1,22) = 11.76, p = .002,  $\eta^2$  = 0.35 (see Table 2 for detailed statistics). These results indicate that the experimental group's gains were significantly greater than those of the control group (Table 2).

Table 2 – Mixed ANOVA Results (Group  $\times$  Time Interaction Effects)

Criterion	F (1,22)	p-value	Partial Eta Squared ( $\eta^2$ )
Grammar	14.72	.001	0.40
Vocabulary	12.95	.002	0.37
Coherence	13.88	.001	0.39
Creativity	11.76	.002	0.35

Students frequently corrected these errors based on peer and teacher feedback, demonstrating an ability to internalize corrective guidance and apply it in subsequent writing tasks. Vocabulary scores similarly improved from 5.0 to 7.5, with students incorporating more diverse and contextually appropriate words and phrases. Observations of their blog posts revealed that learners

began experimenting with descriptive adjectives, transitional phrases, and idiomatic expressions, which contributed to more sophisticated and varied written expression.

Overall, the results demonstrate that blog-based learning can significantly enhance the writing skills of middle school TESOL students. The intervention not only produced measurable improvements in grammar, vocabulary, coherence, and creativity but also fostered engagement, reflective learning, and peer collaboration. These findings highlight the potential of interactive digital platforms in supporting language development and suggest that integrating blog-based activities into regular classroom instruction can provide a meaningful and effective approach to improving student writing.

In terms of grammatical accuracy, students showed noticeable improvement after four weeks of blog-based writing. Average grammar scores increased from 5.2 to 7.8, indicating that repeated practice, peer feedback, and teacher guidance contributed to better application of verb tenses, subject-verb agreement, and sentence structure. This supports the observations of Alyeksyeyeva, Chaiuk, Galitska, and Kovalchuk [3], who emphasize that authentic writing opportunities in online environments allow learners to internalize language rules through iterative feedback and reflective practice. Furthermore, vocabulary development was enhanced, with students incorporating more descriptive adjectives, transitional expressions, and contextually appropriate words. These findings correspond with Liu's research [5], which highlights that exposure to meaningful content in foreign language learning environments fosters lexical expansion and precision.

Coherence, initially a weak area for most students, also improved significantly. Pre-test texts often lacked clear organization, topic sentences, and logical flow. Through the blog platform, learners could observe peer posts, receive comments, and revise their texts accordingly, resulting in better structured and more cohesive compositions. This process reflects the conclusions of Karimova, Ailauova, Nurlanbekova, and Bazylova [10], who note that interactive writing environments encourage students to critically analyze their own work and apply organizational strategies observed in others' texts.

Creativity was another area positively affected by the blog intervention. Students began producing more original narratives, imaginative scenarios, and expressive language, demonstrating increased confidence and motivation. The presence of an authentic audience, along with peer interactions and feedback, provided emotional and cognitive support, encouraging learners to experiment with style and content. Similar results were reported by Yeleussiz and Qanay [8], who highlight that student engagement and originality flourish when learners perceive their work as meaningful and shared within a collaborative digital environment.

Qualitative observations also reinforced these quantitative findings. Students in the experimental group reflected on their writing experiences, noting that reading and commenting on peers' work improved their understanding of effective composition, enhanced motivation, and encouraged iterative revision. These metacognitive benefits align with the research of Zhumaliyeva and Muratkyzy [6], who argue that reflective engagement with authentic tasks fosters both language acquisition and learner autonomy. Similarly, Perizat Yelubayeva, Kudyarova, and Kulzhanbekova [9] emphasize that technology-mediated peer collaboration promotes critical thinking and increases awareness of cultural and linguistic nuances in writing.

Overall, the study confirms that blog-based learning can substantially improve writing skills in middle school TESOL students. Beyond measurable gains in grammar, vocabulary, coherence, and creativity, this intervention also enhanced motivation, engagement, and self-confidence. By combining structured writing tasks, peer interaction, and teacher feedback within a digital environment, students not only developed linguistic competence but also acquired important reflective and collaborative skills. These findings reinforce the value of integrating interactive digital platforms into TESOL instruction, suggesting that carefully designed blog-based activities can complement traditional methods and support holistic language development.

### **Conclusion**

The findings of this study demonstrate that blog-based learning can significantly improve the writing skills of middle school TESOL students. The results of the pre- and post-test analysis

showed noticeable progress in grammar, vocabulary, coherence, and creativity among students in the experimental group.

The use of blogs provided students with an interactive and engaging learning environment, allowing them to practice writing in a meaningful context. Moreover, peer feedback and regular writing practice contributed to the development of their writing competence.

However, the study also highlights the importance of clear methodological guidance, including structured writing tasks and explicit instruction on different types of writing. Future research could explore the long-term effects of blog-based learning and its application to other language skills.

### References

1. Han S., Shin J., Ko Y. The contribution of blog-based writing instruction to enhancing writing performance and motivation of EFL learners // *Frontiers in Psychology*. 2023. – Vol. 14. Art. 1069585. – P. 2-11.
2. Perumal P. D. Blog-based writing and its effects on students' writing performance // *World Journal of English Language*. 2023. – Vol. 13, № 2. – P. 112-121.
3. Alsubaie M. A. Using blogs to enhance EFL learners' writing skills and engagement // *Journal of Language and Linguistic Studies*. 2022. – Vol. 18, № 1. – P. 256–268.
4. Rahman M., Yunus M. A systematic literature review of the impact of blogs on writing skills // *International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development*. 2024. – P. 137-155.
5. Suleimenova G., Nurgaliyeva A. Digital learning environment in training future English teachers in Kazakhstan // *Forum for Linguistic Studies*. 2024. – Vol. 6, № 2. – P. 45–56.
6. Akhmeden D. The effectiveness of using websites to improve the skills of writing in a foreign language // *Bulletin of West Kazakhstan University*. 2024. – P. 82-87.
7. Abdullina M. Digital storytelling in EFL teaching in Kazakhstan // *SDU University Institutional Repository*. 2022. – P. 11-25
8. Zhakupova A. Digital literacy and English language education // *KAZGUU University Repository*. 2025. – P. 1-12.
9. Kunanbayeva S., Zhetpisbayeva B. Challenges faced by Kazakhstani students in English language learning // *Nazarbayev University Repository*. 2021. – P. 1-7.
10. Bektasova A., Zhussupova R., Ismailova A. The effects of voice blogging on upper secondary students' L2 Kazakh speaking performance // *Conscientia Beam Repository*. L. N. Gumilyov Eurasian National University. 2024. – P. 1040-1053.

### Appendix A. Writing Tasks

Students were asked to complete the following writing tasks during the pre-test and post-test:

1. Write a short paragraph (100-120 words) about your favorite place.
2. Describe your daily routine using appropriate linking words.
3. Write a short opinion paragraph: «Why is learning English important?»
4. Describe a memorable event in your life.

### Appendix B. Writing Assessment Criteria

Students' writing was evaluated based on the following criteria:

- Grammar - correct use of grammatical structures.
  - Vocabulary – range and appropriateness of vocabulary.
  - Coherence – logical organization and use of linking words.
  - Creativity – originality and expression of ideas.
- Each criterion was scored on a scale from 1 to 10.

### Appendix C. Blog Topics

During the intervention, students created and responded to blog posts on the following topics:

1. My Favorite Hobby
  2. A Day in My Life
  3. My Dream Vacation
  4. The Importance of Friendship
  5. My Favorite Book or Movie
  6. How Technology Helps Students Learn
- Students were encouraged to comment on each other's posts and provide feedback.

**А.Б. Рахметжанова\***, **А.Ф. Аккалиева**  
Шәкәрім университеті,  
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20А  
ORCID: 0009-0004-6412-750X  
e-mail: rakhmetzhan13@mail.ru

### **ОРТА БУЫН TESOL ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН БЛОГҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ**

**Аңдатпа.** Бұл аралас әдістерге негізделген зерттеу блогқа негізделген оқытудың орта мектеп оқушыларының (TESOL) жазу дағдыларының төрт нақты жанрына – жеке баяндау, сипаттамалық абзац, пікірлік эссе және қысқа көркем әңгіме – әсерін бағалауға бағытталған (N = 24). Төрт апталық эксперимент барысында эксперименттік топтың қатысушылары (n = 12) апта сайын 100-150 сөз көлемінде блог форматында жазба жұмыстарын орындап, құрылымдалған өзара кері байланыс беріп, өз мәтіндерін қайта өңдеді. Ал бақылау тобы (n = 12) дәстүрлі сыныптық жазу тапсырмаларын орындады. Жазбаша жұмыстардың бастапқы және қорытынды нәтижелері төрт критерийден тұратын бағалау рубрикасы арқылы бағаланды: грамматика, сөздік қор, байланыстылық және креативтілік. Сандық талдау (жұптық t-тесттер және аралас дисперсиялық талдау – ANOVA) эксперименттік топта барлық критерийлер бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды өсім бар екенін көрсетті (Results бөлімін қараңыз). Сапалық талдау оқушылардың пікірлері мен түзетулерін зерттеу арқылы олардың белсенділігінің артқанын және рефлексиялық жазу дағдыларының дамығанын растады. Зерттеу аралас әдіснамаға негізделіп, орта мектеп оқушыларымен ағылшын тілі сабақтары барысында жүргізілді. Блогқа негізделген оқыту қысқа мәтіндер жазуды, өзара пікір алмасуды және мұғалімнің онлайн кері байланысын қамтыды. Әдістің тиімділігі бастапқы және қорытынды тесттер, сондай-ақ оқушылардың жазба жұмыстарын бақылау және талдау арқылы бағаланды. Зерттеу нәтижелері блогқа негізделген оқытудың оқушылардың жазу дағдылары мен оқу мотивациясына оң әсер ететінін көрсетті. Оқушылар өз ойларын білдіруде сенімділіктің артқанын, жазу тапсырмаларына қызығушылықтың өскенін және сыныптастарымен өзара әрекеттесудің күшейгенін көрсетті. Сондай-ақ блогтарды қолдану оқушыға бағытталған және интерактивті оқу ортасын қалыптастыруға ықпал етті. Зерттеу нәтижелері орта мектеп деңгейінде жазу дағдыларын дамыту үшін тиімді цифрлық құралдарды іздейтін ағылшын тілі мұғалімдері үшін пайдалы болуы мүмкін.

**Тірек сөздер:** блогқа негізделген оқыту, жазу дағдылары, TESOL, орта буын оқушылары, білім берудегі цифрлық технологиялар.

**А.Б. Рахметжанова\***, **А.Ф. Аккалиева**  
Шәкәрім университет,  
071412, Республика Қазақстан, г. Семей, ул. Глинка, 20А  
ORCID: 0009-0004-6412-750X  
e-mail: rakhmetzhan13@mail.ru

### **ПОВЫШЕНИЕ НАВЫКОВ ПИСЬМА У УЧАЩИХСЯ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ TESOL С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ОБУЧЕНИЯ НА ОСНОВЕ БЛОГОВ**

**Аннотация.** Данное исследование, выполненное с использованием смешанных методов, направлено на оценку влияния обучения на основе блогов на развитие четырех конкретных жанров письменной речи – личного повествования, описательного абзаца, эссе-мнения и короткого художественного рассказа – у учащихся средней школы, изучающих английский язык как иностранный (TESOL) (N = 24). В ходе четырехнедельного эксперимента участники экспериментальной группы (n = 12) еженедельно выполняли письменные задания в формате блогов (объемом 100-150 слов), предоставляли структурированную взаимную обратную связь и редактировали свои тексты, в то время как контрольная группа (n = 12) обучалась в рамках традиционных письменных заданий на уроках. Результаты до- и послетестирования письменной речи

оценивались с использованием рубрики, включающей четыре критерия: грамматика, словарный запас, связность и креативность. Количественный анализ (парные t-тесты и смешанный дисперсионный анализ ANOVA) выявил статистически значимые улучшения в экспериментальной группе по всем критериям (см. раздел Results). Качественный анализ комментариев учащихся и внесенных ими правок подтвердил повышение уровня вовлеченности и развитие рефлексивных навыков письма. Исследование основано на смешанном методологическом подходе и проводилось среди учащихся средней школы в рамках обычных уроков английского языка. Обучение с использованием блогов включало написание коротких текстов, взаимное комментирование и получение обратной связи от преподавателя в онлайн-среде. Эффективность метода оценивалась с помощью до- и послетестирования, а также посредством наблюдения и анализа письменных работ учащихся. Полученные результаты свидетельствуют о положительном влиянии блог-ориентированного обучения на развитие письменных навыков и учебной мотивации учащихся. Учащиеся продемонстрировали рост уверенности в выражении своих мыслей, повышение интереса к письменным заданиям и более активное взаимодействие с одноклассниками. Использование блогов также способствовало формированию более ориентированной на учащегося и интерактивной образовательной среды. Результаты исследования могут быть полезны преподавателям английского языка, заинтересованным в применении практических цифровых инструментов для развития навыков письма у учащихся средней школы.

**Ключевые слова:** обучение на основе блогов, навыки письма, TESOL, учащиеся средней школы, цифровые технологии в образовании.

### Information about authors

**Aisulu Rakhmetzhanova\*** – master student, foreign languages department, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: rakhmetzhan13@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6412-750X>.

**Aizhan Akkaliyeva** – PhD, Senior Lecturer of Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: akkaliyeva.aizhan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6466-9967>.

### Авторлар туралы мәлімет

**Рахметжанова Айсұлу Біржанқызы\*** – «Шәкәрім университеті» КеАҚ шетел және орыс тілдері кафедрасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: rakhmetzhan13@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6412-750X>.

**Аккалиева Айжан Файзрахмановна** – PhD, «Шәкәрім университеті» КеАҚ шетел және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: akkaliyeva.aizhan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6466-9967>.

### Сведения об авторах

**Рахметжанова Айсұлу Біржановна\*** – магистрант 2 курса кафедры иностранных и русских языков НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: rakhmetzhan13@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6412-750X>.

**Аккалиева Айжан Файзрахмановна** – PhD, старший преподаватель НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: akkaliyeva.aizhan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6466-9967>.

*Received 29.01.2026*

*Revised 12.02.2026*

*Accepted 27.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-18](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-18)  
FTAMP: 17.01.45

**Н.Қ. Тлебалдина**

Әлихан Бөкейхан университеті  
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта к-сі, 44  
ORCID: 0000-0001-9041-3105  
e-mail: Nurgul6161@mail.ru

## **РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада рефлексиялық әдістерді қолдану арқылы мектеп оқушыларының өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруда жүргізілетін әдіс-тәсілдер қарастырылды. Өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар, рефлексиялық әдістер оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, өз әрекеттеріне сыни тұрғыдан қарау қабілеттеріне бағытталатындығы сабақ үлгілерін талдау барысында жүзеге асырылып отырылды. Мақаланы жазу барысында Ж.Аймауытовтың тұлғаның өзін-өзі тануы мен саналы әрекеттеріне негізделген идеялары қарастырылды.

Отандық ғалымдарымыз: К.Қожахметова, С.Құнанбаева, Б.Бегелова т.б ғылыми еңбектері және американдық ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

Рефлексиялық әдістердің түрлерін қолдану барысында оқушылардың дағдыларын дамыту үшін жүргізілетін жұмыстар мысалдармен дәйектелді. Рефлексиялық әдістерді білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдану – бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесінде болашақ ұрпақтарымыздың өзін-өзі бағалау алуларында маңызды, заманауи талаптарға сай тиімді бағыттардың бірі болып табылары сөзсіз. Зерттеу барысында рефлексиялық тапсырмаларды жүйелі қолданудың тиімділігі айқындалып, оқушылардың жауапкершілік деңгейін арттыруға ықпалы талданды. Сабақ кезеңдеріне сәйкес қолданылған нақты әдістер сипатталып, олардың нәтижелілігі сарапталды.

«Чек-лист» әдісін ұлыбритандық ғалымдар: Paul Black, Dylan Wiliamнің білім беру тәжірибесіне енгізуінде оқушылардың өзін-өзі бағалауларында сыни тұрғыдан ойлау көзқарастарын қалыптастырудағы алатын орны мысалдармен нақтыланды.

**Тірек сөздер:** рефлексия, өзін-өзі бағалау, кері байланыс, оқу мотивациясы, күтілетін нәтиже, оқу әрекеті, рефлексиялық әдістер.

### **Кіріспе**

Қазіргі білім беру бағдарламасында оқушылардың өзін-өзі бағалау, білімді меңгеру кезінде өз әрекеттерін, білім алуындағы қабілеттерін, оқу процесіне белсенді қатысуы, оқушының тұлғалық дамуы, сыни ойлауы және өзіндік оқу әрекетін ұйымдастыра білу қабілеттерін қалыптастыру, өз әрекетін талдай алуы және жеке нәтижесін әділ бағалауы, рефлексивтік әдістердің түрлерін қолдануға бағытталған жұмыстарды ұйымдастырудың маңыздылығы ерекше болып табылады.

Білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты оқушылардың тек білімді меңгеруі ғана емес, сонымен қатар өз оқу әрекетін талдай білуі, жетістіктері мен кемшіліктерін бағалауы, яғни өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл тұрғыда рефлексиялық әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың және оқу нәтижесін тиімді бағалаудың маңызды құралы болып табылады.

Бүгінгі мұғалімнің басты қызметінде педагогикалық үдерісте қолданылып жүрген рефлексия білім алушыларымыздың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бақылау, жүргізілген жұмыстардың оң мен теріс себептерін анықтау, дер кезінде түзетуге мүмкіндік беріп, оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруда рефлексиялық әдістер де негізгі құрал ретінде қолданылып жүр.

Рефлексия – адамның өз әрекетін, ойлау процесін, жетістіктері мен қиындықтарын талдап, бағалай алу қабілеті. Педагогикалық үдерісте рефлексиялық әдістерді қолдану оқушының өзіндік оқуын басқаруына, оқу нәтижесін сараптауына және жеке даму траекториясын анықтауына мүмкіндік береді. Сондықтан оқыту барысында рефлексия элементтерін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру білім сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Аталған мәселе педагогика және психология ғылымдарында кеңінен зерттелген. Рефлексия ұғымының теориялық негіздері мен тұлғаның өзін-өзі тану мәселелері Лев Выготский, Жан Пиаже, Джон Дьюи еңбектерінде қарастырылған. Ал оқу процесіндегі рефлексия мен өзін-өзі бағалау мәселелерін Дэвид Колб, Бенджамин Блум зерттеулерінен көруге болады. Қазақстандық педагог-ғалымдардың еңбектерінде де оқушының танымдық белсенділігін арттыру, тұлғалық дамуы және өзіндік бағалау дағдыларын қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Білім беру жүйесінде оқушының жасаған жұмысын бағалау арқылы білім беру сапасын жақсарту аламыз. Бағалау-білім беру сапасын жақсарту мақсатында білім алушылардың жетістік деңгейлеріне талдау жасау үрдісі десек, өзін-өзі бағалау-оқушының оқу әрекетін саналы түрде талдап, жеке жетістіктерін, қиындықтарын және даму бағытын анықтауы. Бұл процесс оқушының рефлексия, жауапкершілік және дербестік сияқты тұлғалық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етіп, мектеп тәжірибесінде өзін-өзі бағалаудың негізгі түрлері мен оны жүзеге асыратын әдістер кеңінен қолданылады.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың бағдарламасында: «Білім беру процесінде білім алушылардың белсенділіктерін арттырып, олардың оқу тәжірибесін үнемі талдауға, өзін-өзі бағалауға, жеткен жетістіктері мен қиындықтарын саралай алуға мүмкіндік береді» [1] деп, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқыту және күтілетін нәтижелерін айқындап береді. Аталған оқу бағдарламасы оқушының қабілетін анықтап, өзіндік дағдыларын қалыптастыру үшін өте тиімді екендігін айта кетеміз

Дегенмен, қазіргі білім беру тәжірибесінде рефлексиялық әдістерді жүйелі қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары әлі де толық зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты аталған мәселенің ғылыми және практикалық тұрғыдан маңыздылығы арта түсуде.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы – оқу үдерісінде қолданылатын рефлексиялық әдістердің мазмұнын жүйелеп, оларды оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде тиімді пайдалану жолдарын анықтаумен сипатталады. Сонымен қатар рефлексиялық тәсілдердің оқушылардың оқу мотивациясына, танымдық белсенділігіне және дербес оқу әрекетіне әсері қарастырылады.

Зерттеудің танымдық маңыздылығы – рефлексиялық әдістердің теориялық негіздерін талдау арқылы олардың оқыту үдерісіндегі рөлін айқындау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерін көрсету болып табылады.

Зерттеудің практикалық маңызы – ұсынылған рефлексиялық әдістерді сабақ барысында қолдану арқылы оқушылардың өз оқу жетістіктерін талдау, өз әрекетін бағалау және оқу процесіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, педагогикалық тәжірибеде және әдістемелік жұмыстарда қолдануға болады.

Бүгінгі күндегі мұғалімнің де басты мақсаты тек білім беру ғана емес, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыта отыра өз оқу әрекетіне саналы, сапалы көзқарас қалыптастыра оқытуға бағытталуда. Осыған орай білім беру үрдісінде оқушының өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру өте өзекті болмақ.

### **Материалдар мен әдістер**

Оқушыларға пәндік бағдарламада берілген тақырыптарды меңгерту барысында рефлексиялық әдістерді қолдана отыра өзін-өзі бағалауды тиімді қолдануға бағытталған әдістер қажет етіледі. Ол үшін ең алдымен сабақ барысында қолданылатын рефлексиялық үдеріске деген оқушылардың қызығушылығын арттыра отыра, рефлексияның маңыздылығын, өз әрекеттерін талдау, өзін-өзі бағалай алу, жіберілген қателіктерін түзете алу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық ойлауды дамыту, проблемалық жағдайларды, ғылыми мәселелерді өз бетінше шеше алу т.б қалыптастыру керек екендігін түсіндіру қажет. Сараланған дағдылар оқушылардың өзін-өзі бақылай, бағалай алуға, жаңа оқу материалын түсініп қабылдау, түзетуге, білім деңгейіне, қабілетін анықтауға, мінез-құлқының талыптасуы мен танымдық белсенділіктерін арттыруға жол ашуда өте маңызды болмақ.

Рефлексияны сабақта қолдану оқушының тек нәтижесі туралы емес, бүкіл оқу әрекеті туралы ойлануына, өз жетістігін сезінуіне және кемшіліктерін анықтап, келесі қадамды жоспарлауына мүмкіндік беретін әдіс деп айтсақ та болады.

Жалпы, рефлексия ұғымына ғалымдарымыздың тарапынан берілген анықтамаларда адамның өзін тану әрекеттері мен білімді саналы түрде қабылдап, ұғынып, қабылдаған білімді ізденіспен жетілдіруге бағытталған жұмыстарға негіздеу арқылы ойталқыдан өткізу деген ұғым негізінде қабылдаймыз. Ал педагогикалық түсіндірме сөздікте «рефлексия» адамның іс әрекетіне бағытталған, оның заңдылықтарын зерделеуге бағытталған теориялық сипаттағы іс-әрекет формасы екендігіне анықтама берілген [2].

Рефлексиялық әдістерді қолдану арқылы өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жұмысын жүйелі түрде қолдану оқытылатын материалдарды оқушылардың жақсы меңгеру деңгейінің, берілген білімді жүйелі игерудің жоғарғы деңгейіне жетуге ықпал ете алатыны сөзсіз. Өзін-өзі дұрыс бағалай білген оқушы ғана өз қателіктерін анықтап, жіберген қателерін түзету жолдарын қарастырады, іздейді, нәтижесінде оқу сапасының артуына ықпал етеді. Сол себепті де рефлексиялық әдістерді оқытуда жоспарлы, жүйелі енгізу арқылы өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Тәжірибе барысында байқағанымыздай оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдылары әлі де жеткілікті дәрежеде қалыптаса қоймағандығы байқалады. Олай дейтініміз оқушылардың көбі өз білімін мұғалімнің бағалауымен ғана шектеп, өз әрекеттеріне талдау жасауға дағдыланбаған. Осы мәселелерді шешуде рефлексиялық әдістерді қолданудың маңызы ерекше.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын рефлексия арқылы қалыптастыру кезінде педагог-психолог Ж. Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде негіздегенін айта кетуіміз керек. Ж. Аймауытов оқушыны білім алуда пассивті қабылдаушы емес, оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастырған.

Ж. Аймауытов: «Білім беру тек дайын ақпаратты жеткізу емес, керісінше, оқушыны ойлануға, өз іс-әрекетін саралауға, қорытынды жасауға жетелеуі тиіс» [3] деген тұжырым жасап, рефлексиялық әдістер оқушының саналы ойлауын қалыптастыратын негізгі құрал екендігін айтады.

Ғалым тұлғаның дамуы өзін-өзі тану, өз іс-әрекетін талдау және саналы қатынас арқылы жүзеге асатынын атап көрсеткен қағидалары қазіргі рефлексиялық оқыту әдістерімен үндестік табуда.

Сабақ барысында берілген тапсырма аяқталған соң оқушыларға төмендегі рефлексиялық сұрақтар жазылған парақ ұсынуға болады:

- «Сабақта қандай қиындықтар кездесті?»
- «Мен бүгінгі сабақта нені жақсы түсіндім?»
- «Келесі сабақта нені жақсартуым қажет?»
- «Қандай тапсырманы өз бетімше орындай алдым?»
- «Нені жақсартуым керек еді?»

Бұл берілген сұрақтар оқушының оқу әрекетін саналы түрде талдауына, жетістігі мен әлсіз тұстарын анықтап алуына мүмкіндік беріп, рефлексия арқылы жүзеге асады.

Аптаның соңында оқушыларға қысқа жазба алуды дағдыға айналдырған жөн.

- «Осы аптада мен нені үйрене алдым?»
- «Қай тапсырма мен үшін пайдалы болды?»
- «Келесі аптада нені жақсартуым керек?»
- «Не бағалану қажет?»
- «Қандай білімімді бағалауыма назар аударамын?»
- «Қандай әдіс-тәсілдер арқылы бағалағаным мен үшін тиімді болмақ?»
- «Сабақ барысында өсу, даму деңгейім қандай болды?»

«Топ жұмысын орындау кезінде менің қосқан жеке үлесім қандай болды?»

«Алдағы уақытта білімді игеруімде жетістіктерге жету үшін қай жағынан дамуым қажет етіледі?»

«Берілген тапсырманы орындау барысында өзімді қалай сезіндім?»

«Сабақта қолданылған қандай әдіс-тәсіл мен үшін тиімді болды? Тиімді болса, неліктен?» бұл рефлексиялық күнделік оқушылардың жауапкершілігін, өзін-өзі бағалау дағдысының артқанын бақылауды көрсетуге бағытталған ең қолайлы әдістердің бірі болып саналады.

Рефлексиялық әдістерді қолдану арқылы өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруда оқушылар өз жетістіктері мен кемшіліктерін түсініп, іс үстінде ойлана отыра шешім қабылдау, өзіндік бағалау мен өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыра аламыз.

Өзін-өзі бағалау дағдысын жүзеге асыру кезінде мұғалім бағалаудың қағидасын толық басшылыққа алуы шарт. Бағалау қағидасы толық жүзеге асырылған кезде сабақта бағаланбай қалған оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті айтып беру, оған қатысты өз пікірлерін білдіру сұрақтары оқушының сөйлеу, сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік беріп, тұлғалық дағдыларын дамытуға бағыттайды.

К. Қожахметованың «Тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы» атты еңбегінде: «Тұлғалық-бағдарлы оқытуда рефлексия оқушының тек білімді меңгеру құралы емес, оның ішкі «Менің» қалыптастыратын маңызды үдерісі» [4] деп тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзіндік дамуы, өз іс-әрекетін, сезімін, ойлау тәсілдері екенін анықтап ұсынады.

Тұлғалық-бағдарлы жүзеге асыра оқыту кезінде рефлексия мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың орнауы, оқушының оқу үрдісінің белсенді қатысушы ретінде болуы, ішкі мотивациясының артуы, шығармашылық қабілеттерінің дамуы, өмірлік құндылықтар мен жеке ұстанымдарының артуына ықпал ететіндігін көреміз.

#### **Нәтижелер және талқылау**

Рефлексиялық әдістерді сабақта жүйелі қолдану оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларының қалыптасуына оң ықпал ететіндігі тапсырмаларды орындау кезінде көрінеді. Сабақ барысында рефлексияға бағытталған тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар өз әрекеттерін талдауға дағдыланып, қалыптасады.

Рефлексиялық әдістерді оқыту кезінде қолданудың тиімділігін зерттеген ғалым Ю. Бабанский: «Оқыту әдістерін оңтайландыру теориясында оқушының өз әрекетін бақылауы мен бағалауы білім нәтижесінің сапасын арттырады» [5] деген дәлелі рефлексиялық әдістердің білім алушы тұлғаны қалыптастырудағы және оқу үдерісін жетілдірудегі маңыздылығын көрсетеді.

Яғни, оқушылар өздерінің жеткен жетістіктерін талдай отырып, сабақта қолданылған қандай тәсіл тиімді болғанын, тапсырма орындауда қандай қателіктер жіберіп алғандары мен кемшіліктерін айқындайды, нені өзгерту қажет екенін анықтай отыра, оқуға деген жауапкершіліктерін күшейтеді.

«Қазіргі білім беру теориясы» атты ғылыми еңбектің авторы С. Құнанбаева: «Қазіргі білім беру үдерісінің басты мақсаты білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өз оқу әрекетін саналы түрде ұйымдастыра алатын тұлға ретінде қалыптастыру керек» [6] екендігі туралы пікірі құзыреттілікке негіздеп, рефлексияға сүйене отырып оқытудың маңыздылығына бағыттайды.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша өткізілетін бір сабақтың үлгісін мысал ретінде ұсынамын. Сабақтың бөлімі: «Қазіргі қоғам: Миграция және зияткерлік миграция». Сабақтың тақырыбы «Ішкі миграция».

Сабақтың мақсаты: Ғылыми стильдегі интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау, таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, мақала, интервью жазу. Тақырыпқа сәйкес экологиялық теңсіздікке қоныс аудару мәтінін оқушыларға таныстырып, оқытамыз. Оқушылар мәтінді түсініп оқығаны үшін бір баллдық жүйемен «Стикер әдісі» арқылы бағаланады.

Сабақ барысында орындалатын тапсырмалар жүйесі төмендегідей:

1-тапсырма. Жұптық жұмыс.

Мұқағали Мақатаевтың «Ұят болды-ау» өлеңінен алынған үзіндіні негізге алып, ауылдан қалаға жаппай көшу процесінің ел экономикасына әсері туралы сөзталастыру тапсырмасын орындауда өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жұмысын негізге ала отырып «Сэндвич» тәсілін қолданамыз.

1. Қолдаймын: Себебі: қаланың тұрмыс-тіршілігі ауылдан әлде қарағанда жеңіл болғандықтан, қалаға көшуді жөн деп санаймын.

2. Қолдамаймын: Себебі: Ауыл тіршіліктің бастауы болған құтты мекен. Батыр да, дана да, ғалым да сол ауылда, туып қанатын көкке жаяды. Ауылдың бізге берер бақыты мен мүмкіндігін бағалап, қадірлей алуымыз керек.

3. Ортақ шешім:

Бұл «Сэндвич» тәсілі оқушылардың өзін-өзі бағалауда өз жұмысына сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылығын дамытуға, жан-жақты көзқараспен қарауға және кері байланыс беруге үйретеді.

1-тапсырманы орындап болғаннан кейін берілетін рефлексиялық сұрақтар: «Осы тапсырманы орындау үшін қандай дағдыларды қалыптастыруға болады екен?»

«Сынып оқушылары тапсырманы толық орындай алды ма, орындай алмаса, себебі қандай?»

«Сабақтың жақсы өтуіне ықпалын тигізетін үш нәрсе ұсыныңыз?»

«Сабақ кезінде сыныптастарыңа қолдау көрсете алдыңыз ба, қандай әрекет жасадыңыз?»

2-тапсырма. Білікті мамандардың шетелге кетуін азайту үшін қандай шаралар жасалуы керек? Үлгіні жалғастырып, сөзталас өткізіндер. Өз ойларыңды ортаға салып, пікір таластырыңдар. Бұл тапсырманы орындауда біз өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жұмысын негізге ала отырып «ПОПС» формуласы, сөзталас және өзін-өзі бағалау әдістерін қолданамыз.

1-кезең. Сұрақ (жеке ойлану):

Білікті мамандардың шетелге кетуін азайту үшін қандай шаралар жасалуы керек?

Жауап (ПОПС формуласы бойынша)

П – ұстаным (менің ойымша):

Менің ойымша, білікті мамандардың шетелге кетуін азайту үшін мемлекет еңбек пен өмір сүру жағдайын жақсартуы керек.

О – негіздеу (себебі):

Себебі мамандар өз еңбегінің әділ бағаланғанын, тұрақты жалақы мен кәсіби дамуға мүмкіндік болғанын қалайды.

П – мысал:

Мысалы, егер жас мамандарға жоғары жалақы, тұрғын үй бағдарламалары мен мансаптық өсу мүмкіндігі берілсе, олар шетелге кетпей, ел ішінде жұмыс істер еді.

С – қорытынды:

Сондықтан мемлекет пен қоғам бірігіп, білікті мамандарды елде ұстап қалуға жағдай жасауы қажет.

Бұл тапсырманы орындауда рефлексиялық өзін-өзі бағалау, талдау негізінде орындалады.

«ПОПС» формуласы бойынша жауап бердім

«Өз ойымды дәлелді жеткізе алдым»

«Пікірталасқа қатыстым»

«Қарсы пікірге жауап бере алдым»

«Сөйлеу мәдениетін назарда ұстадым»

3-тапсырма.

Ішкі миграция мәселесіне қатысты толтырылатын іс қағаздардың үлгілерін тауып, жазыңдар. Бұл тапсырманы орындауда біз өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жұмысын негізге ала отырып «Чек-лист» тәсілін қолданамыз.

Ішкі миграцияға қатысты іс қағазының үлгісі:

Өтініш

Мен, \_\_\_ (аты-жөнін толық жазу),

Қызылорда облысынан Абай облысы, Семей қаласына жұмысқа орналасу мақсатында көшіп келдім.

Осыған байланысты мекенжайы бойынша уақытша тіркеуге қоюыңызды сұраймын.

Қоса тіркелді: жеке қуәлік көшірмесі.

Күні: \_\_\_\_\_

Қолы: \_\_\_\_\_

Бұл тапсырманы орындағаннан кейін оқушы өз жұмысын төмендегі «Чек-лист» әдісі арқылы бағалайды:

Өтініштің құрылымын дұрыс сақтадым

Ішкі миграция тақырыбы нақты көрінді

Ресми стильді қолдандым

Ойды қысқа әрі түсінікті жеткіздім. Егер барлық тармақтар орындалса, тапсырма толық және сапалы орындалды деп есептеледі. Бұл «Чек-лист» тәсілі оқушылардың өзін-өзі бағалауда өз жұмысына сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылығын дамытуға, жан-жақты көз қараспен қарауға және конструктивті кері байланыс беруге үйретеді.

4-тапсырма.

«Ішкі миграция – қоғам өмірінің айнасы» тақырыбында статистикалық деректердің көмегі мен өзіндік тұжырым жазындар. Бұл тапсырманы орындауда өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жұмысын негізге ала отырып «Өзіндік рефлексия парағы» тәсілін қолданамыз.

Статистикалық деректер: Қазақстандағы ішкі миграция соңғы жылдары белсенді дамуда. 2024 жылы шамамен алты жүз елу мың адам басқа облысқа немесе қалаға көшкен. Оның 60%-ы жұмыс, 25%-ы оқу, 15%-ы отбасылық жағдай бойынша. Ең көп қоныс аударған өңірлер: Алматы, Астана, Шымкент қалалары. Бұл көрсеткіштер қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық жағдайларды көрсетеді.

Өзімнің тұжырымым:

Ішкі миграция – қоғам өмірінің айнасы. Адамдардың қоныс аудару себептері әлеуметтік теңсіздік, жұмыс пен білімге қол жетімділікті көрсетеді. Қалалар мен ауыл арасындағы айырмашылықтарды азайту үшін инфрақұрылым мен қызмет көрсету сапасын жақсарту маңызды. Бұл тапсырманы орындағаннан кейін оқушы «Чек-лист» әдісі арқылы өзін-өзі бағалайды.

Бұл тәсіл 1998 жылы Ұлыбританияда Paul Black пен Dylan Wiliamның «Assessment and Classroom Learning» атты ғылыми еңбегінде негізделіп, білім беру тәжірибесіне енгізілді. Авторлар зерттеу барысында оқушының өз оқу әрекетін бағалауы оқу сапасын арттыратынын дәлелдеп, «Чек-лист» әдісін қалыптастырушы бағалаудың тиімді құралы ретінде ұсынды.

P. Black пен D. Wiliamның зерттеулерінде: «Рефлексия мен өзін-өзі бағалау, кері байланыс, өзара, өзін-өзі бағалау әдістерін үнемі тұрақты түрде қолданылған сыныптарда оқушылардың жауапкершілік деңгейі мен танымдық белсенділіктері артады» [7] деген тұжырымдамасы оқушылардың өз қателерін түсініп, түзетулері мен тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйретері анық.

Мысалы, рубрика арқылы өзін-өзі бағалау кезінде оқушы өзін-өзі мұғалімнің берген критерлері бойынша өзі бағалау ұсынылады.

Онда мазмұнның толықтығы, дәлелдер келтіру, жұмыстың құрылымы т.б критерилерді ұсына алады.

Бұл тәсіл 1980-1990 жылдары АҚШ-та кеңінен таралып, оқу жүйесінде қолданыла басталуы өзін-өзі бағалаудың тиімді тәсілі болып саналады.

Сабақта берілген өзіндік рефлексия парағына жазған оқушының ықтимал жауабын мысал ретінде ұсынып отырмыз.

Менің ойым:

Мен статистикалық деректерді қолданып, ішкі миграция тақырыбын аштым. Өз тұжырымымды нақты жазуға тырыстым.

«Не жақсы шықты?»

«Деректер нақты берілді, тұжырым қысқа және түсінікті болды».

«Нені жақсартуға болады? «Ел ішіндегі көші-қон мәселесін жақсартуға қандай жағдай жасау керек?»».

Қорытынды: Мен тапсырманы орындай отырып, «Ішкі миграция» тақырыбын түсініп, өз пікірімді жазуды үйрендім.

Бұл «Өзіндік рефлексия парағы» тәсілі оқушылардың өзін-өзі бағалауда өз жұмысына сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылығын дамытуға, жан-жақты көз қараспен қарауға және конструктивті кері байланыс беруге үйретеді.

Бұл тәсіл педагогикада ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Ғылыми негізін 1976 жылы АҚШ-та Donald Schön өзінің «Reflective Practitioner» еңбегінде көрсетті. Donald Schön: «Рефлексия кәсіби ойлаудың өзегі. Мұғалім, дәрігер, инженер т.б дайын ережелерге сүйеніп қана қоймай, әрекет үстінде және әрекеттен кейін ойлана отырып үйренуі қажет» –[8] дей келе, кәсіби тәжірибеде өзін-өзі бағалау мен рефлексияның маңызды екенін дәлелдеді. Кейін бұл тәсіл оқушылар үшін бейімделіп, мектеп пен колледжде оқу процесінде қолданылатын құралға айналды. Бұл әдіс оқушының оқу әрекетін саналы түрде талдауға, өз жетістіктерін бағалауға және білімді тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін педагогикалық құрал.

Американдық зерттеуші D. Boud: «Рефлексияға негізделген өзін-өзі бағалау оқушыға өз оқу нәтижесін алдын-ала белгіленген критерийлермен салыстырып, жетістігі мен олқылығын анықтауға мүмкіндік беріп, өзін-өзі бағалау парақтары мен рефлексиялық кестелерді жүйелі қолдану бұл дағдының қалыптасуына тікелей әсер етеді» [9] деп, өзін-өзі бағалауды оқу үдерісіне белсенді қатысуының негізгі шарты ретінде қарастырады.

Қазақстандық ғалым Б.Бегелованың еңбегіне сүйенсек: «Оқушылардың рефлексиялық қабілеттерін дамыту мен білім сапасын арттырудың маңызы зор. Рефлексия арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жағдайларда ғана нәтижелі қалыптасады. Сол себепті оқу үдерісінде рефлексиялық портфолио, пікір алмасу және өзіндік талдау тапсырмаларын жүйелі енгізу, оқу әрекетіне саналы көзқарас қалыптастырады» [10] деген тұжырымы рефлексиялық іс-әрекетке үйренген оқушылардың пікір алмасу, өзіндік талдау тапсырмаларды жүйелі орындауларының қалыптасуына ықпал ете алатынының дәлелі.

«Рефлексиялық эссе», «Ауызша кері байланыс», «Бағдаршам», «Білмедім, енді білемін», «Синквейн», «Эмоция ағашы» т.б түрлері оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеру деңгейі, материалды жеңіл қабылдаулары, қиналатын тұстарын білуде өте тиімді болса, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі өзін-өзі бағалауға үйрететін әдіс болып саналады. «Қойын дәптер», «Борт журналы», әдістері оқушыны ойландыруға, тың ойларын жазуға ыңғайлы. Өзін-өзі бағалауға арналған кез келген әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде күтілетін нәтижелер оқушыларға түсінікті әрі нақты болған жағдайда бағалау жұмыстары өз нәтижесін береді. Ал мәтінмен жұмыс жүргізу, мәтін талдау кезінде «INSERT» әдісі тиімді болмақ. Бұл рефлексиялық әдістер тұлғааралық қарым-қатынасты орнатып, оқудағы қажеттіліктерін қанағаттандырады, өз-өзіне сенімін арттырады, оқушы мотивациясын арттырады.

Нәтижелер және талқылау жұмысы жалпы білім беретін мектептің оқу үдерісінде оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруда рефлексиялық әдістерді қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында педагогика және психология ғылымдарындағы рефлексия, өзін-өзі бағалау және тұлғалық даму мәселелеріне қатысты теориялық еңбектер талданды.

Рефлексия мен танымдық даму теориялары D. Boud, D. Schön, P. Black пен D. Wiliam, Ю.Бабанский, отандық ғалым Б.Бегелованың еңбектерінде қарастырылып, зерттеу жұмысының теориялық негізі ретінде пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрды:

**1-кезең–дайындық кезеңі.** Бұл кезеңде зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау жасалып, рефлексиялық әдістердің теориялық негіздері қарастырылды. Сонымен қатар оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында бақылау және сауалнама жүргізілді.

**2-кезең – тәжірибелік кезең.** Аталған кезеңде сабақ барысында рефлексиялық әдістер жүйелі түрде қолданылды. Атап айтқанда, «Бүгін мен не үйрендім?», «Екі жұлдыз, бір

тілек», «Бағдаршам», «Смайлик арқылы бағалау», «Ой толғау» т.б сияқты әдістер пайдаланылды. Бұл әдістер оқушылардың өз оқу әрекетін талдауға, жетістіктерін бағалауға және оқу нәтижесін сараптауға мүмкіндік берді.

**3-кезең – қорытынды кезең.** Зерттеу нәтижелері талданып, рефлексиялық әдістерді қолданудың тиімділігі анықталды. Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларының даму деңгейі салыстырмалы түрде бағаланып, алынған нәтижелер қорытындыланды.

Зерттеу барысында келесі ғылыми әдістер қолданылды:

- **теориялық әдістер** – ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру, жүйелеу;
- **эмпирикалық әдістер** – бақылау, сауалнама, педагогикалық эксперимент;
- **талдау әдістері** – алынған нәтижелерді салыстырмалы түрде талдау және қорытындылау.

Бұл әдістер зерттеу мәселесін жан-жақты қарастыруға және рефлексиялық әдістердің тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу барысында рефлексиялық әдістерді жүйелі қолдану оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларының қалыптасуына оң әсер ететіні анықталды. Сабақ барысында рефлексия элементтерін енгізу оқушылардың оқу материалын саналы меңгеруіне, өз жетістіктері мен қиындықтарын анықтауына және оқу әрекетіне жауапкершілікпен қарауына ықпал етті. Сонымен қатар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, өз ойын еркін білдіру және өз нәтижесін бағалау дағдылары дамыды. Бұл өз кезегінде олардың танымдық белсенділігінің артуына және оқу үдерісінің тиімділігінің жоғарылауына мүмкіндік берді.

### **Қорытынды**

Жоғарыда келтірілген нақты тәжірибелік мысалдар мен ғалымдардың ғылыми зерттеулері көрсеткен рефлексиялық әдіс түрлері оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруына, оқушы өз оқуын, мүмкіндіктерін түсініп реттей алуына, жеке жауапкершілік, оқу мотивациясының артуына, терең білім алу, түсінік пен дағды, пәнге деген қызығушылық, уәж, оқуды анағұрлым сапалы меңгерулеріне жол ашатыны нақтыланды.

Рефлексияға арналған ғылыми тұжырымдамалар оқушының өзіндік дамуына оң әсер ететіндігін қарастырылды.

Атап айтқанда, Б. Бегалова ұсынған рефлексиялық портфолио, пікір алмасу, өзіндік талдау, бағалау тапсырмаларын жүйелі орындау оқушылардың оқу жетістігін адал бағалауға жол ашатынын нақтылса, Donald Schönның оқу әрекетін бағалау сабақ үстінде және сабақтан кейін жүзеге асыру арқылы ғана оқушының өзін-өзі бағалау қабілеті тұрақтанатыны туралы тұжырымдары қарастырылып, тиімділіктері анықталды.

Қолданылған рефлексиялық әдістер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу үрдісін саналы түрде қабылдауларына жол ашатындығы сабақ үлгісін берумен нақтыланды.

Өзін-өзі бағалау дағдылары жақсы қалыптасқан оқушыларымыз білім алу барысында достарына тәуелді болмай, өз дамуын өзі реттей алатын, алдына мақсат қоя білетін және айналасына жауапкершілікпен қарай алатын жеке тұлға болып қалыптаса алатындығы мысалдармен ұсынылды.

Тәжірибеміз көрсеткендей, рефлексиялық әдістерді білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдану – бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесінде болашақ ұрпақтарымыздың өзін-өзі бағалай алуларында маңызды бағыттардың бірі болып табылары сөзсіз.

Дегенмен, сабақ барысында кейбір оқушыларға өзін-өзі бағалау жұмыстарын қабылдауда аздаған қиындықтар туындағаны байқалды. Бұл қиындықтар озық технологияларды, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін, рефлексиялық әдістерді жүйелі, жоспарлы түрде қолдана алу нәтижесінде біртіндеп жойылды.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқытудың жаңа бағдарламасы. 2016-2017 жж. ҚР БҒМ бекіткен жаңартылған білім беру бағдарламасы. – Алматы, 2016.

